

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зияткерлік меншік саласындағы заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 24 қарашадағы № 725 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне электр энергетикасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Жоба

Б. Сағынтаев

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зияткерлік меншік саласындағы заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 16-17, 642-құжат; № 23, 929-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 10, 244-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 23, 309-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 10, 102-құжат; 2003 ж., № 1-2, 7-құжат; № 4, 25-құжат; № 11, 56-құжат; № 14, 103-құжат; № 15, 138, 139-құжаттар; 2004 ж., № 3-4, 16-құжат; № 5, 25-құжат; № 6, 42-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 21-22, 87-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 4, 24, 25-құжаттар; № 8, 45-құжат; № 11, 55-құжат; № 13, 85-құжат; 2007 ж., № 3, 21-құжат; № 4, 28-құжат; № 5-6, 37-құжат; № 8, 52-құжат; № 9, 67-құжат; № 12, 88-құжат; 2009 ж., № 2 -3, 16-құжат; № 9-10, 48-құжат; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 3-4, 12-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50, 53-құжаттар; № 16, 129-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 13, 14, 15-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 12, 85-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 92-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 4, 21-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 15, 82-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 4 -5, 24-құжат; № 11, 61, 69-құжаттар; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122 -құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 7, 34-құжат; № 8, 42, 45-құжаттар; № 13, 68-құжат

; № 15, 78-құжат; № 19-I, 100-құжат; № 19-II, 102-құжат; № 20-VII, 117, 119-құжаттар; № 22-I, 143-құжат; № 22-II, 145-құжат; № 22-III, 149-құжат; № 22-VI, 159-құжат; № 22-VII, 161-құжат; 2016 ж., № 7-I, 49-құжат; № 7-II, 53-құжат; № 8-I, 62-құжат):

1) 897-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"897-1. Кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты бойынша зияткерлік меншік объектісін пайдалануға құқық беруді тіркеу

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелген пайдалы модельдерді, өнеркәсіптік үлгілерді, селекциялық жетістіктерді, интегралдық микросхемалар топологияларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелген немесе халықаралық шарттарға орай тіркеусіз қорғалатын өнертабыстарды, тауар белгілерін, қызмет көрсету белгілерін пайдалануға құқық беру кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты бойынша сараптама ұйымында тіркелуге жатады.";

2) 966-баптың 2-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) лицензиардың зияткерлік меншік объектісін пайдалану мүмкіндігін сақтамай және басқа тұлғаларға лицензия (айрықша лицензия) беру құқығынсыз оны пайдалану құқығын;"

3) 991-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Патент алу құқығы туындайтын өнертабысқа, пайдалы модельге, өнеркәсіптік үлгіге қойылатын талаптар, сараптама ұйымының оны беру тәртібі заңнамалық актіде белгіленеді.";

4) 998-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасының аумағында сараптама ұйымы берген өнертабысқа, пайдалы модельге және өнеркәсіптік үлгіге патенттер қолданылады.";

5) 999-бапта:

1-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Патент сараптама ұйымына өтінім берілген күннен бастап қолданылады және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген талаптар сақталған кезде:";

1) тармақшаның екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қолданылуы үшін Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен рұқсаттар алу талап етілетін дәрілік затқа, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техникаға, пестицидке (ұлы химикатқа) жататын өнертабысқа қатысты айрықша құқықтың және осы құқықты куәландыратын патенттің қолданылу мерзімі патент иеленушінің өтінішхаты бойынша, бірақ бес жылдан аспайтындай етіп ұзартылуы мүмкін.";

2), 3) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"2) пайдалы модельге патент – бес жыл бойы күшін сақтайды. Патенттің қолданылу мерзімін сараптама ұйымы патент иеленушінің өтінішхаты бойынша, бірақ үш жылдан аспайтындай етіп ұзартуы мүмкін;

3) өнеркәсіптік үлгіге патент – он бес жыл бойы күшін сақтайды. Патенттің қолданылу мерзімін сараптама ұйымы патент иеленушінің өтінішхаты бойынша, бірақ бес жылдан аспайтындай етіп ұзартуы мүмкін.";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Өнертабысты, пайдалы модельді, өнеркәсіптік үлгіні қорғау сараптама ұйымына өтінім берілген күннен бастап қолданылады. Құқықтарды қорғау патент берілгеннен кейін жүзеге асырылуы мүмкін. Патент беруден бас тартылған жағдайда қорғауға алынбады деп есептеледі.";

6) 1000-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"1000-бап. Патенттік құқықтарды беру туралы шарт

Патенттік құқықтарды беру туралы шарт жазбаша нысанда жасалуға тиіс. Жазбаша нысанның сақталмауы шарттың жарамсыздығына әкеп соғады.

Шарт бойынша патенттік құқықтарды беру сараптама ұйымында тіркелуге жатады. Тіркеу туралы талаптардың сақталмауы мұндай өткізіп берудің жарамсыздығына әкеп соғады.";

7) 1001-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Өнертабысты, пайдалы модельді, өнеркәсіптік үлгіні пайдалануға лицензиялық шарт пен қосалқы лицензиялық шарт жазбаша нысанда жасалады. Жазбаша нысанның сақталмауы шарттың жарамсыздығына әкеп соғады.

Лицензиялық пен қосалқы лицензиялық шарт бойынша өнертабысты, пайдалы модельді, өнеркәсіптік үлгіні пайдалануға құқық беру сараптама ұйымында тіркелуге жатады. Тіркеу туралы талаптардың сақталмауы мұндай берудің жарамсыздығына әкеп соғады.";

8) 1002-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Патент иесі кез келген тұлғаға өнертабысты, пайдалы модельді, өнеркәсіптік үлгіні пайдалануға лицензия (ашық лицензия) алу құқығын беру туралы сараптама ұйымына өтініш бере алады.";

9) 1011-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"1011-бап. Селекциялық жетістікке патенттің қолданылу мерзімі

Селекциялық жетістікке патенттің қолданылуы сараптама ұйымына өтінім берілген күннен басталады және жиырма бес жыл бойына жалғасады.

Селекциялық жетістіктердің жекелеген түрлері үшін патентті қолданудың неғұрлым ұзағырақ мерзімі, сондай-ақ оларды сараптама ұйымының ұзарту мүмкіндігі селекциялық жетістіктер туралы заңнамалық актілермен белгіленуі мүмкін.";

10) 1015-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Интегралды микротәсім топологиясының авторы немесе өзге де құқық иесі сараптама ұйымына өтінім беру жолымен топологияны тіркеуге құқылы.";

11) 1020-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Егер бір заңды тұлғаның фирмалық атауы басқа заңды тұлғаның немесе жеке тұлғаның тауар таңбасына (қызмет көрсету таңбасына) ұқсас немесе онымен араласып кету дәрежесіне дейін бірдей және осындай ұқсастық пен бірдейліктің нәтижесінде тұтынушыларды жаңылыстыруы мүмкін болса, онда айрықша құқығы ерте пайда болған дараландыру құралы (фирмалық атау, тауар таңбасы, қызмет көрсету таңбасы) басымдыққа ие болады. Осындай дараландыру құралының иеленушісі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен біртектес тауарларға немесе көрсетілетін қызметтерге арналған тауар таңбасына (қызмет көрсету таңбасына) құқықтық қорғау беруді жарамсыз деп тануды не фирмалық атауды пайдалануға тыйым салуды талап етуге құқылы.";

12) 1024-баптың 1-тармағының үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Егер бір заңды тұлғаның немесе жеке тұлғаның тауар таңбасы (қызмет көрсету таңбасы) басқа заңды тұлғаның фирмалық атауына ұқсас немесе онымен араласып кету дәрежесіне дейін бірдей және осындай ұқсастық пен бірдейліктің нәтижесінде тұтынушыларды жаңылыстыруы мүмкін болса, онда осы Кодекстің 1020-бабының 4-тармағында көзделген ережелер қолданылады.";

13) 1025-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Тауар белгісіне құқықты иеленушінің өзіне тиесілі белгіні пайдалануға және оған иелік етуге айрықша құқығы бар. Тауар белгісі иелерінің оны пайдалануға айрықша құқықтарын тауар белгісінің ерекшелену қабілетіне зиян келтіруі мүмкін талаптарымен шектеуге жол берілмейді.";

14) 1026-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"1026-бап. Қазақстан Республикасының аумағында тауар белгісін құқықтық қорғау
Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының сараптама ұйымы немесе Қазақстан Республикасының бекітілген халықаралық шартына орай халықаралық ұйым тіркеген тауар белгісіне құқықтық қорғау беріледі.";

15) 1027-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"1027-бап. Тауар белгісіне құқықтың қолданылу мерзімі

1. Тауар белгісінің басымдығы, егер тауар белгілері туралы заңнамалық актілерде өзгеше көзделмесе, сараптама ұйымына өтінім келіп түскен күн бойынша белгіленеді.

2. Тауар белгісіне құқық өтінім тіркелген кезден бастап он жыл бойы қолданылады.

Тауар белгісіне құқықты иеленушінің тауар белгісі қолданылуының соңғы жылы ішінде сараптама ұйымына берген өтініші бойынша тауар белгісінің қолданылу мерзімін он жылға ұзарту тіркелуі мүмкін. Ұзарту шектеусіз сан мәрте жүргізілуі мүмкін.";

16) 1029-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Барлық тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге не олардың бір бөлігіне қатысты тауар белгісіне құқығын құқық иеленуші шарт бойынша басқа тұлғаға өткізіп беруі мүмкін.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Тауар белгісіне құқықтың ауысуы, оның ішінде шарт бойынша немесе құқықтық мирасқорлық тәртібімен оның берілуі сараптама ұйымында тіркелуге тиіс.";

17) 1030-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Тауар белгісіне құқықты иеленуші тіркелген тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге не олардың бір бөлігіне қатысты тауар белгісін пайдалануға құқықты лицензиялық шарт бойынша басқа тұлғаға беруі мүмкін (осы Кодекстің 966-бабы).";

18) 1031, 1032-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"1031-бап. Тауар белгісіне құқықты беру туралы шарттар мен лицензиялық шарттар

Тауар белгісіне құқықты беру туралы шарт немесе лицензиялық шарт жазбаша нысанда жасалуға тиіс. Жазбаша нысанның сақталмауы шарттың жарамсыздығына әкеп соғады.

Шарт бойынша тауар белгісіне құқықты беру және шарт бойынша тауар белгісін пайдалануға құқық беру сараптама ұйымында тіркелуге жатады. Тіркеу туралы талаптардың сақталмауы мұндай берудің және мұндай ұсынудың жарамсыздығына әкеп соғады.

1032-бап. Тауар белгісіне құқықты бұзғаны үшін жауапкершілік

1. Тауар белгісін не онымен айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілемені құқыққа сыйымсыз пайдаланатын тұлға бұзушылықты тоқтатуға және тауар белгісінің иесіне өзі келтірген залалдарды өтеуге міндетті (осы Кодекстің 9-бабы).

Тауар белгісін құқыққа сыйымсыз пайдаланатын тұлға:

1) құқық иеленушінің өзі салған немесе оның келісімімен салынған тауар белгісі бар тауарларды қоспағанда, заңсыз пайдаланылатын тауар белгісі немесе онымен айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілеме орналастырылған тауарды және/немесе тауар орамасын жоюға міндетті. Құқық иеленушінің өзі салған немесе оның келісімімен салынған тауар белгісі бар тауарлар құқық иеленушіге немесе ол тағайындаған тұлғаға беріледі не кері экспорт кедендік рәсіміне орналастырылады не азаматтық айналымнан алып қойылады. Құқық иеленушінің өзі салған немесе оның келісімімен салынған, сыртқы, жылулық немесе өзге де әсерге немесе тауардың сыртқы түрін, сапасын, қасиеттерін және өзге де сипаттамаларын өзгертуге немесе нашарлатуға алып келген қайта өңдеуге ұшыраған тауар белгісі бар тауарлар жалпы негіздерде жойылуға жатады. Тауар белгісіне құқықтарды бұза отырып, мұндай тауарларды айналымға енгізу қоғамдық мүдделер үшін қажет болған жағдайларда заңсыз пайдаланылатын тауар белгілері немесе онымен айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілеме тауардан және оның орамасынан жоюға жатады;

2) тауар белгісін немесе онымен айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілемені пайдалану кезінде қолданылатын материалдардан, оның ішінде құжаттамадан, жарнамадан, маңдайша жазулардан тауар белгісін немесе онымен айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілемені алып тастауға міндетті.

Құқық иеленуші бұзушылықтың сипатына қарай сот шешімімен айқындалатын бес жүз айлық есептік көрсеткіштен он мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі сомада немесе тауар белгісі заңсыз орналастырылған тауарлар құнының екі еселенген мөлшерінде өтемақы төлемін залалдарды өтеудің орнына құқық бұзушыдан өз таңдауы бойынша талап етуге құқылы.";

19) 1033-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Тауар шығарылған жердің атауын тіркеуді сараптама ұйымы жүзеге асырады.

Тіркеудің негізінде тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығы беріледі.

Тіркеудің, оны жарамсыз деп танудың және тіркеудің қолданылуын тоқтатудың тәртібі мен шарттары тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері және тауарлар шығарылған жерлердің атауы туралы заңнамалық актілерде айқындалады.";

20) 1036, 1037-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"1036-бап. Тауар шығарылған жердің атауын пайдалану

құқығының пайдаланылу мерзімі

Тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығы сараптама ұйымына өтінім берілген күннен бастап есептегенде он жыл бойы қолданылады.

Тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығының қолданылу мерзімі оның иесінің қолданылудың соңғы жылы ішінде берген өтініші бойынша атауды пайдалануға құқықты беретін шарттар сақталған кезде он жылға ұзартылуы мүмкін. Ұзартылу шектеусіз сан мәрте жүргізілуі мүмкін.

1037-бап. Тауар шығарылған жердің атауын құқыққа сыйымсыз пайдаланғаны үшін жауапкершілік

1. Тауар шығарылған жердің атауын құқыққа сыйымсыз пайдаланатын тұлға:

1) құқық иеленушінің өзі салған немесе оның келісімімен салынған тауар шығарылған жердің атауы бар тауарларды қоспағанда, заңсыз пайдаланылатын тауар шығарылған жердің атауы немесе онымен айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілеме орналастырылған тауарды және немесе тауар орамасын жоюға міндетті. Құқық иеленушінің өзі салған немесе оның келісімімен салынған тауар шығарылған жердің атауы бар тауарлар құқық иеленушіге немесе ол тағайындаған тұлғаға беріледі не кері экспорт кедендік рәсіміне орналастырылады не азаматтық айналымнан алып қойылады. Құқық иеленушінің өзі салған немесе оның келісімімен салынған, сыртқы, жылулық немесе өзге де әсерге немесе тауардың сыртқы түрін, сапасын, қасиеттерін және өзге де сипаттамаларын өзгертуге немесе нашарлатуға алып келген қайта өңдеуге ұшыраған тауар шығарылған жердің атауы бар тауарлар жалпы негіздерде жойылуға жатады. Тауар шығарылған жердің атауына құқықтарды бұза отырып, мұндай тауарларды

айналымға енгізу қоғамдық мүдделер үшін қажет болған жағдайларда заңсыз пайдаланылатын тауар шығарылған жердің атауын немесе онымен айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілеме тауардан және оның орамасынан жоюға жатады;

2) тауар шығарылған жердің атауын немесе онымен айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілемені пайдалану кезінде қолданылатын материалдардан, оның ішінде құжаттамадан, жарнамадан, маңдайша жазулардан тауар шығарылған жердің атауын немесе онымен айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілемені алып тастауға міндетті.

Тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығы бар тұлға осы құқықты бұзушыдан келтірілген залалдардың орнын толтыруды талап етуге құқылы (Осы Кодекстің 9-бабы).

Құқық иеленуші бұзушылықтың сипатына қарай сот шешімімен айқындалатын бес жүз айлық есептік көрсеткіштен он мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі сомада немесе тауар шығарылған жердің атауы заңсыз орналастырылған тауарлар құнының екі еселенген мөлшерінде өтемақы төлемін залалдарды өтеудің орнына бұзушыдан өз таңдауы бойынша талап етуге құқылы."

2. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 22-I, 22-II, 112-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16, 18-құжаттар; № 13-14, 63-құжат; № 15-16, 74-құжат; № 17, 82-құжат; № 18, 84-құжат; № 23, 100-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 28, 29-құжаттар; № 11, 58-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; № 22, 130, 132-құжаттар; № 24, 145, 146, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 2, 21, 25-құжаттар; № 4, 37-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 116-құжат; № 14, 117-құжат; № 15, 120-құжат; № 16, 128-құжат; № 20, 151-құжат; № 21, 161-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 11, 15-құжаттар; № 3, 21, 22, 25, 27-құжаттар; № 4, 32-құжат; № 5, 35-құжат; № 6, 43, 44-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 11, 80-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 92-құжат; № 15, 97-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 2, 7, 10-құжаттар; № 3, 15-құжат; № 4, 21-құжат; № 8, 50-құжат; № 9, 51-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 12, 57-құжат; № 14, 72-құжат; № 15, 76, 81, 82-құжаттар; № 16, 83-құжат; № 21-22, 114, 115-құжаттар; № 23-24, 116-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 4-5, 24-құжат; № 7, 37-құжат; № 8, 44, 49-құжаттар; № 10, 52-құжат; № 11, 63, 64, 65, 69-құжаттар; № 12, 82-құжат; № 14, 84-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 22, 128, 131-құжаттар; № 23, 143-құжат; № 24, 145-құжат; 2015 ж., № 7, 34-құжат; № 8, 44, 45-құжаттар; № 11, 52-құжат; № 14, 72-құжат; № 15, 78-құжат; № 19-I, 99, 100, 101-құжаттар; № 20-I, 110-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 115, 119-құжаттар; № 21-I, 124-құжат; № 21-II, 130-құжат; № 21-III, 136, 137-құжаттар; № 22-I, 140, 143-құжаттар; № 22-II, 144, 145-құжаттар; № 22-III, 149-құжат; № 22-V, 156, 158-құжаттар; № 22-VI, 159-құжат; № 22-VII, 161-құжат; № 23-I, 169-

құжат; 2016 ж., № 1, 4-құжат; № 6, 45-құжат; № 7-II, 53, 55, 57-құжаттар; № 8-I, 62-құжат; № 8-II, 66, 72-құжаттар):

1) 455-баптың 1) тармақшасының сегізінші абзацы алып тасталсын;

2) 456-баптың кестесіндегі 8., 8.1., 8.3-жолдар алып тасталсын;

3) 457-баптың 3) тармақшасы "оралмандар;" деген сөзден кейін "босатылады." деген сөзбен толықтырылып, 5) тармақшасы алып тасталсын;

4) 539-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"539-бап. Зияткерлік меншік саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның заңдық маңызы бар әрекеттер жасағаны үшін мемлекеттік баж мөлшерлемелері

Зияткерлік меншік саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның заңдық маңызы бар әрекеттер жасағаны үшін мынадай мөлшерде:

1) тауар белгісін жалпыға бірдей белгілі деп танығаны үшін – 100 пайыз;

2) патенттік сенім білдірілген өкілдерді аттестаттағаны үшін – 1500 пайыз;

3) патенттік сенім білдірілген өкіл ретінде тіркегені үшін – 100 пайыз мемлекеттік баж алынады.";

5) 547-баптың 2-тармағының 14) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"14) зияткерлік меншік саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның тауар белгісін жалпыға бірдей белгілі деп тануға, патенттік сенім білдірілген өкілдерді аттестаттауға және патенттік сенім білдірілген өкіл ретінде тіркеуге байланысты заңдық маңызы бар әрекеттер жасағаны үшін – тиісті құжаттарды бергенге дейін;".

3. 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 18-I, 18-II, 92-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; № 24, 145, 146-құжаттар; 2015 ж., № 1, 2-құжат; № 2, 6-құжат; № 7, 33-құжат; № 8, 44, 45-құжаттар; № 9, 46-құжат; № 10, 50-құжат; № 11, 52-құжат; № 14, 71-құжат; № 15, 78-құжат; № 16, 79-құжат; № 19-I, 101-құжат; № 19-II, 102, 103, 105-құжаттар; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 115-құжат; № 21-I, 124, 125-құжаттар; № 21-II, 130-құжат; № 21-III, 137-құжат; № 22-I, 140, 141, 143-құжаттар; № 22-II, 144, 145, 148-құжаттар; № 22-III, 149-құжат; № 22-V, 152, 156, 158-құжаттар; № 22-VI, 159-құжат; № 22-VII, 161-құжат; № 23-I, 166, 169-құжаттар; № 23-II, 172-құжат; 2016 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 9-құжат; № 6, 45-құжат; № 7-I, 49, 50-құжаттар; № 7-II, 53, 57-құжаттар; № 8-I, 62, 65-құжаттар; № 8-II, 66, 67, 68, 70, 72-құжаттар):

158-баптың ескертпесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Ескертпе.

Осы бапқа сәйкес тәркіленген тауарлар, құқық иеленушінің өзі не оның келісімімен салынған тауар белгісі немесе тауар шығарылған жердің атауы бар тауарларды немесе қоғамдық мүдделер үшін оларды айналымға енгізу қажет болатын жағдайларды қоспағанда, осы Кодекстің 795-бабында көзделген тәртіппен жойылуға жатады.".

4. 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., № 20-III, 112-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат):

1) 178-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"178-бап. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді, сондай-ақ авторлық құқық объектілерін дараландыру құралдарын құқыққа сыйымсыз пайдалану

Бөгде тауар белгісін, қызмет көрсету белгісін, фирмалық атауын, тауар шығарылған жердің атауын немесе біртекті тауарлар үшін олармен ұқсас белгілерді заңсыз пайдалану немесе құқық иеленушінің немесе осыған уәкілеттік берілген тұлғаның рұқсатынсыз әдеби, көркем шығармалардың, мерзімді басылымдардың атауларын пайдалану немесе оны бумада тұтынушыны тауардың сипатына, өндірілу тәсілі мен орнына, тұтынушылық қасиеттеріне, сапасы мен санына қатысты немесе оны өндірушілерге қатысты жаңылыстыруға ұшыратуы мүмкін болатындай етіп пайдалану тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді дараландыру құралдарын, сондай-ақ авторлық құқық объектілерін құқыққа сыйымсыз пайдалану болып табылады .".

5. "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы" 1996 жылғы 10 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 8-9, 237-құжат; 2004 ж., № 17, 100-құжат; 2005 ж., № 21-22, 87-құжат; 2007 ж., № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 15-16, 75-құжат; 2012 ж., № 2, 13-құжат; № 3, 25-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2014 ж., № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2015 ж., № 7, 34-құжат; № 20-VII, 115-құжат; № 22-V, 156-құжат):

1) 2-бапта:

18), 19) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"18) көшірмелеу (репрографиялық қайта шығару) – баспа мақсатынсыз жүзеге асатын кез-келген техникалық құралдар көмегімен туындыларды факсимильдік қайта шығару. Көшірмелеуді жүзеге асыруға бағытталған техникалық құралдар көмегімен уақытша көшірмелерін жасау жағдайларын қоспағанда көшірмелеуге туындыны қайта шығаруды немесе оның көшірмелерін электрондық (сандықты қоса алғанда), оптикалық немесе машинамен оқылатын өзге де нысанда сақтау кірмейді;

19) қайта шығару – туындылардың немесе сабақтас құқықтар объектілерінің бір немесе одан көп тұрақты немесе уақытша данасын кез келген әдіспен және кез келген нысанда, толық немесе ішінара, тікелей немесе жанама түрде дайындау. Қайта шығару түрлері дыбыс немесе бейнежазбаны жасау, екі өлшемдік немесе үш өлшемдік туындының бір немесе одан көп данасын дайындау, көшірмелеу (репрографиялық қайта шығару), сондай-ақ туындыларды немесе сабақтас құқықтар объектілерін кез келген материалдық нысанда, оның ішінде ашық ақпараттық-коммуникациялық желіде кез келген тұрақты немесе уақытша сақтау болып табылады;"

мынадай мазмұндағы 27-1) тармақшамен толықтырылсын:

"27-1) сараптама ұйымы – Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған ұйым;"

2) 9-бапта:

1-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Автор жарияланбаған туындыға жеке мүліктік емес құқықтарын куәландыру үшін, сондай-ақ құқық иеленуші жарияланбаған туындыға айрықша мүліктік құқықтарды иеленетінін растау үшін авторлық құқықтың қорғалатын не тиісті шарттардың қолданылатын мерзімі ішінде кез келген уақытта оларды авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімінде тіркеуге құқылы. Тіркеуді осы Заңда белгіленген тәртіппен сараптама ұйымы жүзеге асырады.";

4-тармақ алып тасталсын;

3) 9-1-бапта:

3-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) сараптама ұйымы көрсететін қызметтерге төлем төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі және қажет кезінде төлемнің мөлшерін азайту негіздемесін растайтын құжаттың көшірмесі ұсынылады.";

4-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) сараптама ұйымы көрсететін қызметтерге төлем төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі және қажет кезінде төлемнің мөлшерін азайту негіздемесін растайтын құжаттың көшірмесі ұсынылады.";

5-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) сараптама ұйымы көрсететін қызметтерге төлем төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі және қажет кезінде төлемнің мөлшерін азайту негіздемесін растайтын құжаттың көшірмесі ұсынылады.";

6-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) сараптама ұйымы көрсететін қызметтерге төлем төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі және қажет кезінде төлемнің мөлшерін азайту негіздемесін растайтын құжаттың көшірмесі ұсынылады.";

7-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) сараптама ұйымы көрсететін қызметтерге төлем төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі және қажет кезінде төлемнің мөлшерін азайту негіздемесін растайтын құжаттың көшірмесі ұсынылады.";

8-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) сараптама ұйымы көрсететін қызметтерге төлем төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі және қажет кезінде төлемнің мөлшерін азайту негіздемесін растайтын құжаттың көшірмесі ұсынылады.";

9-тармақтың 5) тармақшасының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"4) сараптама ұйымы көрсететін қызметтерге төлем төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі және қажет кезінде төлемнің мөлшерін азайту негіздемесін растайтын құжаттың көшірмесі ұсынылады.";

14, 15-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Ұсынылған құжаттардың толықтығын және оларды ресімдеудің дұрыстығын тексеру он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Құжаттардың толық болмау фактісі анықталған жағдайда сараптама ұйымы көрсетілген мерзімдерде, ұсынылған материалдарды қайтара отырып, жазбаша, анық уәжді түрде қараудан бас тартады.

Автор (авторлар) немесе құқық иеленуші сараптама ұйымының ескертпелерін жойғаннан кейін мемлекеттік тіркеу туралы өтінішпен қайта жүгінуге құқылы.

15. Мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру үшін сараптама ұйымына ұсынылатын туындылар олардың жеткізгіштерде объективті нысанда болуын тексеру үшін қарап көруге жатады.

Егер туындылардың мазмұны мемлекеттік органдардың, мекемелердің функцияларымен байланысты және (немесе) түйісетін болса, сараптама ұйымы туындыға мүліктік құқықтардың тиесілігін анықтау үшін мемлекеттік органдарға, мекемелерге сауалдар жібереді. Сауалдарға жауаптар алынғаннан кейін сараптама ұйымы авторлық құқықпен қорғалатын туындыларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы куәлік беру немесе тіркеуден бас тарту туралы шешім қабылданады. Сауал жіберілген кезде өтінішті қарау мерзімі тиісті жауап алынғанға дейін тоқтатыла тұрады .";

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік жоғалған немесе бүлінген жағдайда автордың (авторлардың) немесе құқық иеленушінің өтініші бойынша сараптама ұйымы он жұмыс күні ішінде оның телнұсқасын береді.";

мынадай мазмұндағы 19-тармақпен толықтырылсын:

"19. Авторлық құқық объектісін тіркеу туралы куәліктің күшін жоюды мұндай куәлікті берген сараптама ұйымы автордың немесе құқық иеленушінің өтініші бойынша, сондай-ақ соттың шешімі заңды күшіне енген кезде жүргізеді.";

4) мынадай мазмұндағы 9-2-бабымен толықтырылсын:

"9-2-бап. 3-1-бап. Сараптама ұйымы

1. Сараптама ұйымы – авторлық құқықпен қорғалатын туындыларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу саласындағы қызмет көрсету бойынша қызметті жүзеге асыратын, уәкілетті органға ведомстволық бағынысты ұйым.

2. Авторлық құқықпен қорғалатын туындыларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу бойынша өтініштерді қабылдау және қарау, ұсынылған құжаттардың толықтығын және оларды ресімдеудің дұрыстығын тексеру, ұсынылған материалдарды қайтара отырып, жазбаша, толық дәйектелген түрде қараудан бас тартуды беру, туындылар

жеткізгіштерде объективті нысанда болуын тексеру, туындыға мүліктік құқықтардың тиесілігін анықтау үшін мемлекеттік органдарға, мекемелерге сауалдарды жіберу, авторлық құқық объектісіне құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті беру, мемлекеттік тіркеу туралы куәлік жоғалған немесе бүлінген жағдайда оның телнұсқасын беруді, авторлық құқық объектісін тіркеу туралы куәліктің күшін жою қызметін сараптама ұйымы жүзеге асырады.

3. Авторлық құқықпен қорғалатын туындыларға құқықтарды тіркеу кезінде сараптама ұйымының қызметін төлеу кезінде Ұлы Отан соғысына қатысушы және оған теңестірілген адамдар, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдарға, 1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет еткен) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдарға, мүгедектерге, сондай-ақ бала кезінен мүгедектің ата-анасының біреуіне, оралмандарға, кәмелеттік жасқа жетпегендерге осы баптың 2-тармағының ережелеріне сәйкес бекітілетін жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге бағаның 95% көлемінде жеңілдік ұсынылады.

Жеңілдіктер өтініш берушілердің аталған санаттарға жататынын растайтын құжаттардың көшірмелері негізінде өтініш берушінің (лердің) өтініші бойынша ұсынылады.

4. Сараптама ұйымының қызметіне ақы сомасы тиісті құжаттарды сараптама ұйымына ұсынғанға дейін төленеді.

5. Қызметті төлеу сомаларын төлеген адамдардың сараптама ұйымына тиісті құжаттарды ұсынғанға дейін тіркеуді жүзеге асырудан бас тартуы жағдайларын қоспағанда, сараптама ұйымының қызметіне төленген ақы сомаларын қайтару немесе есептеу жүзеге асырылмайды.";

5) 16-1-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Пайдаланушылармен шарттар жасасқан кезде мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымдар Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген сыйақының ең төмен мөлшерлемелерінен төмен авторлық сыйақы мөлшерлемелерінің мөлшерін белгілеуге құқылы емес.";

6) 19-баптың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) құқыққа сыйымды түрде жарияланған туындыларды және олардан алынған үзінділерді мысал ретінде оқыту сипатындағы басылымдарда, радио- және телехабарларда, дыбыс-, бейнежазбаларда алға қойған мақсатқа сай көлемде кіріс алмастан пайдалану;";

7) 40-2-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Пайдаланушылармен шарттар жасасқан кезде мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымдар Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген сыйақының ең төмен мөлшерлемелерінен төмен фонограммаларды орындаушылар мен шығарушыларға сыйақы мөлшерлемелерінің мөлшерін белгілеуге құқылы емес.";

8) 46-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Репертуарынан авторлық және сабақтас құқықтар иелері туындылар мен сабақтас құқықтар объектілерін алып тастаған, мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйым көрсетілген мерзім өткеннен кейін пайдаланушыларға оларды пайдалануға рұқсат беруге құқылы емес.";

9) 46-2-баптың 7-тармағында:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Аккредиттеу жөніндегі комиссия отырысының қорытындысы бойынша уәкілетті орган отырыс аяқталған күннен кейін бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде аккредиттеу туралы не аккредиттеуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.";

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Аккредиттеу туралы куәлік өтінім берушіге бес жыл мерзімге беріледі.";

10) 47-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Авторлардың, орындаушылардың, фонограмма шығарушылардың немесе өзге де авторлық және (немесе) сабақтас құқықтарды иеленушілердің мүліктік құқықтарын ұжымдық негізде басқаратын ұйым жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 15 сәуірінен кешіктірмей уәкілетті органға мынадай ақпаратты:

1) мұндай ұйымның жарғысына және өзге де құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістерді;

2) мұндай ұйымның ұқсас құқықтарды басқаратын шетелдік ұйымдармен жасасқан екіжақты және көпжақты келісімдерінің көшірмелерін;

3) жалпы жиналыстың шешімдерінің көшірмелерін;

4) жиналған, бөлінген, бөлінбеген, төленген, төленбеген, талап етілмеген сыйақы туралы мәліметтерді қоса алғанда, жылдық баланс, жылдық есепті;

5) авторлық немесе сабақтас құқықтар объектілерін пайдаланғаны үшін сыйақыны жинау, бөлу және төлеуді жүзеге асыратын жердегі филиалдар және өкілдіктер туралы ақпаратты беруге міндетті.

Мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйым 15 сәуірден кешіктірмей уәкілетті органға аудиторлық есепті екі жылда бір реттен сиретпей ұсынады.

Мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйым ұсынатын құжаттарын нотариат куәландырады немесе осындай ұйымның мөрімен куәландырылады.";

11) 49-баптың 1-1-тармағы алып тасталсын.

6. "Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы" 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж.,

№ 19, 655-құжат; 2004 ж., № 17, 100-құжат; 2005 ж., № 21-22, 87-құжат; 2007 ж., № 5-6, 37-құжат; 2009 ж., № 24, 129-құжат; 2011 ж., № 1, 7-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 2, 13, 16-құжаттар; № 14, 95-құжат; 2014 ж., № 2, 10-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2015 ж., № 7, 34-құжат; № 20-VII, 115-құжат; № 20-VII, 119-құжат; № 22-VII, 161-құжат):

1) 3-баптың 5-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Патенттің қолданылу мерзімін патент иесінің өтініші бойынша сараптама ұйымы ұзартады, бірақ ол 10 жылдан аспауы керек.";

2) 3-1-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Уәкілетті органның құзыретіне:

1) селекциялық жетістіктерді құқықтық қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыруға қатысу;

2) шарт бойынша селекциялық жетістікке айрықша құқықты беруді тіркеу туралы өтініш нысанын; лицензиялық шарт, кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты немесе өзге де шарт бойынша селекциялық жетістікті пайдалануға құқық беруді тіркеу туралы өтініш нысанын; лицензиялық шартқа, кешенді кәсіпкерлік лицензия шартына немесе өзге де шартқа қосымша келісім жасауға қарай селекциялық жетістікті пайдалануға құқық берудің талаптарын өзгертуді тіркеу туралы өтініш нысанын; лицензиялық шарт, кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты немесе өзге де шарт бойынша селекциялық жетістікті пайдалануға құқық берудің күшін жоюды тіркеу туралы өтініш нысанын бекіту;

3) лицензиялық шарт, кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты немесе өзге де шарт бойынша селекциялық жетістікті пайдалануға құқық беру туралы хабарлама нысанын; лицензиялық шартқа, кешенді кәсіпкерлік лицензия шартына немесе өзге де шартқа қосымша келісім жасауға қарай селекциялық жетістікті пайдалануға құқық берудің талаптарын өзгерту туралы хабарлама нысанын; лицензиялық шарт, кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты немесе өзге де шарт бойынша селекциялық жетістікті пайдалануға құқық берудің күшін жою туралы хабарлама нысанын бекіту;

4) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.";

3) 3-2-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"3-2-бап. Сараптама ұйымы

1. Сараптама ұйымы – селекциялық жетістіктерді қорғау саласында қызметтер көрсету бойынша қызметті жүзеге асыратын, уәкілетті органға ведомстволық бағынысты ұйым.

2. Өтінім материалдарына, қорғау құжатына және өсімдіктердің қорғалатын сорттары мен жануарлар тұқымдары бойынша мемлекеттік тізілімдерге өзгерістер енгізуді; Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімінен үзінді көшірме ұсынуды;

өтініш берушінің өткізіп алған төлемақы мерзімін белгіленген мерзім өткен күннен бастап алты айға дейін қалпына келтіруді; автордың куәлігін, қосымшаларды және олардың телнұсқаларын беруді; қорғау құжатының қолданылу мерзімін күшінде ұстап тұруды, ұзартуды және қорғау құжатын беру, күшінде ұстап тұру, ұзарту туралы мәліметтерді жариялауды; ашық лицензия беруге өтінім қабылдауды; патенттік құжаттаманы (нөмірленген немесе атауы жазылған) іздестіруді; баспа және электрондық басылымдарды өткізуді және жариялауды қоса алғанда, селекциялық жетістіктерге өтінімдер қабылдау және өтінімдерге алдын ала сараптама жүргізу, тиісті төлем жасалған кезде көрсетілген мерзімнен ерте өтінім материалдарын жариялау, селекциялық жетістіктерге патенттер беру, шарт бойынша селекциялық жетістікке айрықша құқықты өткізіп беруді тіркеу, лицензиялық шарт, кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты немесе өзге де шарт бойынша селекциялық жетістікті пайдалануға құқық беруді тіркеу, лицензиялық шарт, кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты немесе өзге де шарт бойынша селекциялық жетістікті пайдалануға құқық берудің талаптарын өзгертуді тіркеу, лицензиялық шарт, кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты немесе өзге де шарт бойынша селекциялық жетістікті пайдалануға құқық берудің күшін жоюды тіркеу, шарт бойынша селекциялық жетістікке айрықша құқықты өткізіп беруді, лицензиялық шарт, кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты немесе өзге де шарт бойынша селекциялық жетістікті пайдалануға құқық беруді, лицензиялық шарт, кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты немесе өзге де шарт бойынша селекциялық жетістікті пайдалануға құқық берудің талаптарын өзгертуді (оның ішінде мұндай берудің күшін жоюды) растайтын құжаттарды сараптамалық тексеру; мұндай тіркеу туралы мәліметтерді жариялау; Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімін жүргізу; селекциялық жетістіктер туралы мәліметтерді жариялау, қорғау құжаттарын беруге дайындау жөніндегі қызметті Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған сараптама ұйымы жүзеге асырады.";

4) 5-баптың 5-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Патентке қабілеттілігіне сараптама жүргізуге өтінімді қарау тәртібін агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган айқындайды.";

5) 6-баптың 3-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Егер аталған мерзім ішінде өтінім беруші аталған талаптарға сәйкес келетін жаңа атау ұсынбаса не шағым беру кеңесінде селекциялық жетістіктің мақұлдаудан бас тартуды дауламаса, сараптама ұйымы селекциялық жетістікті тіркеуден бас тартады.";

6) 7-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы Заңның 5-бабы 3-тармағының 1), 2) тармақшаларында көрсетілген құжаттар келіп түскен күн, егер құжаттар бір мезгілде ұсынылмаса, олардың соңғысы келіп түскен күн сараптама ұйымына өтінім берілген күн болып табылады.";

7) 8-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы алтыншы бөлікпен толықтырылсын:

"Өтінім беруші Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімінде селекциялық жетістік тіркелген күнге дейін өтінімді кері қайтарып ала алады.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Алдын ала сараптаманың оң нәтижесін алған кезде сараптама ұйымы өтінімді одан әрі қарау туралы шешім қабылдайды, бұл жөнінде өтінім беруші он жұмыс күні ішінде хабардар етіледі. Өтінімнің және селекциялық жетістік сауал-сұрақтарының көшірмелері мемлекеттік комиссияға жіберіледі.";

5-тармақтың екінші бөлігі алып тасталсын;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Алдын ала сараптама нәтижесінде оң шешім шығарылған өтінімдер туралы мәліметтер өтінім келіп түскен күннен бастап 18 ай өткеннен кейін бюллетеньде жарияланады. Сараптама ұйымы өтінім берушінің өтінішхаты бойынша өтінім материалдарын көрсетілген мерзімнен бұрын жариялайды.";

8) 10-бапта:

1-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Сараптама ұйымы мемлекеттік комиссияның қорытындысы негізінде шешім қабылдайды және ол туралы мүдделі адамға хабарлайды.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Сұрып, тұқым патентке қабілеттілік шарттарына сәйкес келген кезде мемлекеттік комиссия сұрыпты, тұқымды сипаттай отырып, қорытынды жасайды.

Мемлекеттік комиссия қорытындысының негізінде сараптама ұйымы он жұмыс күні ішінде селекциялық жетістікке патент беру туралы шешім шығарады, бұл жөнінде өтінім берушіге он жұмыс күні ішінде жазбаша хабарлама жіберіледі.

Сараптама ұйымының патент беру туралы шешім қабылдағаны туралы хабарлама өтінім берушіге жіберілген күннен бастап үш ай ішінде өтінім беруші патент беруге дайындағаны және жариялағаны үшін тиісті ақы төленгенін растайтын құжатты ұсынады. Көрсетілген құжат ұсынылмаған кезде өткізіп алған мерзімді қалпына келтіруді төлеу туралы құжат ұсынылған жағдайда, төлеу мерзімі үш ай ішінде қалпына келтірілуі мүмкін. Керісінше жағдайда өтінім кері қайтарып алынды деп есептеледі, өтінім бойынша іс жүргізу тоқтатылады, бұл жөнінде өтінім беруші қалпына келтіру мерзімі өткен күннен бастап он жұмыс күні ішінде хабардар етіледі.";

5-тармақта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Егер сараптама жүргізу барысында сұрыптың, тұқымның патентке қабілеттілік талаптарына сай келмейтіндігі анықталған жағдайда, сараптама ұйымы мемлекеттік комиссия қорытындысының негізінде он жұмыс күні ішінде патент беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды, бұл жөнінде өтінім берушіге он жұмыс күні ішінде жазбаша хабарлама жіберіледі.";

үшінші бөлік алып тасталсын;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Өтініш беруші сараптама қарсы қойған барлық материалдармен таныса алады. Өтініш беруші сұраған материалдардың көшірмелерін сараптама ұйымы оған сұрау салуды алған күннен бастап бір ай мерзімде жібереді.";

9) 12-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізіліміне енгізілген селекциялық жетістіктің патент иеленуші болып табылмайтын авторына сараптама ұйымы оның авторлығын растайтын ресми куәлік береді.";

10) 13-баптың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) автор (авторлар) немесе оның (олардың) құқықтық мирасқорлары Селекциялық жетістікке патент беру туралы шешім қабылданған кезге дейін селекциялық жетістікке жасаған өтінімінде не сараптама ұйымына берген өтінішінде көрсетілген жеке және (немесе) заңды тұлғаларға (олардың келісімі болған кезде);";

11) 18-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"18-бап. Селекциялық жетістікті пайдалануға құқық беру

1. Патент иеленуші болып табылмайтын кез келген тұлға селекциялық жетістікті патент иеленушінің рұқсатымен лицензиялық шарт, кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты немесе өзге де шарт негізінде пайдалануға құқылы.

2. Селекциялық жетістікті пайдалануға құқық беру туралы шартта лицензиатқа:

1) лицензиардың селекциялық жетістікті пайдалану мүмкіндігін сақтай отырып, оны пайдалану құқығын және басқа тұлғаларға лицензия (жай, айрықша емес лицензия) беру құқығын;

2) лицензиардың селекциялық жетістікті пайдалану мүмкіндігін сақтай отырып, бірақ басқа тұлғаларға лицензия (жалғыз лицензия) беру құқығынсыз оны пайдалану құқығын;

3) лицензиардың селекциялық жетістікті пайдалану мүмкіндігін сақтамай және басқа тұлғаларға лицензия (айрықша лицензия) беру құқығынсыз оны пайдалану құқығын беру көзделуі мүмкін.

Егер селекциялық жетістікті пайдалануға құқық беру туралы шартта лицензияның түрі көзделмесе, ол қарапайым, айрықша емес лицензия деп болжанады.

Селекциялық жетістікті пайдалануға құқық беру туралы шартта селекциялық жетістікті пайдалануға жол берілетін аумақ көрсетілуге тиіс. Егер селекциялық жетістікті пайдалануға жол берілетін аумақ шартта көрсетілмесе, лицензиат селекциялық жетістікті пайдалануды Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында жүзеге асыруға құқылы.

Лицензиялық шартта селекциялық жетістікті пайдалануға құқықтың қолданылу мерзімі көрсетілуге тиіс. Селекциялық жетістікті пайдалануға құқықтың қолданылу мерзімі уақыт бойынша шектелген не шектелмеген болуы мүмкін, бұл ретте уақыт

бойынша шектелген мерзім шартта айқындалған өзге мерзімге автоматты түрде ұзартылуға жатуы мүмкін. Егер селекциялық жетістікті пайдалануға құқықтың қолданылу мерзімі селекциялық жетістікті пайдалануға құқық беру туралы шартта көрсетілмесе, мұндай мерзім бес жылға тең деп есептеледі. Селекциялық жетістікке айрықша құқықтың қолданылуын тоқтату селекциялық жетістікті пайдалануға құқық беру туралы шарттың қолданылуын тоқтатуға әкеп соғады.

Лицензиаттың басқа тұлғаға (қосалқы лицензиатқа, кешенді қосалқы лицензиатқа) селекциялық жетістікті пайдалануға құқық беру туралы шарт (қосалқы лицензиялық шарт, кешенді кәсіпкерлік қосалқы лицензия шарты) лицензиат үшін селекциялық жетістікті пайдалануға құқық беру туралы шартта көзделген пайдалану әдістері шегінде жасалуы мүмкін.

Лицензиялық шарт (кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты) бойынша селекциялық жетістікті пайдалануға құқықтың қолданылу мерзімінен асатын, қосалқы лицензиялық шарт (кешенді кәсіпкерлік қосалқы лицензия шарты) бойынша селекциялық жетістікті пайдалануға құқықтың қолданылу мерзімі алғашқысына тең деп есептеледі.

Егер лицензиялық шартта өзгеше көзделмесе, қосалқы лицензиаттың әрекеттері үшін лицензиар алдында лицензиат жауапты болады.

3. Селекциялық жетістікті пайдалануға құқық беру туралы шарттар жазбаша нысанда жасалады. Жазбаша нысанның сақталмауы шарттың жарамсыздығына әкеп соғады.

Лицензиялық шарт, кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты немесе өзге де шарт бойынша селекциялық жетістікті пайдалануға құқық беру, лицензиялық шартқа, кешенді кәсіпкерлік лицензия шартына немесе өзге де шартқа қосымша келісім жасалуына орай селекциялық жетістікті пайдалануға құқық беру талаптарын өзгерту, мұндай берудің күшін жою сараптама ұйымында мемлекеттік тіркелуге жатады.

Лицензиялық шарт, кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты немесе өзге де шарт бойынша селекциялық жетістікті пайдалануға құқық беруді, лицензиялық шартқа, кешенді кәсіпкерлік лицензия шартына немесе өзге де шартқа қосымша келісім жасалуына орай селекциялық жетістікті пайдалануға құқық беру талаптарын өзгертуді, мұндай берудің күшін жоюды мемлекеттік тіркеу туралы талап сақталмаған кезде өткізілмеді деп есептеледі.

Лицензиялық шарт, кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты немесе өзге де шарт бойынша селекциялық жетістікті пайдалануға құқық беруді, лицензиялық шартқа, кешенді кәсіпкерлік лицензия шартына немесе өзге де шартқа қосымша келісім жасалуына орай селекциялық жетістікті пайдалануға құқық беру талаптарын өзгертуді, мұндай берудің күшін жоюды мемлекеттік тіркеу сараптама ұйымы жүргізетін құжаттарды сараптамалық тексеру нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

4. Лицензиялық шарт, кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты немесе өзге де шарт бойынша селекциялық жетістікті пайдалануға құқық беруді тіркеу үшін сараптама

ұйымына белгіленген нысанда өтініш ұсынылады. Өтінішті мұндай шарт жасалған күннен бастап алты айдан кешіктірілмейтін мерзімде шарт тараптарының бірі бере алады.

Өтініште: шарттың түрі; оның жасалған күні, шарт тараптары туралы мәліметтер, патент нөмірі көрсетіле отырып, шарттың нысанасы, шартта көзделген селекциялық жетістікті пайдалану тәсілдері, лицензия түрі, лицензияның қолданылу мерзімі, лицензияның қолданылу аумағы көрсетілуге тиіс.

Өтінішке:

1) өтініш патенттік сенім білдірілген өкіл немесе өзге өкіл арқылы берілген жағдайда – сенімхаттың көшірмесі;

2) сараптама ұйымы көрсететін қызметтерге ақы төленгенін растайтын құжат;

3) өтініш берушінің таңдауы бойынша мынадай төлнұсқа құжаттардың бірі: селекциялық жетістікті пайдалануға құқық беру туралы шарт (лицензиялық шарт, кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты немесе өзге де шарт); өтініште көрсетілетін мәліметтерді қамтитын, тараптар қол қойған шарттан үзінді, өтініште көрсетілетін мәліметтерді қамтитын, шарт тараптары қол қойған белгіленген нысандағы хабарлама қоса беріледі. Төлнұсқа құжаттардың орнына олардың нотариат куәландырған көшірмелері ұсынылуы мүмкін.

Егер шарт бойынша бірден көп селекциялық жетістікті пайдалануға құқық берілсе, өтініште көрсетілген мәліметтер әрбір селекциялық жетістік үшін қолданылатын және өтініште осындай селекциялық жетістіктерге патенттердің нөмірі көрсетілген жағдайда , сараптама ұйымына бір өтініш ұсынылуы мүмкін.

Өтініш бір шарт бойынша селекциялық жетістіктерді пайдалануға құқық беруге қатысты болуға тиіс.

5. Лицензиялық шартқа, кешенді кәсіпкерлік лицензия шартына немесе өзге де шартқа қосымша келісім жасалуына орай селекциялық жетістікті пайдалануға құқық беру талаптарын өзгертуді тіркеу үшін сараптама ұйымына белгіленген нысанда өтініш ұсынылады. Өтінішті қосымша келісім жасалған күннен бастап алты айдан кешіктірілмейтін мерзімде шарт тараптарының бірі бере алады.

Өтініште осы баптың 4-тармағының екінші абзацында көрсетілген ақпарат, сондай-ақ қосымша келісімнің жасалған күні және селекциялық жетістікті пайдалануға құқық беру талаптарын өзгертуге қатысты ақпарат көрсетілуге тиіс.

Өтінішке:

1) өтініш патенттік сенім білдірілген өкіл немесе өзге өкіл арқылы берілген жағдайда – сенімхаттың көшірмесі;

2) сараптама ұйымы көрсететін қызметтерге ақы төленгенін растайтын құжат;

3) өтініш берушінің таңдауы бойынша мынадай төлнұсқа құжаттардың бірі: лицензиялық шарт, кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты немесе өзге де шарт бойынша селекциялық жетістікті пайдалануға құқық беру талаптарын өзгертуді растайтын

қосымша келісім; өтініште көрсетілетін мәліметтерді қамтитын, тараптар қол қойған қосымша келісімнен үзінді көшірме; өтініште көрсетілетін мәліметтерді қамтитын, шарт тараптары қол қойған белгіленген нысандағы хабарлама қоса беріледі. Төлнұсқа құжаттардың орнына олардың нотариат куәландырған көшірмелері ұсынылуы мүмкін.

Өтініш шартқа бір қосымша келісім жасалуына орай селекциялық жетістіктерді пайдалануға құқық беру талаптарын өзгертуге қатысты болуға тиіс.

6. Лицензиялық шарт, кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты немесе өзге де шарт бойынша селекциялық жетістікті пайдалануға құқық берудің күшін жоюды тіркеу үшін сараптама ұйымына белгіленген нысанда өтініш ұсынылады. Өтінішті шарт тараптарының бірі бере алады.

Өтініште осы баптың 4-тармағының екінші абзацында көрсетілген ақпарат, сондай-ақ селекциялық жетістікті пайдалануға құқық берудің күшін жоюға қатысты ақпарат көрсетілуге тиіс.

Өтінішке:

1) өтініш патенттік сенім білдірілген өкіл немесе өзге өкіл арқылы берілген жағдайда – сенімхаттың көшірмесі;

2) сараптама ұйымы көрсететін қызметтерге ақы төленгенін растайтын құжат;

3) өтініш берушінің таңдауы бойынша мынадай төлнұсқа құжаттардың бірі: лицензиялық шарт, кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты немесе өзге де шарт бойынша селекциялық жетістікті пайдалануға құқық берудің күшін жоюды растайтын келісім; өтініште көрсетілетін мәліметтерді қамтитын, тараптар қол қойған келісімнен үзінді көшірме; өтініште көрсетілетін мәліметтерді қамтитын, шарт тараптары қол қойған белгіленген нысандағы хабарлама қоса беріледі. Төлнұсқа құжаттардың орнына олардың нотариат куәландырған көшірмелері ұсынылуы мүмкін.

Өтініш бір шарт бойынша селекциялық жетістіктерді пайдалануға құқық берудің күшін жоюға қатысты болуға тиіс.

7. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, қосалқы лицензиялық шарт немесе кешенді кәсіпкерлік қосалқы лицензия шарты бойынша селекциялық жетістікті пайдалануға құқық беруді, қосалқы лицензиялық шартқа немесе кешенді кәсіпкерлік қосалқы лицензия шартына қосымша келісім жасалуына орай селекциялық жетістікті пайдалануға құқық беру талаптарын өзгертуді, мұндай берудің күшін жоюды тіркеу тәртібіне тиісінше лицензиялық шарт немесе кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты бойынша селекциялық жетістікті пайдалануға құқық беруді, лицензиялық шартқа немесе кешенді кәсіпкерлік лицензия шартына қосымша келісім жасалуына орай селекциялық жетістікті пайдалануға құқық беру талаптарын өзгертуді, мұндай берудің күшін жоюды тіркеу туралы ережелер қолданылады.

8. Осы баптың 4 – 6-тармақтарында көрсетілген өтініш және өтінішке қоса берілетін құжаттар қазақ немесе орыс тілінде ұсынылады. Егер өтініш және (немесе) өтінішке қоса берілетін құжаттар басқа тілде ұсынылса, өтінішке олардың патенттік сенім

білдірілген өкіл, өтініш берушінің өкілі куәландырған не нотариат куәландырған қазақ немесе орыс тіліндегі аудармасы қоса беріледі. Шетелдік заңды тұлғалардың атаулары өтініште қазақ және (немесе) орыс транслитерациясында көрсетілуге тиіс.

Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде тұратын шетелдік заңды тұлғалар және жеке тұлғалар лицензиялық шарт немесе кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты бойынша селекциялық жетістікті пайдалануға құқық беруді, лицензиялық шартқа, кешенді кәсіпкерлік лицензия шартына немесе өзге де шартқа қосымша келісім жасалуына орай селекциялық жетістікті пайдалануға құқық беру талаптарын өзгертуді, мұндай берудің күшін жоюды тіркеуге байланысты құқықтарды Қазақстан Республикасының патенттік сенім білдірілген өкілдері арқылы жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде уақытша жүрген оның азаматтары Қазақстан Республикасы аумағының шегінде хат алысу үшін мекенжайын көрсеткен кезде осы тармақтың екінші абзацында көрсетілген құқықтарды жеке өзі жүзеге асыруға құқылы.

9. Сараптама ұйымы осы баптың 4 – 8-тармақтарында көрсетілген талаптарға сәйкес берілген өтініштерді қарауға қабылдайды.

Өтінішке қоса берілетін құжаттарда сараптама ұйымы көрсететін қызметтерге ақы төленгенін растайтын құжат болмаған жағдайда, өтініш берушіге шығарылған шотқа сәйкес тиісті төлемақы жүргізу қажеттігі туралы хабарлама жіберіледі. Бұл жағдайда сараптама ұйымы көрсететін қызметтерге ақы төленгенін растайтын құжат сараптама ұйымына келіп түскен күн өтініш сараптама ұйымына келіп түскен күн деп есептеледі. Төлеу туралы құжат бір ай мерзімде ұсынылмаған кезде өтініш берілмеді деп танылады, бұл жөнінде өтініш берушіге тиісті хабарлама жіберіледі. Хабарлама жіберіле отырып, өтініш берушіге өтінішке қоса берілген барлық материалдар қайтарылады.

Қарауға қабылданған өтініштер бойынша сараптама ұйымы отыз жұмыс күні ішінде құжаттарға сараптамалық тексеру жүргізеді, оның барысында селекциялық жетістікті пайдалануға құқық беру, мұндай құқықты өзгерту не оның күшін жою фактісін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкестігі тұрғысынан зерделеу жүргізіледі.

10. Селекциялық жетістікті пайдалануға құқық беруді, мұндай құқықты өзгертуді не оның күшін жоюды тіркеуге кедергі келтіретін жоюға болатын негіздер:

1) селекциялық жетістікке айрықша құқықтың қолданылуын тоқтату, бірақ оны қалпына келтіру мүмкіндігінің болуы;

2) құжаттардың толық топтамасының ұсынылмауы не ұсынылған құжаттардың Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес келмеуі;

3) ұсынылған құжаттарда Мемлекеттік тізілімде қамтылған мәліметтерге сәйкес келмейтін мәліметтердің болуы.

11. Құжаттарды ресімдеуге қойылатын талаптар бұзылған немесе осы баптың 10-тармағында көрсетілген негіздер болған жағдайда, сараптама ұйымы сұрау салу

жіберілген күннен бастап үш ай мерзімде жетіспейтін немесе түзетілген құжаттарды ұсыну немесе қажетті өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныспен өтініш берушіге сұрау салу жібереді. Бұл жағдайда құжаттарға сараптамалық тексеру жүргізу мерзімі жетіспейтін немесе түзетілген құжаттар ұсынылған күннен бастап есептеледі.

12. Сараптама ұйымы мынадай негіздер:

1) селекциялық жетістікке айрықша құқықтың қолданылуын тоқтату және оны қалпына келтіру мүмкіндігінің болмауы;

2) сараптама ұйымының сұрау салуына үш ай ішінде уақтылы жауап ұсынбауы;

3) тараптың селекциялық жетістікті пайдалануға құқық беруге, мұндай құқықты өзгертуге не оның күшін жоюға қажетті құқықтарының болмауы;

4) қосалқы лицензиялық шарт немесе кешенді кәсіпкерлік қосалқы лицензия шарты бойынша селекциялық жетістікті пайдалануға құқық беруді тіркеу кезінде: лицензиялық шартта немесе кешенді кәсіпкерлік лицензия шартында лицензиаттың қосалқы лицензиялық шарт немесе кешенді кәсіпкерлік қосалқы лицензия шарты бойынша селекциялық жетістікті пайдалануға құқық беруге өкілеттіктерінің болмауы не лицензиялық шарт немесе кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты бойынша селекциялық жетістікті пайдалануға құқық беруді мемлекеттік тіркеудің болмауы кезінде селекциялық жетістікті пайдалануға құқық беруді, мұндай құқықты өзгертуді не оның күшін жоюды тіркеуден бас тарту туралы шешім шығарады.

13. Сараптамалық тексерудің нәтижесі оң болған кезде сараптама ұйымы екі жұмыс күні ішінде селекциялық жетістікті пайдалануға құқық беруді, мұндай құқықты өзгертуді не оның күшін жоюды тіркеу туралы шешім шығарады.

Сараптама ұйымы тіркелген селекциялық жетістікті пайдалануға құқық беру, мұндай құқықты өзгерту не оның күшін жою бойынша:

1) хат алысу үшін өтініште көрсетілген мекенжай бойынша өтініш берушіге тіркеу туралы хабарлама жібереді;

2) селекциялық жетістікті пайдалануға құқық беру, мұндай құқықты өзгерту не оның күшін жою туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасының Селекциялық жетістіктері мемлекеттік тізіліміне енгізеді;

3) бюллетеньде селекциялық жетістікті пайдалануға құқық беру, мұндай құқықты өзгерту не оның күшін жою туралы мәліметтерді жариялайды.

Сараптама ұйымы селекциялық жетістікті пайдалануға құқық беруді, мұндай құқықты өзгертуді не оның күшін жоюды тіркеуден бас тарту туралы шешім шығарған жағдайда, қаралып отырған өтініш бойынша құжаттар тіркеуден бас тарту туралы шешіммен бірге хат алысу үшін өтініште көрсетілген мекенжай бойынша өтініш берушіге қайтарылады.

14. Шарт бойынша селекциялық жетістікті пайдалануға құқық мұндай беру мемлекеттік тіркелген күннен бастап лицензиатқа (кешенді лицензиатқа) берілді деп есептеледі.

Шартқа қосымша келісім жасалуына орай селекциялық жетістікті пайдалануға құқық беру талаптарын өзгерту мұндай өзгеріс мемлекеттік тіркелген күннен бастап жүргізілді деп есептеледі.

Шарт бойынша селекциялық жетістікті пайдалануға құқық берудің күшін жою мұндай күшін жою мемлекеттік тіркелген күннен бастап жүргізілді деп есептеледі.";

12) 19-баптың бірінші, екінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"Патент иеленуші кез келген тұлғаға селекциялық жетістікті пайдалануға лицензия алу құқығын беру туралы сараптама ұйымына өтініш бере алады (ашық лицензия).

Аталған лицензияны алуға тілек білдірген тұлға патент иеленушімен төлемдер туралы шарт жасасып, оны міндетті түрде сараптама ұйымында тіркетуге міндетті. Шарт жөніндегі дауларды сот қарайды.";

13) 20-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"20-1-бап. Селекциялық жетістікке айрықша құқықты беру

1. Патент иеленуші селекциялық жетістікке айрықша құқықты шарт бойынша жеке немесе заңды тұлғаға бере алады.

Селекциялық жетістікке айрықша құқықты беру туралы шарт селекциялық жетістікке айрықша құқықтың қолданылу мерзімі ішінде кез келген уақытта жасалуы мүмкін.

Селекциялық жетістікке айрықша құқықты беру туралы шарт жазбаша нысанда жасалады.

Шарт бойынша селекциялық жетістікке айрықша құқықты беру сараптама ұйымында мемлекеттік тіркелуге жатады. Шарт бойынша селекциялық жетістікке айрықша құқықты беруді мемлекеттік тіркеу туралы талап сақталмаған кезде өткізілмеді деп есептеледі.

Шарт бойынша селекциялық жетістікке айрықша құқықты беруді мемлекеттік тіркеу сараптама ұйымы жүргізген құжаттарды сараптамалық тексеру нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

2. Шарт бойынша селекциялық жетістікке айрықша құқықты өткізіп беруді тіркеу үшін сараптама ұйымына белгіленген нысанда өтініш ұсынылады. Өтінішті шарт тараптарының бірі бере алады.

Өтініште: шарттың түрі, шарт тараптары туралы мәліметтер, патент нөмірі көрсетіле отырып, шарттың нысанасы көрсетілуге тиіс.

Өтінішке:

1) өтініш патенттік сенім білдірілген өкіл немесе өзге өкіл арқылы берілген жағдайда – сенімхаттың көшірмесі;

2) сараптама ұйымы көрсететін қызметтерге ақы төленгенін растайтын құжат;

3) өтініш берушінің таңдауы бойынша мынадай төлнұсқа құжаттардың бірі: селекциялық жетістікке айрықша құқықты беру туралы шарт; өтініште көрсетілетін мәліметтерді қамтитын тараптар қол қойған шарттан үзінді көшірме қоса беріледі.

Төлнұсқа құжаттардың орнына олардың нотариат куәландырған көшірмелері ұсынылуы мүмкін.

Егер шарт бойынша бірден көп селекциялық жетістікке айрықша құқықтар берілсе, патент иеленуші мен құқықтық мирасқор әрбір селекциялық жетістік үшін сол бір тұлғалар болып табылатын және өтініште осындай селекциялық жетістіктерге патенттердің нөмірі көрсетілген жағдайда, сараптама ұйымына белгіленген нысанда бір өтініш ұсынылуы мүмкін. Өтініш бір шарт бойынша селекциялық жетістіктерге айрықша құқықтарды беруге қатысты болуға тиіс.

3. Осы баптың 2-тармағында көрсетілген өтініш және өтінішке қоса берілетін құжаттар қазақ немесе орыс тілінде ұсынылады. Егер өтініш және (немесе) өтінішке қоса берілетін құжаттар басқа тілде ұсынылса, өтінішке олардың патенттік сенім білдірілген өкілі, өтініш берушінің өкілі куәландырған не нотариат куәландырған қазақ немесе орыс тіліндегі аудармасы қоса беріледі. Шетелдік заңды тұлғалардың атаулары өтініште қазақ және (немесе) орыс транслитерациясында көрсетілуге тиіс.

Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде тұратын шетелдік заңды тұлғалар және жеке тұлғалар шарт бойынша селекциялық жетістікке айрықша құқықты өткізіп беруді тіркеуге байланысты құқықтарды Қазақстан Республикасының патенттік сенім білдірілген өкілдері арқылы жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде уақытша жүрген оның азаматтары Қазақстан Республикасы аумағының шегінде хат-хабар алмасу үшін мекенжайын көрсеткен кезде осы баптың 3-тармағының екінші абзацында көрсетілген құқықтарды жеке өзі жүзеге асыруға құқылы.

4. Сараптама ұйымы осы баптың 2, 3-тармақтарында көрсетілген талаптарға сәйкес берілген өтініштерді қарауға қабылдайды.

Өтінішке қоса берілетін құжаттарда сараптама ұйымы көрсететін қызметтерге ақы төленгенін растайтын құжат болмаған жағдайда, өтініш берушіге шығарылған шотқа сәйкес тиісті төлемақы жүргізу қажеттігі туралы хабарлама жіберіледі. Бұл жағдайда сараптама ұйымы көрсететін қызметтерге ақы төленгенін растайтын құжат сараптама ұйымына келіп түскен күн өтініш сараптама ұйымына келіп түскен күн деп есептеледі. Төлемақы туралы құжат бір ай мерзімде ұсынылмаған кезде өтініш берілмеді деп танылады, бұл туралы өтініш берушіге тиісті хабарлама жіберіледі. Хабарлама жіберіле отырып, өтінішке қоса берілетін барлық материалдар өтініш берушіге қайтарылады.

Қарауға қабылданған өтініштер бойынша сараптама ұйымы отыз жұмыс күні ішінде құжаттарға сараптамалық тексеру жүргізеді, оның барысында селекциялық жетістікке айрықша құқықты өткізіп беру фактісіне Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкестігі тұрғысынан зерделеу жүргізіледі.

5. Жоюға болатын, селекциялық жетістікке айрықша құқықты өткізіп беруді тіркеуге кедергі келтіретін негіздер:

1) селекциялық жетістікке айрықша құқықтың қолданылуын тоқтату, бірақ оны қалпына келтіру мүмкіндігінің болуы;

2) құжаттардың толық топтамасының ұсынылмауы не ұсынылған құжаттардың Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес келмеуі;

3) ұсынылған құжаттарда Қазақстан Республикасының Селекциялық жетістіктері мемлекеттік тізілімінде қамтылған мәліметтерге сәйкес келмейтін мәліметтердің болуы

6. Құжаттарды ресімдеуге қойылатын талаптар бұзылған немесе осы баптың 5-тармағында көрсетілген негіздер болған жағдайда, сараптама ұйымы сауал жіберілген күннен бастап үш ай мерзімде жетіспеген немесе түзетілген құжаттарды ұсыну немесе қажетті өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныспен өтініш берушіге сауал жібереді. Бұл жағдайда құжаттарға сараптамалық тексеруді жүргізу мерзімі жетіспеген немесе түзетілген құжаттар ұсынылған күннен бастап есептеледі.

7. Сараптама ұйымы мынадай негіздер болған кезде селекциялық жетістікке айрықша құқықты өткізіп беруді тіркеуден бас тарту туралы шешім шығарады:

1) селекциялық жетістікке айрықша құқықтың қолданылуын тоқтату және оны қалпына келтіру мүмкіндігінің болмауы;

2) сараптама ұйымының сауалына үш ай ішінде уақтылы жауаптың ұсынылмауы;

3) тараптарда селекциялық жетістікке айрықша құқықты беруге қажетті құқықтарының болмауы.

8. Сараптамалық тексерудің нәтижесі оң болған кезде сараптама ұйымы екі жұмыс күні ішінде селекциялық жетістікке айрықша құқықты өткізіп беруді тіркеу жөнінде шешім шығарады.

Сараптама ұйымы тіркелген, селекциялық жетістікке айрықша құқықты өткізіп беру бойынша:

1) хат-хабар алмасу үшін өтініште көрсетілген мекенжайы бойынша өтініш берушіге тіркеу туралы хабарлама жібереді;

2) селекциялық жетістікке айрықша құқықты беру туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасының Селекциялық жетістіктері мемлекеттік тізіліміне енгізеді;

3) селекциялық жетістікке айрықша құқықты беру туралы мәліметтерді бюллетенде жариялайды.

Сараптама ұйымы селекциялық жетістікке айрықша құқықты беруді тіркеуден бас тарту туралы шешім шығарған жағдайда, қаралып отырған өтініш бойынша құжаттар тіркеуден бас тарту туралы шешіммен бірге хат-хабар алмасу үшін өтініште көрсетілген мекенжай бойынша өтініш берушіге қайтарылады.

9. Селекциялық жетістікке айрықша құқықты беру туралы шарт бойынша селекциялық жетістікке айрықша құқық осындай беру мемлекеттік тіркелген күннен бастап патент иеленушіден селекциялық жетістікке айрықша құқықты иемденген тұлғаға (құқықтық мирасқорға) өтті деп есептеледі.";

14) 21-баптың 2-тармағының екінші бөлігі алып тасталсын;

15) 22-бапта:

1-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Селекциялық жетістікке берілген патенттің күшін сараптама ұйымы:";

2-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) патент иеленушінің бюллетеньде патенттің қолданылуын мерзімінен бұрын тоқтату туралы мәліметтер жарияланған күннен бастап сараптама ұйымына берген өтініші негізінде;"

16) 22-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"22-1-бап. Апелляциялық кеңес

1. Апелляциялық кеңес уәкілетті органның осы Заңның 8-бабының 5-тармағына, 10-бабының 5-тармағына, 21-бабының 2-тармағына сәйкес берілетін қарсылықтар бойынша дауларды сотқа дейін қарау жөніндегі алқалы органы болып табылады. Апелляциялық кеңес туралы ережені уәкілетті орган бекітеді.

Осы баптың 2-тармағында көрсетілген қарсылықтар бойынша дауларды сотқа дейін қарау міндетті болып табылады.

2. Апелляциялық кеңеске мынадай:

1) сараптама ұйымының селекциялық жетістікке патент беруге өтінімді одан әрі қараудан бас тарту туралы шешімдеріне;

2) селекциялық жетістікке патент беруден бас тарту туралы;

3) селекциялық жетістікке патент беруге қарсылықтар берілуі мүмкін.

Осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген қарсылықтарды өтініш беруші немесе оның құқықтық мирасқоры тікелей өзі не өкілі арқылы бере алады.

Осы тармақтың 3) тармақшасында көзделген қарсылықты кез келген мүдделі тұлға тікелей өзі не өкіл арқылы бере алады.

Қарсылықтар апелляциялық кеңеске қолма қол, пошта арқылы, факсимильдік байланыс арқылы не электрондық пошта арқылы мемлекеттік тілде немесе орыс тілінде беріледі. Егер қарсылық факсимильдік байланыс немесе электрондық пошта арқылы берілсе, ол осындай қарсылық алынған күннен бастап бір айдан кешіктірілмей қағаз жеткізгіштегі түпнұсқасымен расталуға тиіс.

Қарсылыққа қоса берілетін материалдар мемлекеттік тілде немесе орыс тілінде ұсынылады. Егер қоса берілетін материалдар басқа тілде ұсынылса, қарсылыққа олардың нотариат немесе, егер қарсылықты патенттік сенім білдірілген өкіл берсе, патенттік сенім білдірілген өкіл куәландырған мемлекеттік тілдегі немесе орыс тіліндегі аудармасы қоса беріледі.

Қарсылықтар осы Заңда белгіленген мерзімдер ішінде беріледі.

Осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген қарсылықтарды берудің өтініш беруші өткізіп алған мерзімі өтініш берушінің өтінішхаты бойынша қалпына келтіріледі. Өтініш беруші мерзімді қалпына келтіру туралы өтінішті мерзімі өтіп

кеткен күннен бастап он екі айдан кешіктірмей беруі мүмкін. Мұндай өтініш апелляциялық кеңеске берілетін қарсылықпен бір мезгілде ұсынылады.

3. Қарсылық патенттік сенім білдірілген өкіл немесе өзге өкіл арқылы берілген жағдайда, тиісті сенімхат мемлекеттік тілде немесе орыс тілінде ресімделуге тиіс. Егер сенімхат басқа тілде (шетел тілінде) ресімделсе, онда бұл мемлекеттік тілге немесе орыс тіліне аударылуға тиіс, бұл ретте сенімхаттың мұндай аудармасын нотариат куәландыруға тиіс. Қарсылық материалдарына нотариат куәландырған сенімхаттың түпнұсқасы қоса беріледі немесе нотариат куәландырғанын растау үшін ол апелляциялық кеңестің хатшысына көшірмесімен бірге ұсынылады.

4. Берілген қарсылық апелляциялық кеңестің отырысында осы Заңда көрсетілген мерзім ішінде қаралуға тиіс. Қарсылықты қарау мерзімі қарсылықты берген тұлғаның, сондай-ақ патент иеленушінің өтініші бойынша ұзартылуы мүмкін, бірақ қарсылықты қарау үшін белгіленген мерзім өткен күннен бастап алты айдан аспауға тиіс.";

17) 22-3-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"22-3-бап. Қарсылықты апелляциялық кеңестің отырысында қарау

1. Қарсылықты қарау құрамында кемінде бес мүшесі бар апелляциялық кеңестің отырысында жүзеге асырылады. Дауды қарау басталған кезге дейін апелляциялық кеңес алқасының дербес құрамының құпиялылығы қамтамасыз етілуге тиіс.

Апелляциялық кеңестің құрамына апелляциялық кеңестің отырысына қатысушылардың жақын туыстары, жұбайы немесе жекжаттары болып табылатын адамдардың кіруіне жол берілмейді.

Тараптар (қарсылық берген тұлғалар, патент иеленушілер, сараптама ұйымының өкілдері), ғылыми ұйымдардың өкілдері және тиісті бейіндегі мамандар апелляциялық кеңестің отырысына қатысушылар болып табылады.

Осы Заңда жақын туыстары деп – ата-аналары (ата-анасы), балалары, асырап алушылары, асырап алынғандары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері (қарындастары), аталары, әжелері, немерелері, жекжаттары деп жұбайының (зайыбының) аға-інілері, апа-сіңлілері (қарындастары), ата-аналары мен балалары түсініледі.

Ғылыми ұйымдардың өкілдері және тиісті бейіндегі мамандар қорытынды ұсыну үшін апелляциялық кеңестің отырысына шақырылуы мүмкін.

Апелляциялық кеңестің әр отырысында хаттама толтырылады, онда апелляциялық кеңес шешімінің қарарлық бөлігі қамтылуға тиіс.

2. Апелляциялық кеңес отырысты өткізу мерзімдерін мынадай жағдайларда:

1) қарсылықты қарауға қатысу құқығы бар тұлғалардың біреуі келмегендіктен, қарсылықты бұл отырыста қарау мүмкін болмағанда;

2) мәні бойынша шешім қабылдау үшін жетіспейтін, қосымша құжаттарды (дәлелдемелерді) тараптардың ұсынуы қажет болғанда;

3) тараптардың өтінішхаты бойынша кейінге қалдыруға құқылы.

3. Апелляциялық кеңестің отырысына қатысушылардың:

1) іс материалдарымен, оның ішінде апелляциялық кеңестің отырысын жүргізу хаттамасымен танысуға, олардан үзінді жасауға, олардың көшірмесіне тапсырыс беруге және оны алуға;

2) апелляциялық кеңестің мүшелеріне қарсылық білдіруін мәлімдеуге;

3) дәлелдемелер ұсынуға, дәлелдемелерді зерттеуге қатысуға;

4) апелляциялық кеңес отырысының қатысушыларына сұрақтар қоюға, өтінішхаттар мәлімдеуге;

5) апелляциялық кеңестің отырысы барысында туындайтын барлық мәселелер бойынша ауызша және жазбаша түсініктер беруге, өзінің дәлелдері мен пайымдауларын ұсынуға;

6) апелляциялық кеңес отырысының басқа қатысушыларының өтінішхаттарына, дәлелдеріне қарсылық білдіруге;

7) қарсылықты өздері болмағанда қарау және өзіне шешімнің көшірмесін жіберу туралы өтінішхатты мәлімдеуге құқығы бар.

4. Апелляциялық кеңес, егер бұл қарсылықтың мән-жайлары бойынша қажет болса, апелляциялық кеңестің отырысына тараптардың қатысуын міндетті деп тануы мүмкін.

Қарсылықты қарауға қатысатын, апелляциялық кеңес отырысының уақыты мен орны туралы тиісінше хабарланған тұлға өкілінің келмеуі қарсылықты қарауға кедергі болып табылмайды. Апелляциялық кеңес қарсылықты қарауға қатысатын тұлғаның өтінішхаты бойынша, оның өкілінің дәлелді себеппен келмеуіне байланысты қарсылықты қарауды кейінге қалдыруы мүмкін.

5. Апелляциялық кеңес қарсылықтың мәні бойынша шешім шығарады. Апелляциялық кеңес қарсылықтың нысанасын немесе негізін өз бастамасымен өзгертуге құқылы емес.

Шешім апелляциялық кеңес мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған кезде апелляциялық кеңестің отырысында төрағалық етушінің дауысы шешуші болып табылады.

Қарсылықтарды қарау нәтижелері бойынша мынадай:

1) қарсылықты қанағаттандыру туралы;

2) қарсылықты ішінара қанағаттандыру туралы;

3) апелляциялық кеңестің оны қарауға құзыретінің болмауына байланысты қарсылықты қарауды тоқтату туралы;

4) қарсылықты қанағаттандырудан бас тарту туралы шешімдер шығарылады.

6. Апелляциялық кеңестің шешімі кіріспелік, сипаттамалық, уәждемелік және қарарлық бөліктерден тұратын жазбаша нысанда баяндалады және оған апелляциялық кеңестің барлық мүшелері қол қояды.

Апелляциялық кеңестің шешімі шығарылған күнінен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмей тараптарға жіберіледі.

7. Қарсылық берген тұлға, патент иеленуші апелляциялық кеңестің шешіміне сотқа шешім шығарылған күннен бастап үш ай ішінде шағым жасауға құқылы.

8. Осы Заңның 21-бабының 2-тармағына сәйкес берілетін қарсылықтар бойынша апелляциялық кеңестің шешімі, егер оған шағым жасалмаса, оған сот тәртібімен шағым жасау мерзімі өткеннен кейін күшіне енеді.

Осы Заңның 8-бабының 5-тармағына, 10-бабының 5-тармағына сәйкес берілетін қарсылықтар бойынша апелляциялық кеңестің шешімі жария етілген күнінен бастап күшіне енеді.

9. Қарсылық бойынша шешім жарияланғаннан кейін шешім шығарған апелляциялық кеңестің өзі оның күшін жоюға немесе өзгертуге құқылы емес.

10. Апелляциялық кеңес шешімде жіберілген қате жазуларды немесе анық техникалық қателерді өз бастамасы бойынша немесе қарсылықты қарауға қатысатын тұлғалардың арызы бойынша түзете алады.

Түзетулер енгізу туралы мәселе апелляциялық кеңестің отырысында шешіледі. Қарсылықты қарауға қатысатын тұлғаларға апелляциялық кеңес отырысының уақыты мен орны туралы хабарланады, алайда олардың келмеуі түзетулер енгізу туралы мәселені қарау үшін кедергі болып табылмайды.

11. Апелляциялық кеңестің шешіміне түзетулер енгізу апелляциялық кеңестің шешімімен ресімделеді.

12. Апелляциялық кеңес, егер:

1) қарсылық берген, апелляциялық кеңес отырысының өткізілу уақыты мен орны туралы тиісінше хабарланған, өзі болмағанда қарсылықты қарау туралы сұрамаған тұлға апелляциялық кеңестің отырысына екінші шақыру бойынша келмесе;

2) өзінің қарсылығын кері қайтарып алу туралы қарсылық берген тұлғаның өтінішхаты болса, қарсылықты қараусыз қалдырады.

13. Қарсылықты қараусыз қалдыру туралы шешім апелляциялық кеңес отырысының хаттамасында тіркеледі.";

18) 22-4-баптың 1-тармағында:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, жоғары білімі және зияткерлік меншік саласында кемінде төрт жыл жұмыс өтілі бар, аттестаттаудан өткен және уәкілетті органда тіркелген Қазақстан Республикасының әрекетке қабілетті азаматы патенттік сенім білдірілген өкіл болуға құқылы.";

алтыншы, жетінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

"Патенттік сенім білдірілген өкілге аттестаттау емтиханын ойдағыдай тапсырған кандидатқа патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігі беріледі, оның нысанын уәкілетті орган белгілейді. Патенттік сенім білдірілген өкіл ретінде тіркеу туралы мәліметтер Патенттік сенім білдірілген өкілдер тізіліміне енгізіледі.

Патенттік сенім білдірілген өкілдікке кандидаттарды аттестаттаудан өткізу және патенттік сенім білдірілген өкіл ретінде тіркеу үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленетін мемлекеттік баж алынады.";

19) 23-бапта

бірінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мынадай даулар сот тәртібінде қарауға жатады:";

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы баптың 1-тармағының 1), 2), 7), 8) және 9) тармақшаларында көрсетілгендерді қоспағанда, көрсетілген даулар тараптардың келісімі бойынша төрелік немесе медиация тәртібімен қаралуы мүмкін.";

2-тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы Заңның 22-1-бабының 2-тармағында көрсетілген, сараптама ұйымының шешімдеріне арыздар тиісті қарсылықтар апелляциялық кеңесте қаралғаннан кейін сотқа беріледі.";

20) 25-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"25-бап. Заңдық маңызы бар әрекеттерге ақы төлеу

Ауыл шаруашылығы дақылдарының сұрпын сынақтан өткізу жөніндегі мемлекеттік комиссия ауыл шаруашылығы дақылдары сұрыптарын патентке қабілеттілігіне сынақтан өткізгені үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлемақы алады.".

7. "Қазақстан Республикасының Патент Заңы" 1999 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 20, 718-құжат; 2004 ж., № 17, 100-құжат; 2005 ж., № 21-22, 87-құжат; 2007 ж., № 5-6, 37-құжат; 2009 ж., № 15-16, 75-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 2, 13-құжат ; № 14, 95-құжат; 2014 ж., № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2015 ж., № 7, 34-құжат; № 19-II, 102-құжат; № 20-VII, 115, 119-құжаттар):

1) 4-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Уәкілетті органның құзыретіне:

1) өнертабыстарды, пайдалы модельдерді, өнеркәсіптік үлгілерді құқықтық қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысу;

2) өнертабыстарға, пайдалы модельдерге және өнеркәсіптік үлгілерге сараптама жасау және құқықтық қорғау беру мәселелері бойынша әдістемелік ұсынымдарды бекіту;

3) шарт бойынша өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқықты беруді; лицензиялық шарт, кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты немесе өзге де шарт бойынша өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқық беруді; лицензиялық шартқа, кешенді кәсіпкерлік лицензия шартына немесе өзге де шартқа қосымша келісім жасауға қарай өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқық берудің талаптарын өзгертуді; лицензиялық шарт, кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты немесе өзге де шарт бойынша

өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқық берудің күшін жоюды тіркеу туралы өтініштер нысандарын бекіту;

4) лицензиялық шарт, кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты немесе өзге де шарт бойынша өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқық беру; лицензиялық шартқа, кешенді кәсіпкерлік лицензия шартына немесе өзге де шартқа қосымша келісім жасауға қарай өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқық берудің талаптарын өзгерту; лицензиялық шарт, кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты немесе өзге де шарт бойынша өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқық берудің күшін жою туралы хабарламалар нысандарын бекіту;

5) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.";

2) 4-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"4-1. Сараптама ұйымы

1. Сараптама ұйымы – өнертабыстарды, пайдалы модельдерді, өнеркәсіптік үлгілерді қорғау саласында қызметтер көрсету бойынша қызметті жүзеге асыратын, уәкілетті органға ведомстволық бағынысты ұйым.

2. Өнертабыстарға, пайдалы модельдер мен өнеркәсіптік үлгілерге өтінімдер қабылдау және өтінімдерге сараптама жүргізу, қорғау құжатын және автор (авторлар) куәлігін беруге құжаттар дайындау; қосымшаны беруге құжаттар дайындау; қорғау құжатының және автор (авторлар) куәлігінің телнұсқаларын беруге құжаттар дайындау; өнертабыстарға, пайдалы модельдерге, өнеркәсіптік үлгілерге қорғау құжаттарын беру; қорғау құжатын беру туралы мәліметтерді жариялау; қорғау құжатын күшінде ұстап тұру жөніндегі функцияларды жүзеге асыру; шарт бойынша өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқықты өткізіп беруді тіркеу; лицензиялық шарт, кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты немесе өзге де шарт бойынша өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқық беруді тіркеу; лицензиялық шартқа, кешенді кәсіпкерлік лицензия шартына немесе өзге де шартқа қосымша келісім жасауға қарай өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқық берудің талаптарын өзгертуді тіркеу; лицензиялық шарт, кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты немесе өзге де шарт бойынша өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқық берудің күшін жоюды тіркеу; мұндай тіркеу туралы мәліметтерді жариялау; шарт бойынша өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқықты өткізіп беруді растайтын құжаттарды сараптамалық тексеру; лицензиялық шарт, кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты немесе өзге де шарт бойынша өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқық беруді растайтын құжаттарды сараптамалық тексеру; лицензиялық шарт, кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты немесе өзге де шарт бойынша өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқық берудің талаптарын өзгертуді растайтын құжаттарды сараптамалық тексеру; лицензиялық шарт, кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты немесе өзге де шарт бойынша

өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқық берудің күшін жоюды растайтын құжаттарды сараптамалық тексеру; белгіленген мерзімнен кейін конвенциялық басымдықты сұрата отырып өтінімдер қабылдауды; халықаралық өтінімді ұлттық фазаға ауыстыруды; формальды сараптама жүргізуді; мәні бойынша сараптама жүргізуді; формуланың әрбір тәуелсіз тармағына біреуден артық қосымша мәні бойынша сараптама жүргізуді; жеделдетіп формальды сараптама жүргізуді; мәні бойынша жеделдетіп сараптама жүргізуді; сараптаманың сауалына жауапты және төлемақыны ұсынудың мерзімдерін ұзартуды; сараптаманың сауалына жауапты және төлемақыны ұсынудың мерзімдерін қалпына келтіруді; өнертабысқа немесе пайдалы модельге өтінімді қайта өзгертуді; өтінімді өтінім берушінің қатысуымен қарауды; өтінім құжаттарының қазақ немесе орыс тіліне аудармасын ұсынудың мерзімін ұзартуды; сұратылатын құжаттарды ұсыну мерзімдерін әрбір айға белгіленген мерзімі өткен күннен бастап алты айға дейін ұзартуды, өтінім берушінің аударманы ұсыну бойынша өткізіп алған мерзімін ұзартуды; өтінім материалдарына, қорғау құжатына, өнертабыстардың, пайдалы модельдердің, өнеркәсіптік үлгілердің мемлекеттік тізілімдеріне өзгерістер енгізуді; бір үлгідегі өзгерістер енгізуді; халықаралық және еуразиялық өтінімдерді өңдеуді, тексеруді және салып жіберуді; қорғау құжатының қолданылу мерзімін күшінде ұстап тұруды, ұзартуды, қалпына келтіруді және қорғау құжатын күшінде ұстап тұру, ұзарту немесе қалпына келтіру туралы мәліметтер жариялауды; ашық лицензия беруге өтінім қабылдауды; өнертабыстардың, пайдалы модельдер мен өнеркәсіптік үлгілердің мемлекеттік тізілімдерінен үзінді көшірмелер беруді; баспа және электрондық басылымдарды өткізуді және жариялауды; техника объектілері мен технологияларды патенттік тазалығы тұрғысынан зерттеуді қоса алғанда, өнертабыстардың, пайдалы модельдердің, өнеркәсіптік үлгілердің мемлекеттік тізілімдерін жүргізу жөніндегі қызметті Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған сараптама ұйымы жүзеге асырады.";

3) 5-бапта:

3-тармақтың екінші және үшінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"Қолданылуы үшін Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен рұқсаттар алу талап етілетін дәрілік затқа, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техникаға, пестицидке (ұлы химикатқа) жататын өнертабысқа қатысты айрықша құқықтың және осы құқықты куәландыратын патенттің қолданылу мерзімі патент иеленушінің өтінішхаты бойынша, бірақ бес жылдан аспайтындай етіп ұзартылуы мүмкін.

Көрсетілген мерзім өнертабысқа патент беруге өтінім берілген күннен бастап өнертабысты қолдануға алғаш рұқсат алынған күнге дейінгі өткен уақытқа ұзартылады."

4-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Өнертабыс пен пайдалы модельге патентпен берілетін құқық қорғау көлемі олардың формуласымен, ал өнеркәсіптік үлгіге – бұйымның сыртқы түрінің кескіндерінде ұсынылған оның елеулі белгілерінің жиынтығымен анықталады. Өнертабыс формуласына, пайдалы модельге түсінік беру үшін сипаттамалар мен сызбалар пайдаланылуы мүмкін.";

4) 8-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Бұйымның сыртқы түрін айқындайтын өнеркәсіптік немесе қолөнер кәсібі өндірісі бұйымының көркем-конструкторлық шешімі өнеркәсіптік үлгіге жатады.

Өнеркәсіптік үлгіге, егер ол жаңа, бірегей болып табылса, құқықтық қорғау беріледі. Өнеркәсіптік үлгі, егер бұйымның кескіндерінде көрініс тапқан оның елеулі белгілерінің жиынтығы өнеркәсіптік үлгіге басымдық берілген күнге дейін әлемде жалпыға бірдей қолжетімді болған мәліметтерден белгілі болмаса, жаңа болып табылады. Өнеркәсіптік үлгінің жаңалығын белгілеу кезінде Қазақстан Республикасында басқа тұлғалар бірдей өнеркәсіптік үлгілерге бұрын берген, кері қайтарып алынбаған өтінімдер, сондай-ақ Қазақстан Республикасында патенттелген өнеркәсіптік үлгілер (оларға басымдық берілген күннен бастап) ескеріледі. Өнеркәсіптік үлгі, егер оның елеулі белгілері бұйым ерекшеліктерінің шығармашылық сипатын айқындаса, бірегей деп танылады.";

5) 9-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Қазақстан Республикасындағы өнертапқыштық қызметті насихаттау, қолдау және ақпараттануды арттыру мақсатында уәкілетті орган ғылым, индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау және өзге де мүдделі органдардың уәкілетті органдарымен бірлесіп, әлеуметтік және экономикалық маңызды, бәсекеге қабілетті, экологиялық қауіпсіз өнертабыстарды таңдау бойынша жыл сайынғы "Шапағат" байқауын өткізу, сондай-ақ маңызды және кең көлемде пайдаланылатын өнертабыстар авторлары үшін "Еңбек сіңірген өнертапқыш" атағын беру тәртібін әзірлейді және бекітеді.";

6) 11-бапта:

2-тармақтың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Егер өнімде сыртқы түрінің кескіндерінде барлық негізгі белгілері болса, ол қорғалатын өнеркәсіптік үлгі бар деп танылады.";

6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13 және 14-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Патент иеленуші өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқығын шарт бойынша жеке немесе заңды тұлғаға бере алады.

Өнеркәсіптік үлгіге айрықша құқықтарды беруге, егер ол тауарға немесе оны дайындаушыға қатысты тұтынушыны жаңылыстыруға себепші болып табылса, жол берілмейді.

Шарт бойынша өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқықтарды беру сараптама ұйымында мемлекеттік тіркелуге жатады.

Шарт бойынша өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқықтарды беру мемлекеттік тіркеу туралы талаптар сақталмаған кезде өткізілмеді деп есептеледі.

Шарт бойынша өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқықтарды беруді мемлекеттік тіркеу сараптама ұйымы жүргізген, құжаттарды сараптамалық тексеру нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

Шарт бойынша өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқықтарды беруді тіркеу үшін сараптама ұйымына белгіленген нысандағы өтініш ұсынылады. Өтінішті шарт тараптарының бірі бере алады.

Өтініште: шарттың түрі; шарттың тараптары туралы мәліметтер; патенттің нөмірі көрсетіле отырып, шарттың нысанасы көрсетілуге тиіс.

Өтінішке:

1) өтініш патенттік сенім білдірілген өкіл немесе өзге өкіл арқылы берілген жағдайда – сенімхаттың көшірмесі;

2) сараптама ұйымы көрсететін қызметтерге ақы төленгенін растайтын құжат;

3) өтініш берушінің таңдауы бойынша мынадай төлнұсқа құжаттардың бірі: өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқықты беру туралы шарт; өтініште көрсетілетін мәліметтерді қамтитын, тараптар қол қойған шарттан үзінді көшірме қоса беріледі. Төлнұсқа құжаттардың орнына олардың нотариат куәландырған көшірмелері ұсынылуы мүмкін.

Егер шарт бойынша біреуден көп өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқықтарды беру жүргізілсе, өнеркәсіптік меншік объектілері біртектес болып табылатын, патент иеленуші мен құқықтық мирасқор әрбір өнеркәсіптік меншік объектісі үшін сол бір тұлғалар болып табылатын және өтініште осындай өнеркәсіптік меншік объектілеріне патенттердің нөмірі көрсетілген жағдайларда, сараптама ұйымына белгіленген нысандағы бір өтініш ұсынылуы мүмкін. Өтініш бір шарт бойынша өнеркәсіптік меншік объектілеріне айрықша құқықтарды беруге қатысты болуға тиіс.

7. Осы баптың 6-тармағында көрсетілген өтініш және өтінішке қоса берілетін құжаттар қазақ немесе орыс тілінде ұсынылады. Егер өтініш және (немесе) өтінішке қоса берілетін құжаттар басқа тілде ұсынылса, өтінішке олардың патенттік сенім білдірілген өкіл, өтініш берушінің өкілі куәландырған не нотариат куәландырған қазақ немесе орыс тіліндегі аудармасы қоса беріледі. Шетелдік заңды тұлғалардың атаулары өтініште қазақ және (немесе) орыс транслитерациясында көрсетілуге тиіс.

Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде тұратын шетелдік заңды тұлғалар және жеке тұлғалар шарт бойынша өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқықты беруді тіркеуге байланысты құқықтарды Қазақстан Республикасының патенттік сенім білдірілген өкілдері арқылы жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде уақытша жүрген оның азаматтары Қазақстан Республикасы аумағының шегінде хат-хабар жазысу үшін мекенжайын көрсеткен кезде осы тармақтың екінші абзацында көрсетілген құқықтарды жеке өзі жүзеге асыруға құқылы.

8. Сараптама ұйымы осы баптың 6, 7-тармақтарында көрсетілген талаптарға сәйкес берілген өтініштерді қарауға қабылдайды.

Өтінішке қоса берілетін құжаттарда сараптама ұйымы көрсететін қызметтерге ақы төленгенін растайтын құжат болмаған жағдайда, өтініш берушіге шығарылған шотқа сәйкес тиісті төлемақы жүргізу қажеттігі туралы хабарлама жіберіледі. Осындай жағдайда сараптама ұйымы көрсететін қызметтерге ақы төленгенін растайтын құжат сараптама ұйымына келіп түскен күн өтініш сараптама ұйымына келіп түскен күн деп есептеледі. Төлемақы туралы құжат бір ай мерзімде ұсынылмаған кезде өтініш берілмеді деп танылады, ол туралы өтініш берушіге тиісті хабарлама жіберіледі. Хабарлама жіберіле отырып, өтініш берушіге өтінішке қоса берілетін барлық материалдар қайтарылады.

Қарауға қабылданған өтініштер бойынша сараптама ұйымы отыз жұмыс күні ішінде құжаттарға сараптамалық тексеру жүргізеді, оның барысында өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқықтарды беру фактісін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкестігі нысанасына зерделеу жүргізіледі.

9. Жоюға болатын, өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқықтарды беруді тіркеуге кедергі келтіретін негіздер:

1) өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқықтардың қолданылуын тоқтату, бірақ оны қалпына келтіру мүмкіндігінің болуы;

2) құжаттардың толық емес топтамасының ұсынылуы не ұсынылған құжаттардың Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сай келмеуі;

3) ұсынылған құжаттарда тиісінше Қазақстан Республикасының Өнертабыстары мемлекеттік тізілімінде, Қазақстан Республикасының Пайдалы модельдері мемлекеттік тізілімінде, Қазақстан Республикасының Өнеркәсіптік үлгілері мемлекеттік тізілімінде қамтылған мәліметтерге сәйкес келмейтін мәліметтердің болуы.

10. Құжаттарды ресімдеуге қойылатын талаптар бұзылған немесе осы баптың 9-тармағында көрсетілген негіздер болған жағдайда, сараптама ұйымы сұрау салу жіберілген күннен бастап үш ай мерзімде жетіспейтін немесе түзетілген құжаттарды беру немесе қажетті өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныспен өтініш берушіге сұрау салу жібереді. Бұл жағдайда құжаттарға сараптамалық тексеру жүргізу мерзімі жетіспейтін немесе түзетілген құжаттар ұсынылған күннен бастап есептеледі.

11. Сараптама ұйымы мынадай негіздер болған кезде өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқықтарды беруді тіркеуден бас тарту туралы шешім шығарады:

1) өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқықтардың қолданылуын тоқтату және оны қалпына келтіру мүмкіндігінің болмауы;

2) сараптама ұйымының сұрау салуына үш ай ішінде уақтылы жауапты ұсынбауы;

3) тараптардың өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқықтарды беруге қажетті құқықтарының болмауы;

4) өнеркәсіптік үлгіге айрықша құқықтарды берудің тауарға немесе оны дайындаушыға қатысты жаңылыстыруға себепші болуы.

12. Сараптамалық тексерудің нәтижесі оң болған кезде сараптама ұйымы екі жұмыс күні ішінде өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқықтарды беруді тіркеу туралы шешім шығарады.

Сараптама ұйымы тіркелген, өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқықтарды беру бойынша:

1) хат-хабар жазысу үшін өтініште көрсетілген мекенжай бойынша өтініш берушіге тіркеу туралы хабарлама жібереді;

2) өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқықтарды беру туралы мәліметтерді тиісінше Қазақстан Республикасының Өнертабыстары мемлекеттік тізіліміне, Қазақстан Республикасының Пайдалы модельдері мемлекеттік тізіліміне, Қазақстан Республикасының Өнеркәсіптік үлгілері мемлекеттік тізіліміне енгізеді;

3) бюллетенде өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқықтарды беру туралы мәліметтерді жариялайды.

Сараптама ұйымы өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқықтар беруді тіркеуден бас тарту туралы шешім шығарған жағдайда, қаралып отырған өтініш бойынша құжаттар тіркеуден бас тарту туралы шешіммен бірге хат-хабар жазысу үшін өтініште көрсетілген мекенжай бойынша өтініш берушіге қайтарылады.

13. Өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқықтар беру туралы шарт бойынша өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқық осы беру мемлекеттік тіркелген күннен бастап патент иеленушіден өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқықты иемденген тұлғаға (құқықтық мирасқорға) ауысты деп есептеледі.

14. Өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқық және (немесе) оны алу құқығы мұрагерлік бойынша немесе құқықтық мирасқорлық тәртібімен ауысады.";

7) 14-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"14-бап. Өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқық беру

1. Патент иеленуші болып табылмайтын кез келген адам қорғалатын өнеркәсіптік меншік объектісін патент иеленушінің рұқсатымен лицензиялық шарт, кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты немесе өзге де шарт негізінде пайдалануға құқылы.

2. Өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқық беру туралы шарт лицензиатқа:

1) лицензиардың өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалану мүмкіндігін және басқа тұлғаларға лицензия (жай, айрықша емес лицензия) беру құқығын сақтай отырып, оны пайдалану құқығын;

2) лицензиардың өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалану мүмкіндігін сақтай отырып, бірақ басқа тұлғаларға лицензия (жалғыз лицензия) беру құқығынсыз оны пайдалану құқығын;

3) лицензиардың өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалану мүмкіндігін сақтамай және басқа тұлғаларға лицензия (айрықша лицензия) беру құқығынсыз оны пайдалану құқығын беруді көздеуі мүмкін.

Егер өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқық беру туралы шартта лицензия түрі көзделмесе, ол жай, айрықша емес болып табылады.

3. Лицензиаттың өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалану құқығына лицензияны басқа тұлғаға (қосалқы лицензиатқа, кешенді қосалқы лицензиатқа) беруі туралы шарт (қосалқы лицензиялық шарт, кешенді кәсіпкерлік қосалқы лицензия шарты) лицензиат үшін өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқық беру туралы шартта көзделген пайдалану тәсілдері шегінде жасалуы мүмкін.

Лицензиялық шарт (кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты) бойынша өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқықтың қолданылу мерзімінен асатын, қосалқы лицензиялық шарт (кешенді кәсіпкерлік қосалқы лицензия шарты) бойынша өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқықтың қолданылу мерзімі соңғысына тең деп есептеледі.

Егер лицензиялық шартта өзгеше көзделмесе, қосалқы лицензиаттың әрекеттері үшін лицензиар алдында лицензиат жауапты болады.

Өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқық беру туралы шартта өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға жол берілетін аумақ көрсетілуге тиіс. Егер өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға жол берілетін аумақ шартта көрсетілмесе, лицензиат өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануды Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында жүзеге асыруға құқылы.

Өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқық беру туралы шартта өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқықтың қолданылу мерзімі көрсетілуге тиіс. Өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқықтың қолданылу мерзімі уақыт бойынша шектелген не шектелмеген болуы мүмкін, бұл ретте уақыт бойынша шектелген мерзім шартта айқындалған өзге мерзімге автоматты түрде ұзартылуға жатуы мүмкін. Егер өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқықтың қолданылу мерзімі шартта көрсетілмесе, мұндай мерзім бес жылға тең деп есептеледі. Өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқықтың қолданылуын тоқтату оны пайдалануға құқық беру туралы шарттың қолданылуын тоқтатуға әкеп соғады.

4. Лицензиялық шарт, кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты немесе өзге де шарт бойынша өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқық беру, лицензиялық шартқа, кешенді кәсіпкерлік лицензия шартына немесе өзге де шартқа қосымша келісімнің

күшіне орай өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқық берудің шарттарын өзгерту, мұндай берудің күшін жою сараптама ұйымында мемлекеттік тіркелуге жатады.

Лицензиялық шарт, кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты немесе өзге де шарт бойынша өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқық беруді, лицензиялық шартқа, кешенді кәсіпкерлік лицензия шартына немесе өзге де шартқа қосымша келісімнің күшіне орай өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқық берудің шарттарын өзгертуді, мұндай берудің күшін жоюды мемлекеттік тіркеу туралы талаптар сақталмаған кезде өткізілмеді деп есептеледі.

Лицензиялық шарт, кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты немесе өзге де шарт бойынша өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқық беруді, лицензиялық шартқа, кешенді кәсіпкерлік лицензия шартына немесе өзге де шартқа қосымша келісімнің күшіне орай өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқық берудің шарттарын өзгертуді, мұндай берудің күшін жоюды мемлекеттік тіркеу сараптама ұйымы жүргізетін, құжаттарды сараптамалық тексеру нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

5. Лицензиялық шарт, кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты немесе өзге де шарт бойынша өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқық беруді тіркеу үшін сараптама ұйымына белгіленген нысандағы өтініш ұсынылады. Өтінішті мұндай шарт жасалған күннен бастап алты айдан кешіктірілмейтін мерзімде шарт тараптарының бірі бере алады.

Өтініште: шарттың түрі; оның жасалған күні, шарттың тараптары туралы мәліметтер; патент нөмірі көрсетіле отырып, шарттың нысана; шартта көзделген, оларға қатысты лицензия берілетін өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалану тәсілдері; лицензияның түрі, лицензияның қолданылу мерзімі, лицензияның қолданылу аумағы көрсетілуге тиіс.

Өтінішке:

1) өтініш патенттік сенім білдірілген өкіл немесе өзге де өкіл арқылы берілген жағдайда – сенімхаттың көшірмесі;

2) сараптама ұйымы көрсететін қызметтерге ақы төленгенін растайтын құжат;

3) өтініш берушінің таңдауы бойынша мынадай төлнұсқа құжаттардың бірі: өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқық беру туралы шарт (лицензиялық шарт, кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты немесе өзге де шарт); өтініште көрсетілетін мәліметтерді қамтитын, тараптар қол қойған шарттан үзінді көшірме; өтініште көрсетілетін мәліметтерді қамтитын, шарттың тараптары қол қойған белгіленген нысандағы хабарлама қоса беріледі. Төлнұсқа құжаттардың орнына олардың нотариат куәландырған көшірмелері ұсынылуы мүмкін.

Егер шарт бойынша біреуден көп өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқық берілсе, өтініште көрсетілген оның мәліметтері әрбір өнеркәсіптік меншік

объектісі үшін қолданылатын және өтініште осындай өнеркәсіптік меншік объектілеріне патенттердің нөмірі көрсетілген жағдайларда, сараптама ұйымына белгіленген нысандағы бір өтініш ұсынылуы мүмкін. Өтініш бір шарт бойынша өнеркәсіптік меншік объектілерін пайдалануға құқық беруге қатысты болуға тиіс.

6. Лицензиялық шартқа, кешенді кәсіпкерлік лицензия шартына немесе өзге де шартқа қосымша келісімнің күшіне орай өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқық берудің шарттарын өзгертуді тіркеу үшін сараптама ұйымына белгіленген нысандағы өтініш ұсынылады. Өтінішті қосымша келісім жасалған күннен бастап алты айдан кешіктірілмейтін мерзімде шарттың тараптарының бірі бере алады.

Өтініште осы баптың 5-тармағының екінші абзацында көрсетілген ақпарат, сондай-ақ қосымша келісімнің жасалған күні және өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқық берудің шарттарын өзгертуге қатысты ақпарат көрсетілуге тиіс.

Өтінішке:

1) өтініш патенттік сенім білдірілген өкіл немесе өзге де өкіл арқылы берілген жағдайда – сенімхаттың көшірмесі;

2) сараптама ұйымы көрсететін қызметтерге ақы төленгенін растайтын құжат;

3) өтініш берушінің таңдауы бойынша мынадай төлнұсқа құжаттардың бірі: лицензиялық шарт, кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты немесе өзге де шарт бойынша өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқық берудің шарттарын өзгертуді растайтын қосымша келісім; өтініште көрсетілетін мәліметтерді қамтитын, тараптар қол қойған қосымша келісімнен үзінді көшірме; өтініште көрсетілетін мәліметтерді қамтитын, шарт тараптары қол қойған белгіленген нысандағы хабарлама қоса беріледі. Төлнұсқа құжаттардың орнына олардың нотариат куәландырған көшірмелері ұсынылуы мүмкін.

Өтініш шартқа бір қосымша келісімнің күшіне орай өнеркәсіптік меншік объектілерін пайдалануға құқық берудің шарттарын өзгертуге қатысты болуға тиіс.

7. Лицензиялық шарт, кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты немесе өзге де шарт бойынша өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқық берудің күшін жоюды тіркеу үшін сараптама ұйымына белгіленген нысандағы өтініш ұсынылады. Өтінішті шарт тараптарының бірі бере алады.

Өтініште осы баптың 5-тармағының екінші абзацында көрсетілген ақпарат, сондай-ақ өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқық берудің күшін жоюға қатысты ақпарат көрсетілуге тиіс.

Өтінішке:

1) өтініш патенттік сенім білдірілген өкіл немесе өзге де өкіл арқылы берілген жағдайда – сенімхаттың көшірмесі;

2) сараптама ұйымы көрсететін қызметтерге ақы төленгенін растайтын құжат;

3) өтініш берушінің таңдауы бойынша мынадай төлнұсқа құжаттардың бірі: лицензиялық шарт, кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты немесе өзге де шарт бойынша

өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқық берудің күшін жоюды растайтын келісім; өтініште көрсетілетін мәліметтерді қамтитын, тараптар қол қойған келісімнен үзінді көшірме; өтініште көрсетілетін мәліметтерді қамтитын, шарт тараптары қол қойған белгіленген нысандағы хабарлама қоса беріледі. Төлнұсқа құжаттардың орнына олардың нотариат куәландырған көшірмелері ұсынылуы мүмкін.

Өтініш бір шарт бойынша өнеркәсіптік меншік объектілерін пайдалануға құқық берудің күшін жоюға қатысты болуға тиіс.

8. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, қосалқы лицензиялық шарт немесе кешенді кәсіпкерлік қосалқы лицензия шарты бойынша өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқық беруді, қосалқы лицензиялық шартқа немесе кешенді кәсіпкерлік қосалқы лицензия шартына қосымша келісімнің күшіне орай өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқық берудің шарттарын өзгертуді, мұндай берудің күшін жоюды тіркеу тәртібіне тиісінше лицензиялық шарт немесе кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты бойынша өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқық беруді, лицензиялық шартқа немесе кешенді кәсіпкерлік лицензия шартына қосымша келісімнің күшіне орай өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқық берудің шарттарын өзгертуді, мұндай берудің күшін жоюды тіркеу туралы ережелер қолданылады.

9. Осы баптың 5 – 7-тармақтарында көрсетілген өтініш және өтінішке қоса берілетін құжаттар қазақ немесе орыс тілінде ұсынылады. Егер өтініш және (немесе) өтінішке қоса берілетін құжаттар басқа тілде ұсынылса, өтінішке олардың патенттік сенім білдірілген өкіл, өтініш берушінің өкілі куәландырған не нотариат куәландырған қазақ немесе орыс тіліндегі аудармасы қоса беріледі. Шетелдік заңды тұлғалардың атаулары өтініште қазақ және (немесе) орыс транслитерациясында көрсетілуге тиіс.

Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде тұратын шетелдік заңды тұлғалар және жеке тұлғалар лицензиялық шарт, кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты немесе өзге де шарт бойынша өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқық беруді, лицензиялық шартқа, кешенді кәсіпкерлік лицензия шартына немесе өзге де шартқа қосымша келісімнің күшіне орай өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқық берудің талаптарын өзгертуді, мұндай берудің күшін жоюды тіркеуге байланысты құқықтарды Қазақстан Республикасының патенттік сенім білдірілген өкілдері арқылы жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде уақытша жүрген оның азаматтары Қазақстан Республикасы аумағының шегінде хат-хабар жазысу үшін мекенжайын көрсеткен кезде осы тармақтың екінші абзацында көрсетілген құқықтарды жеке өзі жүзеге асыруға құқылы.

10. Сараптама ұйымы осы баптың 5 – 9-тармақтарында көрсетілген талаптарға сәйкес берілген өтініштерді қарауға қабылдайды.

Өтінішке қоса берілетін құжаттарда сараптама ұйымы көрсететін қызметтерге ақы төленгенін растайтын құжат болмаған жағдайда, өтініш берушіге шығарылған шотқа сәйкес бір ай мерзімде тиісті төлемақы жүргізу қажеттігі туралы хабарлама жіберіледі. Бұл жағдайда сараптама ұйымы көрсететін қызметтерге ақы төленгенін растайтын құжат сараптама ұйымына келіп түскен күн өтініш сараптама ұйымына келіп түскен күн деп есептеледі. Төлемақы туралы құжат бір ай мерзімде ұсынылмаған кезде өтініш берілмеді деп танылады, бұл жөнінде өтініш берушіге тиісті хабарлама жіберіледі. Хабарлама жіберіле отырып, өтініш берушіге өтінішке қоса берілетін барлық материалдар қайтарылады.

Қарауға қабылданған өтініштер бойынша сараптама ұйымы отыз жұмыс күні ішінде құжаттарға сараптамалық тексеру жүргізеді, оның барысында өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқық беру фактісін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкестігі тұрғысынан зерделеу жүргізіледі.

11. Жойылуы мүмкін өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқық беруді тіркеуге кедергі келтіретін негіздер:

1) өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқықтың қолданылуын тоқтату, бірақ оны қалпына келтіру мүмкіндігінің болуы;

2) құжаттар топтамасының толық ұсынылмауы не ұсынылған құжаттардың Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес келмеуі;

3) ұсынылған құжаттарда Мемлекеттік тізілімде қамтылған мәліметтерге сәйкес келмейтін мәліметтердің болуы.

12. Құжаттарды ресімдеуге қойылатын талаптар бұзылған немесе осы баптың 11-тармағында көрсетілген негіздер болған жағдайда, сараптама ұйымы сұрау салу жіберілген күннен бастап үш ай мерзімде жетіспейтін немесе түзетілген құжаттарды ұсыну немесе қажетті өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныспен өтініш берушіге сұрау салу жібереді. Бұл жағдайда құжаттарға сараптамалық тексеру жүргізу мерзімі жетіспейтін немесе түзетілген құжаттар ұсынылған күннен бастап есептеледі.

13. Сараптама ұйымы мынадай негіздер болған кезде өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқық беруді тіркеуден бас тарту туралы шешім шығарады:

1) өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқықтың қолданылуын тоқтату және оны қалпына келтіру мүмкіндігінің болмауы;

2) сараптама ұйымының сұрау салуына үш ай ішінде уақтылы жауапты ұсынбауы;

3) тараптың өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқықты беруге қажетті құқықтарының болмауы;

4) қосалқы лицензиялық шарт немесе кешенді кәсіпкерлік қосалқы лицензия шарты бойынша өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқық беруді тіркеу кезінде: лицензиялық шартта немесе кешенді кәсіпкерлік лицензия шартында лицензиаттың қосалқы лицензиялық шарт немесе кешенді кәсіпкерлік қосалқы лицензия шарты бойынша өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқық беруге өкілеттіктерінің

болмауы не лицензиялық шарт немесе кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты бойынша өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқық беруді мемлекеттік тіркеудің болмауы.

14. Сараптамалық тексерудің нәтижесі оң болған кезде сараптама ұйымы екі жұмыс күні ішінде өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқық беруді, осындай құқықты өзгертуді не оның күшін жоюды тіркеу туралы шешім шығарады.

Сараптама ұйымы тіркелген өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқық беру, осындай құқықты өзгерту не оның күшін жою бойынша:

1) хат-хабар алмасу үшін өтініште көрсетілген мекенжайы бойынша өтініш берушіге тіркеу туралы хабарлама жібереді;

2) өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқық беру, осындай құқықты өзгерту не оның күшін жою туралы мәліметтерді тиісінше Қазақстан Республикасының Өнертабыстары мемлекеттік тізіліміне, Қазақстан Республикасының Пайдалы модельдері мемлекеттік тізіліміне, Қазақстан Республикасының Өнеркәсіптік үлгілері мемлекеттік тізіліміне енгізеді;

3) бюллетеньде өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқықты беру, осындай құқықты өзгерту не оның күшін жою туралы мәліметтерді жариялайды.

Сараптама ұйымы өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқық беруді, осындай құқықты өзгертуді не оның күшін жоюды тіркеуден бас тарту туралы шешім шығарған жағдайда, қаралып отырған өтініш бойынша құжаттар тіркеуден бас тарту туралы шешіммен бірге хат-хабар алмасу үшін өтініште көрсетілген мекенжайы бойынша өтініш берушіге қайтарылады.

15. Шарт бойынша өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқық осындай беру мемлекеттік тіркелген күннен бастап лицензиатқа (кешенді лицензиатқа) берілді деп есептеледі.

Шартқа қосымша келісім жасауға қарай өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқық берудің талаптарын өзгерту осындай өзгеріс мемлекеттік тіркелген күннен бастап жүргізілді деп есептеледі.

Шарт бойынша өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқық берудің күшін жою осындай күшін жою мемлекеттік тіркелген күннен бастап жүргізілді деп есептеледі.

16. Патент иеленуші сараптама ұйымына өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға лицензия (ашық лицензия) алу құқығын кез келген тұлғаға беру туралы өтініш бере алады.

Көрсетілген лицензияны иемденуге ниет білдірген тұлға патент иеленушімен төлемдер туралы шарт жасасуға міндетті. Шарт талаптары бойынша дауларды сот қарайды.

Патент иеленушінің ашық лицензияға құқық беру туралы өтініші кері қайтарып алуға жатпайды және бюллетеньде ашық лицензия туралы мәліметтер жарияланған

күннен бастап үш жыл бойы өз күшін сақтайды. Көрсетілген мерзім шегінде қорғау құжатын күшінде ұстап тұру үшін төлемақы ашық лицензия туралы мәліметтер жарияланған жылдан кейінгі жылдан бастап 50 пайызға төмендетіледі.

Лицензиялық шарт жасалған жағдайда қорғау құжатын күшінде ұстап тұру төлемақысы осы шарт жасалған жылдан кейінгі жылдан бастап толық мөлшерде жүргізіледі.

Ашық лицензияны иемденуге ниет білдірген тұлғаға өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқықты беру, сондай-ақ осындай берудің талаптарын өзгерту және оның күшін жою сараптама ұйымында тіркелуге жатады.

Мемлекеттік тіркеу туралы талаптар сақталмаған кезде ашық лицензияны иемденуге ниет білдірген тұлғаға өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқықты беру, сондай-ақ осындай берудің талаптарын өзгерту және оның күшін жою өткізілмеді деп есептеледі.

Ашық лицензияны иемденуге ниет білдірген тұлғаға өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқықты беруді, сондай-ақ осындай берудің талаптарын өзгерту және оның күшін жоюды мемлекеттік тіркеу сараптама ұйымы жүргізетін құжаттарды сараптамалық тексеру нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

Ашық лицензияны иемденуге ниет білдірген тұлғаға өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқық беруді, сондай-ақ осындай берудің талаптарын өзгерту және оның күшін жоюды тіркеу кезінде осы баптың 5 – 14-тармақтарында көзделген ережелер қолданылады.

Ашық лицензияны иемденуге ниет білдірген тұлғаға өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқық беру туралы лицензиялық шарт бойынша өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқық осындай беру мемлекеттік тіркелген күнінен бастап лицензиатқа берілді деп есептеледі.

Өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға құқықты берудің талаптарын өзгерту және оның күшін жою осындай өзгеріс немесе күшін жою мемлекеттік тіркелген күннен бастап жүргізілді деп есептеледі.";

8) 17-баптың 2-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Өнертабысқа өтінімге өтінім беруге, сонымен бірге ресми сараптама жүргізуге белгіленген мөлшерде ақы төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі және оның мөлшерін азайту негіздемесін растайтын құжаттың көшірмесі қоса тіркеледі, оларды өтінімге қоса немесе өтінім түскен күннен бастап екі ай ішінде тапсыруға болады. Тиісті төлем жасалған жағдайда бұл мерзім ұзартылуы мүмкін, бірақ ол екі айдан аспауға тиіс.";

9) 19-бапта:

2-тармақта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) өнеркәсіптік үлгінің елеулі белгілері туралы толық егжей-тегжейлі түсінік беретін бұйымның сыртқы түрінің кескінін көшірмелеу үшін жарамды жиынтығы;"

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) өнеркәсіптік үлгінің сипаттамасы;"

10) 22-бапта:

9-тармақта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Егер өтінімге мәні бойынша сараптама жасау нәтижесінде сараптама ұйымы өтінім беруші сұрап отырған құқықтық қорғау көлемінде өтінім берілген ұсыныс осы Заңның 6-бабында айқындалған өнертабыстың патентке қабілеттілік шарттарына сәйкес келетінін анықтаса, онда өнертабысқа патент беру туралы шешім шығарады.";

екінші, үшінші бөліктер алып тасталсын;

10-тармақта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Өтінім берілген өнертабыс өтініш беруші сұрап отырған құқықтық қорғау көлемінде өнертабыстың патентке қабілеттілік шарттарына сәйкес келмейтіні анықталған кезде өнертабысқа патент беруден бас тарту туралы шешім шығарылады.";

екінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Патент беруден бас тарту туралы шешім мынадай жағдайларда:";

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Өтінім беруші сараптама ұйымының патент беруден бас тарту туралы шешімі жіберілген күннен бастап оған үш ай мерзімде уәкілетті органға қарсылық бере алады. Қарсылықты апелляциялық кеңес ол келіп түскен күннен бастап төрт ай мерзімде қарауға тиіс.";

11) 23-баптың 2 және 3-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Пайдалы модельге өтінімнің сараптамасын жүргізген кезде тиісінше осы Заңның 22-бабының 2, 3, 4 және 13-тармақтарындағы ережелер қолданылады.

Егер сараптама нәтижесінде өтінімнің пайдалы модельдер ретінде қорғалатын объектілерге жататыны және құжаттардың белгіленген талаптарға сәйкестігі анықталса, сараптама ұйымы пайдалы модельге патент беру туралы шешім қабылдайды.

Өтінім берушіге сараптама ұйымының патент беру туралы шешім қабылдағаны туралы хабарлама жіберілген күннен бастап үш ай ішінде өтінім беруші сараптама ұйымына патентті беруге дайындағаны және жариялағаны үшін тиісті төлемақыны ұсынады. Көрсетілген құжаттар ұсынылмаған кезде өткізіп алған мерзімді қалпына келтіру төлемақысы туралы құжат ұсынылған кезде төлемақы мерзімі үш ай ішінде қалпына келтірілуі мүмкін. Керісінше жағдайда өтінім кері қайтарып алынды деп есептеледі, өтінім бойынша іс жүргізу тоқтатылады, бұл жөнінде өтінім беруші қалпына келтіру мерзімі өткен күннен бастап бір ай мерзімде хабардар етіледі.

3. Егер сараптама нәтижесінде өтінімнің пайдалы модельдер ретінде қорғалмайтын объектілерге жататыны анықталса, пайдалы модельге патент беруден бас тарту туралы шешім шығарылады. Егер өтінім беруші өзі ұсынған формулада өтінімнің бастапқы материалдарында жоқ белгілердің болуы туралы немесе пайдалы модель ретінде қорғалатын объектіден басқа, пайдалы модель ретінде қорғалатын объектілерге жатпайтын ұсынысты да сипаттайтын болса немесе пайдалы модель бірлігі талаптары бұзылуына байланысты оған қатысты қарау өткізілмегені туралы хабарланғаннан кейін пайдалы модель формуласын өзгертпеген жағдайда да патент беруден бас тарту туралы шешім шығарылады.

Өтінім беруші сараптама ұйымының патент беруден бас тарту туралы шешімі жіберілген күннен бастап оған үш ай мерзімде уәкілетті органға қарсылық беруге құқылы. Қарсылықты апелляциялық кеңес ол келіп түскен күннен бастап екі ай мерзімде қарауға тиіс.";

12) 24-бапта:

4-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Өтінімге мәні бойынша сараптама жүргізу кезеңінде сараптама ұйымы өтінім берушіден онсыз сараптама жүргізу мүмкін болмайтын қосымша материалдарды сұратуға құқылы.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Егер сараптама ұйымы өтінімге мәні бойынша сараптама жасау нәтижесінде өтінім беруші сұратып отырған құқықтық қорғау көлемінде өтінім берілген ұсыныс осы Заңның 8-бабында айқындалған өнеркәсіптік үлгінің патентке қабілеттілік шарттарына сәйкес келетінін анықтаса, белгіленген басымдықты көрсете отырып, патентке сараптама ұйымының патент беру туралы шешімі беріледі.

Өтінім берушіге патент беру туралы шешім жіберілген күннен бастап үш ай ішінде өтінім беруші сараптама ұйымына патентті беруге дайындағаны және жариялағаны үшін тиісті ақы төленгенін растайтын құжатты ұсынады. Көрсетілген құжаттар ұсынылмаған кезде өткізіп алған мерзімді қалпына келтіру төлемақысы туралы құжат ұсынылған кезде төлемақы мерзімі үш ай ішінде қалпына келтірілуі мүмкін. Керісінше жағдайда өтінім кері қайтарып алынды деп есептеледі, өтінім бойынша іс жүргізу тоқтатылады, бұл жөнінде өтінім беруші қалпына келтіру мерзімі өткен күннен бастап бір ай мерзімде хабардар етіледі.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Өтінім берілген өнеркәсіптік үлгі өтініш беруші сұратып отырған құқықтық қорғау көлемінде өнеркәсіптік үлгінің патентке қабілеттілік шарттарына сәйкес келмейтіні анықталған кезде өнеркәсіптік үлгіге патент беруден бас тарту туралы шешім шығарылады.

Егер өтінім өнеркәсіптік үлгілер ретінде қорғалмайтын объектілерге жататын болса немесе өнеркәсіптік үлгі бірлігі талаптары бұзылуына байланысты оған қатысты қарау өткізілмесе, патент беруден бас тарту туралы шешім шығарылады.

Өтінім беруші сараптама ұйымының патент беруден бас тарту туралы шешімі жіберілген күннен бастап оған үш ай мерзімде уәкілетті органға қарсылық беруге құқылы. Қарсылықты апелляциялық кеңес ол келіп түскен күннен бастап екі ай мерзімде қарауға тиіс.";

13) 25-баптың 2, 3-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Сараптама ұйымы патентті беру туралы мәліметтерді бюллетеньге жариялай отырып, патент иеленушіге тиісті қорғау құжатын береді.

Атына қорғау құжаты сұралған адам бірнешеу болған жағдайда оларға бір қорғау құжаты беріледі.

3. Өнеркәсіптік меншік объектісінің патент иеленуші болып табылмайтын авторына сараптама ұйымы оның авторлығын растайтын ресми куәлік береді.";

14) 30-баптың 1-тармағының бесінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Патентті жарамсыз деп тану сараптама ұйымының өнертабысқа, пайдалы модельге немесе өнеркәсіптік үлгіге патент беру туралы шешімінің күшін жоюды және тиісті мемлекеттік тізілімдегі жазбаның күшін жоюды білдіреді.";

15) 32-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Апелляциялық кеңес осы Заңның 22-бабының 10-тармағына, 23-бабының 3-тармағына, 24-бабының 6-тармағына және 29-бабының 2-тармағына сәйкес берілетін қарсылықтар бойынша дауларды сотқа дейін қарау жөніндегі уәкілетті органның алқалы органы болып табылады. Апелляциялық кеңес туралы ережені уәкілетті орган бекітеді.

Осы баптың 2-тармағында көрсетілген қарсылықтар бойынша дауларды сотқа дейін қарау міндетті болып табылады.";

1-1-тармақ алып тасталсын:

2-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) сараптама ұйымының өнертабысқа, пайдалы модельге, өнеркәсіптік үлгіге патент беруден бас тарту туралы шешімдеріне;"

Төртінші, бесінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

"Қарсылықтар апелляциялық кеңеске қолма-қол, пошта арқылы, факсимильдік байланыс арқылы не электрондық пошта арқылы мемлекеттік тілде немесе орыс тілінде беріледі. Егер қарсылық факсимильдік байланыс немесе электрондық пошта арқылы берілсе, ол осындай қарсылық алынған күннен бастап бір айдан кешіктірілмей қағаз жеткізгіштегі түпнұсқасымен расталуға тиіс.

Қарсылыққа қоса берілетін материалдар мемлекеттік тілде немесе орыс тілінде ұсынылады. Егер қоса берілетін материалдар басқа тілде ұсынылса, қарсылыққа олардың нотариат немесе, егер қарсылықты патенттік сенім білдірілген өкіл берсе, патенттік сенім білдірілген өкіл куәландырған мемлекеттік тілдегі немесе орыс тіліндегі аудармасы қоса беріледі.";

3, 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қарсылық патенттік сенім білдірілген өкіл немесе өзге де өкіл арқылы берілген жағдайда, тиісті сенімхат мемлекеттік тілде немесе орыс тілінде ресімделуге тиіс. Егер сенімхат басқа тілде (шет тілінде) ресімделсе, онда бұл мемлекеттік тілге немесе орыс тіліне аударылуға тиіс, бұл ретте сенімхаттың осы аудармасын нотариат куәландыруға тиіс. Қарсылық материалдарына нотариат куәландырған сенімхаттың түпнұсқасы қоса беріледі немесе нотариат куәландырғанын растау үшін ол апелляциялық кеңестің хатшысына көшірмесімен бірге ұсынылады.

4. Берілген қарсылық апелляциялық кеңестің отырысында осы Заңда көрсетілген мерзім ішінде қаралуға тиіс. Қарсылықты қарау мерзімі қарсылықты берген тұлғаның, сондай-ақ патент иеленушінің өтініші бойынша, бірақ қарсылықты қарау үшін белгіленген мерзім өткен күннен бастап алты айдан асырмай ұзартылуы мүмкін.";

16) 32-2-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"32-2-бап. Қарсылықты апелляциялық кеңестің отырысында қарау

1. Қарсылықты қарау құрамында кемінде бес мүшесі бар апелляциялық кеңестің отырысында жүзеге асырылады. Дауды қарау басталған кезге дейін апелляциялық кеңес алқасының дербес құрамының құпиялылығы қамтамасыз етілуге тиіс.

Апелляциялық кеңестің құрамына апелляциялық кеңестің отырысына қатысушылардың жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) немесе жекжаттары болып табылатын адамдардың кіруіне жол берілмейді.

Тараптар (қарсылық берген тұлғалар, патент иеленушілер, сараптама ұйымының өкілдері), ғылыми ұйымдардың өкілдері және тиісті бейіндегі мамандар апелляциялық кеңестің отырысына қатысушылар болып табылады.

Осы Заңда жақын туыстары деп – ата-аналары (ата-анасы), балалары, асырап алушылары, асырап алынғандары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері (қарындастары), аталары, әжелері, немерелері, жекжаттары деп жұбайының (зайыбының) аға-інілері, апа-сіңлілері (қарындастары), ата-аналары мен балалары түсініледі.

Ғылыми ұйымдардың өкілдері және тиісті бейіндегі мамандар қорытынды ұсыну үшін апелляциялық кеңестің отырысына шақырылуы мүмкін.

Апелляциялық кеңестің әр отырысында апелляциялық кеңес шешімінің қарар бөлігі қамтылуға тиіс хаттама жасалады.

2. Апелляциялық кеңес отырысты өткізу мерзімдерін мынадай жағдайларда:

1) қарсылықты қарауға қатысу құқығы бар тұлғалардың біреуі келмегендіктен, қарсылықты бұл отырыста қарау мүмкін болмағанда;

2) мәні бойынша шешім қабылдау үшін жетіспейтін қосымша құжаттарды (дәлелдемелерді) тараптардың ұсынуы қажет болғанда;

3) тараптардың өтінішхаты бойынша кейінге қалдыруға құқылы.

3. Апелляциялық кеңестің отырысына қатысушылардың:

1) іс материалдарымен, оның ішінде апелляциялық кеңестің отырысын жүргізу хаттамасымен танысуға, олардан үзінді көшірмелер жасауға, олардың көшірмесіне тапсырыс беруге және оны алуға;

2) апелляциялық кеңестің мүшелеріне қарсылық білдіруді мәлімдеуге;

3) дәлелдемелер ұсынуға, дәлелдемелерді зерттеуге қатысуға;

4) апелляциялық кеңес отырысына қатысушыларға сұрақтар қоюға, өтінішхаттар мәлімдеуге;

5) апелляциялық кеңестің отырысы барысында туындайтын барлық мәселелер бойынша ауызша және жазбаша түсініктер беруге, өзінің дәлелдері мен пайымдауларын ұсынуға;

6) апелляциялық кеңес отырысының басқа қатысушыларының өтінішхаттарына, дәлелдеріне қарсылық білдіруге;

7) қарсылықты өздері болмағанда қарау және өзіне шешімнің көшірмесін жіберу туралы өтінішхатты мәлімдеуге құқығы бар.

4. Апелляциялық кеңес, егер бұл қарсылықтың мән-жайлары бойынша қажет болса, апелляциялық кеңестің отырысына тараптардың қатысуын міндетті деп тануы мүмкін.

Апелляциялық кеңес отырысының уақыты мен орны туралы тиісінше хабарланған, қарсылықты қарауға қатысатын тұлға өкілінің келмеуі қарсылықты қарауға кедергі болып табылмайды. Апелляциялық кеңес қарсылықты қарауға қатысатын тұлғаның өтінішхаты бойынша, оның өкілінің дәлелді себеппен келмеуіне байланысты қарсылықты қарауды кейінге қалдыруы мүмкін.

5. Апелляциялық кеңес қарсылықтың мәні бойынша шешім шығарады. Апелляциялық кеңес қарсылықтың нысанасын немесе негізін өз бастамасымен өзгертуге құқылы емес.

Шешім апелляциялық кеңес мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған кезде апелляциялық кеңестің отырысында төрағалық етушінің дауысы шешуші болып табылады.

Қарсылықтарды қарау нәтижелері бойынша мынадай:

1) қарсылықты қанағаттандыру туралы;

2) қарсылықты ішінара қанағаттандыру туралы;

3) қарсылықты қарауға апелляциялық кеңес құзыретінің болмауына байланысты оны қарауды тоқтату туралы;

4) қарсылықты қанағаттандырудан бас тарту туралы шешімдер шығарылады.

6. Апелляциялық кеңестің шешімі кіріспе, сипаттама, уәждеме және қарар бөліктерден тұратын жазбаша нысанда баяндалады және оған апелляциялық кеңестің барлық мүшелері қол қояды.

Апелляциялық кеңестің шешімі шығарылған күнінен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмей тараптарға жіберіледі.

7. Қарсылық берген тұлға, патент иеленуші апелляциялық кеңестің шешіміне сотқа шешім шығарылған күннен бастап үш ай ішінде шағым жасауға құқылы.

8. Осы Заңның 29-бабының 2-тармағына сәйкес берілетін қарсылықтар бойынша апелляциялық кеңестің шешімі, егер оған шағым жасалмаса, оған сот тәртібімен шағым жасау мерзімі өткеннен кейін күшіне енеді.

Осы Заңның 22-бабының 10-тармағына, 23-бабының 3-тармағына, 24-бабының 6-тармағына сәйкес берілетін қарсылықтар бойынша апелляциялық кеңестің шешімі ол жария етілген күннен бастап күшіне енеді.";

17) мынадай мазмұндағы 32-3, 32-4-баптармен толықтырылсын:

"32-3-бап. Апелляциялық кеңестің шешіміндегі қате жазуларды және анық техникалық қателерді түзету

1. Қарсылық бойынша шешім жарияланғаннан кейін шешім шығарған апелляциялық кеңестің өзі оның күшін жоюға немесе өзгертуге құқылы емес.

2. Апелляциялық кеңес шешімде жіберілген қате жазуларды немесе анық техникалық қателерді өз бастамасы бойынша немесе қарсылықты қарауға қатысатын тұлғалардың арызы бойынша түзете алады.

Түзетулер енгізу туралы мәселе апелляциялық кеңестің отырысында шешіледі. Қарсылықты қарауға қатысатын тұлғаларға апелляциялық кеңес отырысының уақыты мен орны туралы хабарланады, алайда олардың келмеуі түзетулер енгізу туралы мәселені қарау үшін кедергі болып табылмайды.

3. Апелляциялық кеңестің шешіміне түзетулер енгізу апелляциялық кеңестің шешімімен ресімделеді.

32-4-бап. Қарсылықты қараусыз қалдыру

1. Апелляциялық кеңес, егер:

1) қарсылық берген, апелляциялық кеңес отырысының өткізілу уақыты мен орны туралы тиісінше хабарланған, өзі болмағанда қарсылықты қарау туралы сұрамаған тұлға апелляциялық кеңестің отырысына екінші шақыру бойынша келмесе;

2) өзінің қарсылығын кері қайтарып алу туралы қарсылық берген тұлғаның өтінішхаты болса, қарсылықты қараусыз қалдырады.

2. Қарсылықты қараусыз қалдыру туралы шешім апелляциялық кеңес отырысының хаттамасында тіркеледі.";

18) 33-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы баптың 1-тармағының 1), 2), 3), 4), 7) және 10) тармақшаларында көрсетілгендерді қоспағанда, көрсетілген даулар тараптардың келісуі бойынша төрелік немесе медиация тәртібімен қаралуы мүмкін.";

19) 35-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"35-бап. Мемлекеттік баж

Уәкілетті органның патенттік сенім білдірілген өкілдерді аттестаттау және патенттік сенім білдірілген өкілді тіркеу жөніндегі іс-қимылдар жасағаны үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес мемлекеттік баж алынады.";

20) 36-баптың 1-тармағында:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, жоғары білімі және зияткерлік меншік саласында кемінде төрт жыл жұмыс өтілі бар, аттестаттаудан өткен және уәкілетті органда тіркелген Қазақстан Республикасының әрекетке қабілетті азаматы патенттік сенім білдірілген өкіл болуға құқылы.";

алтыншы, жетінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

"Патенттік сенім білдірілген өкілге аттестаттау емтиханын ойдағыдай тапсырған кандидатқа патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігі беріледі, оның нысанын уәкілетті орган белгілейді. Патенттік сенім білдірілген өкіл ретінде тіркеу туралы мәліметтер Патенттік сенім білдірілген өкілдер тізіліміне енгізіледі.

Патенттік сенім білдірілген өкілдікке кандидаттарды аттестаттаудан өткізу және патенттік сенім білдірілген өкіл ретінде тіркеу үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленетін мемлекеттік баж алынады.".

8. "Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы" 1999 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 21, 776-құжат; 2004 ж., № 17, 100-құжат; 2005 ж., № 21-22, 87-құжат; 2007 ж., № 5-6, 37-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 2, 13-құжат; № 14, 95-құжат; 2015 ж., № 7, 34-құжат; № 19-II, 102-құжат; № 20-VII, 115-құжат):

1) 1-бапта:

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) жалпыға бірдей белгілі тауар белгісі – тауар белгісі ретінде пайдаланылып жүрген белгілеме немесе мүдделі тұлғалардың дәлелдемелеріне негізделген, уәкілетті органның шешімімен жалпыға бірдей белгілі деп танылған тауар белгісі;"

мынадай мазмұндағы 4-2) тармақшамен толықтырылсын:

"4-2) Мадрид келісіміне хаттама – 1989 жылғы 28 маусымдағы Таңбаларды халықаралық тіркеу туралы Мадрид келісіміне хаттама;"

2) 3-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Уәкілетті органның құзыретіне:

1) тауар белгілерін, қызмет көрсету белгілерін, тауарлар шығарылған жерлердің атауын құқықтық қорғау саласында мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысу;

2) тауар белгісін жалпыға бірдей белгілі деп танудың тәртібін айқындау;

3) шарт бойынша тауар белгісіне айрықша құқықты өткізіп беруді; шарт бойынша тауар белгісіне айрықша құқықтың кепілін және шарт бойынша тауар белгісін пайдалануға құқықтың кепілін; лицензиялық шарт, кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты немесе өзге де шарт бойынша тауар белгісін пайдалануға құқық беруді; лицензиялық шартқа, кешенді кәсіпкерлік лицензия шартына немесе өзге де шартқа қосымша келісім жасауға қарай тауар белгісін пайдалануға құқық берудің талаптарын өзгертуді; лицензиялық шарт, кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты немесе өзге де шарт бойынша тауар белгісін пайдалануға құқық берудің күшін жоюды тіркеу туралы өтініштер нысандарын бекіту;

4) лицензиялық шарт, кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты немесе өзге де шарт бойынша тауар белгісін пайдалануға құқық беру; лицензиялық шартқа, кешенді кәсіпкерлік лицензия шартына немесе өзге де шартқа қосымша келісім жасауға қарай тауар белгісін пайдалануға құқық берудің талаптарын өзгерту; лицензиялық шарт, кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты немесе өзге де шарт бойынша тауар белгісін пайдалануға құқық берудің күшін жою туралы хабарламалар нысандарын бекіту;

5) тауар белгілерін, қызмет көрсету белгілерін және тауарлар шығарылған жерлердің атауын тіркеуге өтінімдердің сараптамасы және оларды қарау жөнінде әдістемелік ұсынымдарды бекіту;

6) мәдениет саласындағы уәкілетті органның келісуі бойынша Қазақстан Республикасының ұлттық мәдени игілігі болып табылатын белгілемені тауар белгісі ретінде тіркеу тәртібін айқындау;

7) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады."

3) 3-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"3-1-бап. Сараптама ұйымы

1. Сараптама ұйымы - тауар таңбаларын, қызмет көрсету таңбаларын, тауар шығарылған жерлердің атауларын қорғау саласында қызмет көрсету бойынша қызметті жүзеге асыратын, уәкілетті органға ведомстволық бағынысты ұйым.

2. Тауар белгілерін, қызмет көрсету белгілерін, тауарлар шығарылған жерлердің атауларын тіркеуге өтінімдерді қабылдау және сараптама жүргізу, әрбір сынып үшін үшеуден асатын өтінімге қосымша сараптама жүргізу, куәліктер беру; куәлік телнұсқасын беру; шарт бойынша тауар белгісіне айрықша құқықты беруді тіркеу; лицензиялық шарт, кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты немесе өзге де шарт бойынша тауар белгісін пайдалануға құқық беруді тіркеу; лицензиялық шартқа, кешенді кәсіпкерлік лицензия шартына немесе өзге де шартқа қосымша келісім жасалуына орай

тауар белгісін пайдалануға құқық берудің талаптарын өзгертуді тіркеу; лицензиялық шарт, кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты немесе өзге де шарт бойынша тауар белгісін пайдалануға құқық берудің күшін жоюды тіркеу; шарт бойынша тауар белгісіне айрықша құқықтың кепілін тіркеу, шарт бойынша тауар белгісін пайдалануға құқықтың кепілін тіркеу, тауар белгісіне айрықша құқықты құқықтық мирасқорлық тәртібімен ауыстыруды тіркеу, мұндай тіркеу туралы мәліметтерді жариялау, шарт бойынша тауар белгісіне айрықша құқықты өткізіп беруді растайтын құжаттарды сараптамалық тексеру; лицензиялық шарт, кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты немесе өзге де шарт бойынша тауар белгісін пайдалануға құқық беруді растайтын құжаттарды сараптамалық тексеру; лицензиялық шартқа, кешенді кәсіпкерлік лицензия шартына немесе өзге де шартқа қосымша келісім жасалуына орай тауар белгісін пайдалануға құқық берудің талаптарын өзгертуді растайтын құжаттарды сараптамалық тексеру; лицензиялық шарт, кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты немесе өзге де шарт бойынша тауар белгісін пайдалануға құқық берудің күшін жоюды растайтын құжаттарды сараптамалық тексеру; шарт бойынша тауар белгісіне айрықша құқықтың кепілін растайтын құжаттарды сараптамалық тексеру; шарт бойынша тауар белгісін пайдалануға құқықтың кепілін растайтын құжаттарды сараптамалық тексеру; ұжымдық тауар белгісін тіркеуге өтінім қабылдауды; өтінім материалдарына өзгерістер мен түзетулер енгізуді, өтінім материалдарына бір үлгідегі өзгерістер мен түзетулер енгізуді; өтінім берушінің бастамасы бойынша тауар белгісіне өтінімді сыныптар бойынша бөлуді; тауар белгісіне өтінімді ұжымдық тауар белгісіне қайта өзгертуді және керісінше өзгертуді; Мадрид келісіміне және Мадрид келісіміне хаттамаға сәйкес халықаралық тіркеу белгісіне өтінімді, кейінгі нұсқау туралы өтінішті, халықаралық тіркеуге өзгерістер енгізу туралы өтінішті, халықаралық тіркеуді ұзарту туралы өтінішті қабылдау және жолдау; Мадрид келісіміне және Мадрид келісіміне хаттамаға сәйкес халықаралық тіркеу белгісіне өтінімді, кейінгі нұсқау туралы өтінішті, халықаралық тіркеуге өзгерістер енгізу туралы өтінішті, халықаралық тіркеуді ұзарту туралы өтінішті ресімдеуді; тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесін ағылшын/француз тіліне аударуды; өтінім берілген күннен бастап алты айдан кейін толық сараптаманы жеделдетіп жүргізуді; тіркеуден алдын ала бас тарту туралы шешімге қарсылықтарды қарауды; сараптама шешіміне қарсылық беру мерзімін әрбір айға ұзартуды; сауалға жауап қайтарудың мерзімін әрбір айға ұзартуды; сауалға жауап қайтарудың, төлемақының, қарсылық берудің өтініш беруші өткізіп алған мерзімін қалпына келтіруді; тіркеу туралы мәліметтерді жариялауды; Тауар белгілерінің және Тауарлар шығарылған жерлер атауларының мемлекеттік тізілімдеріне, тауар белгісінің және тауарлар шығарылған жерлер атауларын пайдалану куәлігіне өзгерістер енгізуді, тауарлар шығарылған жерлер атауларын пайдалану құқығы куәлігінің, тауар белгісінің куәлігінің қызмет ету мерзімін және әрбір сынып үшін үшеуден асатын қосымша тіркеудің қолданылу мерзімін ұзарту; Тауар белгілерінің және Тауарлар шығарылған

жерлер атауларының мемлекеттік тізілімдеріне бір үлгідегі өзгерістер енгізу; Мемлекеттік тізілімнен үзінді көшірмелер, халықаралық тіркеу бойынша тауар белгісінің құқықтық мәртебесі туралы анықтамалар беруді; белгілердің айырғысыз дәрежеге дейін ұқсастығын және бірдей екенін айқындауды; тауар белгілерінің дерекқорындағы белгілемелерді және іздестіру туралы есепті ұсына отырып, тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің көрсетілген сыныптарына қатысты тіркеуге өтінім берілген белгілемелерді алдын ала іздестіруді жүргізуді; тауар белгілерінің дерекқорындағы белгілемелерді және іздестіру туралы есепті ұсына отырып, тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің көрсетілген сыныптарына қатысты тіркеуге өтінім берілген белгілемелерді алдын ала іздестіруді жеделдетіп жүргізуді; баспа және электрондық басылымдарды өткізуді және жариялауды қоса алғанда Тауар белгілерінің және Тауарлар шығарылған жерлер атауларының мемлекеттік тізілімдерін жүргізу жөніндегі қызметті Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған сараптама ұйымы жүзеге асырады.";

4) 4-бапта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Тауар белгілерін құқықтық қорғау жеке немесе заңды тұлғаларға беріледі.

Тауар белгісіне айрықша құқық Тауар белгілерінің мемлекеттік тізілімінде тауар белгісі тіркелген күннен бастап туындайды.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Тауар белгісіне құқық куәлікпен куәландырылады және Тауар белгілерінің мемлекеттік тізілімнің үзінді көшірмесімен расталады.

Куәліктің нысанын уәкілетті орган белгілейді.";

5) 6-баптың 3-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) тауарға немесе оны жасаушыға, көрсетілетін қызметтерге немесе көрсетілетін қызметтерді ұсынатын тұлғаға қатысты жалған болып табылатын немесе жаңылыстыруы мүмкін белгілемелерді, сондай-ақ тауар шығарылған жерге қатысты жаңылыстыруы мүмкін географиялық объектілердің атауларын;"

6) 7-бапта:

1-тармақта:

бірінші бөлікте:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) тіркелуі жарамсыз деп танылған немесе осы Заңның 8-тарауына сәйкес оның қолданылуы тоқтатылған тауар белгілерін қоспағанда, біртектес тауарларға немесе көрсетілетін қызметтерге қатысты басқа тұлғаның атына неғұрлым ертерек басымдықпен Қазақстан Республикасында тіркелген және халықаралық шарттарға орай қорғалатын тауар белгілерімен немесе сол тауарларға немесе көрсетілетін қызметтерге қатысты сол тұлғаның бірдей тауар белгілерімен;"

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) біртектес тауарларға немесе көрсетілетін қызметтерге (қайтарып алынғандарынан және тоқтатылғандарынан басқа) қатысты басқа тұлғаның атына неғұрлым ертерек басымдықпен тіркеуге мәлімделген белгілемелермен немесе сол тауарларға немесе көрсетілетін қызметтерге қатысты сол тұлғаның ұқсас белгілерімен;" ;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген тауар белгілерінің қандай да біреуімен айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілемені біртектес тауарларға немесе көрсетілетін қызметтерге қатысты тауар белгісі ретінде тіркеуге тауар белгісі иесінің жазбаша келісім беруі ұсынылған кезде жол беріледі.";

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Жазбаша келісім, егер иесі заңды тұлға болып табылса, фирмалық бланкіде ұсынылуға, оған уәкілетті адам қол қоюға және заңды тұлғаның мөрімен (болған жағдайда) бекемделуге тиіс, егер иесі жеке тұлға болса, онда қолтаңбаны нотариат куәландыруға тиіс.";

мынадай мазмұндағы 3 және 4-тармақтармен толықтырылсын:

"3. Мәдениет саласындағы уәкілетті органның келісуінің жоқтығы Қазақстан Республикасының ұлттық мәдени игілігін қайталайтын белгілемені тауар белгісі ретінде тіркеуден бас тарту үшін негіз болып табылады.

4. Бас тарту үшін осы бапта көзделген негіздер Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес тауар белгілері ретінде Қазақстан Республикасының аумағында құқықтық қорғау алуға өтінім берілген белгілемелерге қатысты да қолданылады.";

7) 9-бапта:

3-тармақтың 1), 2) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"1) сараптама жүргізу үшін ақы төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;

2) іс жүргізу өкіл арқылы жүргізілген жағдайда – сенімхаттың көшірмесі;" ;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Тауар белгісіне өтінімдерді беру, қарау және тауар белгісін тіркеу қағидаларын уәкілетті орган белгілейді.";

8) 11-бапта:

1-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) алдын ала сараптама – өтінім келіп түскен күннен бастап бір ай ішінде жүргізіледі, оның барысында өтінімнің мазмұны, осы Заңның 5 және 9-баптарында белгіленген талаптарға сәйкес қажетті құжаттардың бар-жоғы тексеріледі;" ;

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Сараптама ұйымы заңнамада белгіленген жағдайлардан басқа кезде, үшінші тұлғалардың сұрау салуы бойынша өтінім материалдарын және өтінімді қарау барысы туралы ақпаратты бермейді.";

9) мынадай мазмұндағы 11-1-баппен толықтырылсын:

"11-1-бап. Өтінім туралы мәліметтерді жариялау

1. Алдын ала сараптама жүргізгеннен кейін сараптама ұйымы бес жұмыс күні ішінде тауар белгісіне өтінім туралы мәліметтерді ресми сайтта орналастырады.

2. Берілген өтінімдер туралы мәліметтерде мынадай ақпарат қамтылуға тиіс:

1) өтінім берілген белгілеменің бейнесі;

2) өтінім беруші туралы мәліметтер, оның ішінде өтінім берушінің және (немесе) оның өкілінің мекенжайы;

3) оларға қатысты белгіні тіркеу сұратылатын тауарлардың (көрсетілетін қызметтердің) тізбесі;

4) сараптама ұйымына өтінімнің нөмірі мен берілген күні;

5) егер конвенциялық басымдық белгіленген болса, ел, алғашқы өтінімнің нөмірі мен берілген күні;

6) ұжымдық тауар белгісіне нұсқау.";

10) 12-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"12-бап. Сараптама нәтижелері бойынша шешімдер

1. Алдын ала сараптама нәтижелері бойынша өтінім берушіге он жұмыс күні ішінде өтінімнің қарауға қабылданғаны туралы не іс жүргізудің тоқтатылғаны туралы хабарлама жіберіледі.

2. Сараптама ұйымы тауар белгісін тіркеу туралы, алдын ала ішінара тіркеу туралы және тіркеуден алдын ала бас тарту туралы сараптама қорытындысын шығарады.

Өтінім беруші өзіне тіркеуден бас тарту туралы немесе ішінара тіркеу туралы алдын ала сараптама қорытындысы жіберілген күннен бастап үш ай мерзімде уәжді қарсылық ұсынуға құқылы, оны қарау нәтижелері бойынша сараптама ұйымы қарсылық келіп түскен күннен бастап үш ай ішінде түпкілікті қорытынды шығарады.

Толық сараптаманың нәтижелері бойынша сараптама ұйымы тауар белгісін тіркеу, ішінара тіркеу туралы немесе тіркеуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

3. Тауар белгісін тіркеу туралы шешім оны тауар белгілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізгенге дейін неғұрлым ертерек басымдығы бар өтінімнің анықталуына байланысты қайта қаралуы мүмкін.

4. Тауар белгісін тіркеу туралы шешімнің негізінде өтінім беруші сараптама ұйымының оң қорытындысы туралы хабарлама жіберілген күннен бастап үш ай ішінде тауар белгісіне куәлік беру үшін сараптама ұйымының әрекеттеріне төлемақы жүргізеді . Сараптама ұйымының тауар белгісіне куәлік беру әрекеттеріне ақы төлеу туралы

құжаттарды өтінім беруші белгіленген тәртіппен ұсынбаған жағдайда, тауар белгісін тіркеу жүзеге асырылмайды, тауар белгісіне өтінім кері қайтарып алынды деп танылады және ол бойынша іс жүргізу тоқтатылады.

5. Осы баптың 2-тармағына сәйкес шығарылған сараптама қорытындысымен келіспеген кезде өтінім беруші сараптаманың қорытындысы жіберілген күннен бастап оған үш ай мерзім ішінде уәкілетті органға қарсылық бере алады. Қарсылықты апелляциялық кеңес ол келіп түскен күннен бастап төрт ай мерзімде қарауға тиіс.";

11) 13-бапта:

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"8) Тауар белгілерінің мемлекеттік тізілімінде тауар белгісі тіркелгенге дейін тауар белгісін, қызмет көрсету белгісін алу құқығын басқа тұлғаға беру туралы өтінішхат білдіруге;"

мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

"9) Тауар белгілерінің мемлекеттік тізілімінде тауар белгісі тіркелгенге дейін өтінім берушінің атауына және мекенжайына өзгерістер енгізуге құқығы бар.";

12) 14-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Тауар белгісін тіркеу туралы мәліметтер сараптама ұйымы көрсететін қызметтерге төлемақы төленген кезде Мемлекеттік тізілімге енгізіледі.

Тауар белгілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізілетін мәліметтер мынадай ақпаратты қамтиды:

1) тауар белгісінің бейнесі;

2) оның иесі және (немесе) оның өкілі туралы мәліметтер, сондай-ақ ұжымдық тауар белгісіне нұсқау. Ұжымдық тауар белгісі кезінде ұжымдық тауар белгісін пайдалануға құқығы бар субъектілердің тізбесі, иелерінің мекенжайы көрсетіледі;

3) тауар белгісін тіркеу нөмірі мен күні;

4) оларға қатысты тауар белгісі тіркелген тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесі;

5) сараптама ұйымына берілген өтінімнің нөмірі мен берілген күні;

6) егер конвенциялық басымдық белгіленген болса, ел, алғашқы өтінімнің нөмірі мен берілген күні;

7) тауар белгісіне құқықты иелік ету туралы мәліметтерді қоса алғанда, тауар белгісін тіркеуге қатысты басқа да мәліметтер.";

13) 15-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Тауар белгісін тіркеудің қолданылу мерзімі оның қолданылуының соңғы жылы ішінде иесі берген өтінішхат бойынша әр жолы он жылға ұзартылады. Тауар белгісін тіркеудің қолданылу мерзімін ұзарту туралы мәліметтер сараптама ұйымына өтінішхат келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде Тауар белгілерінің мемлекеттік тізіліміне және куәлікке енгізіледі.";

14) 16-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"16-бап. Тіркеу туралы мәліметтерді жариялау

Тауар белгісін тіркеуге қатысты, Тауар белгілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізілген мәліметтерді сараптама ұйымы Тауар белгілерінің мемлекеттік тізіліміне тікелей жазылғаннан кейін екі ай ішінде бюллетеньде және өзінің интернет-ресурсында жариялайды. Тіркелген тауар белгілеріне қатысты өзгерістерді сараптама ұйымы Тауар белгілерінің мемлекеттік тізіліміне мәліметтер енгізілген күннен бастап үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде өзінің ресми сайтында және Тауар белгілерінің мемлекеттік тізіліміне мәліметтер енгізілгеннен кейін келесі айда бюллетенде жариялайды.

Мемлекеттік тізілімге және куәлікке ұжымдық тауар белгісіне ұжымдық тауар белгісінің иелері туралы мәліметтер қосымша енгізіледі.";

15) 18-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"18-1-бап. Тауар белгісін жалпыға бірдей белгілі деп тану

1. Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген немесе халықаралық шарттарға орай қорғалатын тауар белгісі, сондай-ақ Қазақстан Республикасында құқықтық қорғалмайтын тауар белгісі ретінде пайдаланылатын, белсенді пайдалану нәтижесінде Қазақстан Республикасында кеңінен мәлім болған белгілеме уәкілетті органның шешімімен Қазақстан Республикасында жалпыға бірдей белгілі тауар белгісі деп танылуы мүмкін.

Жеке немесе заңды тұлғалардың тауар белгісін Қазақстан Республикасында жалпыға бірдей белгілі деп тану туралы өтініші уәкілетті органға беріледі.

Өтініш бір тауар белгісіне немесе белгілемеге қатысты болуға және мыналарды қамтуға тиіс:

1) тұрғылықты жерін немесе орналасқан жерін көрсете отырып, өтініш беруші туралы мәліметтерді;

2) жалпыға бірдей белгілі белгі ретінде өтінім берілген тауар белгісінің немесе белгілеменің бейнесін;

3) өтініш берушінің пікірі бойынша белгі жалпыға бірдей белгілі болған күнді;

4) өтініш берушінің пікірі бойынша оларға қатысты белгі жалпыға бірдей белгілі болған тауарлардың (көрсетілетін қызметтердің) тізбесін қамтуға тиіс.

2. Өтінішке:

1) тауар белгісінің немесе белгілеменің жалпыға бірдей белгілі екенін растайтын мәліметтер;

2) 8x8 сантиметр пішінмен саны бес данада тауар белгісінің немесе белгілеменің бейнесі;

3) өтінішті өкіл берген жағдайда – сенімхаттың көшірмесі;

4) тауар белгісін жалпыға бірдей белгілі деп тану үшін мемлекеттік баждың төленгенін растайтын құжат қоса беріледі.

Тауар белгісін Қазақстан Республикасында жалпыға бірдей белгілі деп тану туралы өтінішті уәкілетті органның тауар белгісін жалпыға бірдей белгілі деп тану жөніндегі комиссиясы қарайды.

Өтінім берілген күннен бастап екі ай ішінде уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген қажетті құжаттардың бар-жоғын тексереді, өтінім берушіні өтінімнің қарауға қабылдағаны туралы хабардар етеді және бұл жөніндегі мәліметтерді танысу және үшінші тұлғалар тарапынан келіспеушіліктерді уәкілетті органға жіберу мүмкіндігі үшін интернет-ресурста жариялайды.

Жарияланған күннен бастап үш ай өткеннен кейін уәкілетті органның комиссиясы екі ай ішінде өтінім мен оған қоса берілетін белгінің жалпыға бірдей белгілі екенін растайтын материалдарды қарауды өткізеді.

Өтінім беруші өтінім материалдарына оны қарау аяқталғанға дейін түзетулер, толықтырулар мен нақтылаулар енгізуге құқылы.

Үшінші тұлғалар тарапынан келіспеушіліктер болған кезде өтінім берушіге тиісті хабарлама жіберіледі, өтінім беруші оған пікірін өтінімді қарау нәтижелері бойынша қорытынды шығарылғанға дейін ұсынады.

Тауар белгісін (қызмет көрсету белгісін) Қазақстан Республикасында жалпыға бірдей белгілі деп тану жөніндегі комиссия туралы ережені уәкілетті орган бекітеді.

Өтінімді қарау нәтижелері бойынша уәкілетті органның комиссиясы тауар белгісін жалпыға бірдей белгілі деп тану туралы шешім не мұндай деп танудан бас тарту туралы шешім қабылдайды, ол мұндай шешім қабылданған кезден бастап он жұмыс күні ішінде тауар белгісінің иесіне жіберіледі.

Егер өтінім беруші ұсынған нақты мәліметтер белгінің жалпыға бірдей белгілі болуы өтініште көрсетілгеннен өзге күн екенін растаса, тауар белгісі нақты күннен бастап жалпыға бірдей белгілі деп танылуы мүмкін.

Тауар белгісін жалпыға бірдей белгілі деп іс-жүзінде тану туралы мәліметтер тұтынушыларға жүргізілген сауалнама нәтижелерімен расталады, оны Қазақстан Республикасының аумағында мамандандырылған тәуелсіз ұйым жүргізеді. Сауалнама республикалық маңызы бар қаланы, астананы және облыстық маңызы бар кемінде бес қаланы қамтуға тиіс. Бір елді мекендегі респонденттердің жалпы саны кемінде бір жүз адам болуға тиіс.

Егер:

1) тауар белгісін жалпыға бірдей белгілі деп тану үшін мәліметтер жеткіліксіз болса ;

2) өтінім беруші өзінің тауар белгісін жалпыға бірдей белгілі деп тануға өтініш білдірген күннен неғұрлым ертерек басымдығы бар, қорғалатын немесе біртектес тауарларға қатысты өзге тұлғаның атына мәлімделген, өтінім берушінің тауар белгісімен бірдей немесе айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас тауар белгісі бар екені

анықталса, тауар белгісін жалпыға бірдей белгілі деп танудан бас тарту туралы шешім шығарылады.

Уәкілетті орган комиссиясының шешіміне сотқа шағым жасауға болады.

3. Жалпыға бірдей белгілі тауар белгісіне тауар белгісі үшін осы Заңда көзделген құқықтық қорғау беріледі.

4. Жалпыға бірдей белгілі тауар белгілерін құқықтық қорғау:

1) тіркеудің қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты;

2) кез келген мүдделі тұлғаның өтініші бойынша қабылданған, жалпыға бірдей белгілі мәртебесін жоғалтуына байланысты жалпыға бірдей белгілі тауар белгісін құқықтық қорғауды мерзімінен бұрын тоқтату туралы күшіне енген сот шешімінің негізінде;

3) тауар белгісін жалпыға бірдей белгілі деп тану туралы шешімнің күшін жою жөніндегі күшіне енген сот шешімінің негізінде тоқтатылады.

5. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген, белгілемені немесе тауар белгісін жалпыға бірдей белгілі деп тану негізінде Қазақстан Республикасының Тауар белгілері мемлекеттік тізіліміне тиісті мәліметтер енгізіледі.

Тауар белгісін жалпыға бірдей белгілі деп танудың қолданылу мерзімі белгілемені немесе тауар белгісін жалпыға бірдей белгілі деп тану туралы өтініш уәкілетті органға берілген күннен бастап есептеледі.

Тауар белгісін жалпыға бірдей белгілі деп танудың қолданылу мерзімі оның иесінің өтінішхаты бойынша және тауар белгісінің жалпыға бірдей белгілі екенін растайтын мәліметтер ұсынылған кезде келесі он жыл мерзімге ұзартылады.

Жалпыға бірдей белгілі тауар белгісін тіркеу, оның иесі туралы мәліметтер және осындай тіркеуге қатысты кейінгі өзгерістер Жалпыға бірдей белгілі тауар белгілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізіледі және бюллетенде жарияланады.

Жалпыға бірдей белгілі тауар белгісіне құқық Қазақстан Республикасының Жалпыға бірдей белгілі тауар белгілерінің мемлекеттік тізілімінде тіркелгені туралы жазбамен куәландырылады және Қазақстан Республикасының Жалпыға бірдей белгілі тауар белгілерінің мемлекеттік тізілімінен үзінді көшірмемен расталады.

Жалпыға бірдей белгілі тауар белгісіне құқықтық қорғаудың тоқтатылғаны туралы мәліметтер Жалпыға бірдей белгілі тауар белгілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізіледі және уәкілетті органның ресми сайты мен бюллетеньде жарияланады.";

16) 19-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Басқа тауар белгісімен пайдалану, тауар белгісін өзгертілген түрде, оның ішінде басқа шрифте, орындалуы басқа түсте, басқа нысанда пайдалану немесе бір заңды немесе жеке тұлғалардың тауарларын (көрсетілетін қызметтерін) басқа заңды немесе

жеке тұлғалардың біртектес тауарларынан (көрсетілетін қызметтерінен) айыратын тауар белгісінің қабілетіне залал келтіретіндей тәсілмен пайдалану тауар белгісін қатар пайдалануды шектеуге тыйым салынады.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Кез келген мүдделі тұлға тауар белгісі тіркелгеннен кейін кез келген үш жыл ішінде мүлдем пайдаланылмауына байланысты оны тіркеудің қолданылуына қарсы уәкілетті органға қарсылық бере алады. Қарсылық куәлікте көрсетілген барлық тауарларға немесе олардың бір бөлігіне қатысты болуы мүмкін және оны апелляциялық кеңес келіп түскен күннен бастап алты ай мерзімде қарауға тиіс.

Тауар белгісін пайдаланудың дәлелі болып оның тіркелуіне себеп болған тауарларда және (немесе) олардың орамасында тауар белгісі иесінің немесе осы Заңның 21-бабының 2-тармағына сәйкес тауар белгісіне құқықты беру туралы шарттың негізінде осындай құқық берілген тұлғаның қолдануы есептеледі. Тауар белгісімен белгіленген тауарды жасау, әкелу, сақтау, сатуға ұсыну, сату, оны жарнамада, маңдайшаларда, баспа басылымдарында, ресми бланкілерде, өзге де іскерлік құжаттамада, Қазақстан Республикасында өткізілетін көрмелерде тауарларды көрсету кезінде қолдану, сондай-ақ оларды азаматтық айналымға өзгеше енгізу тауар белгісін пайдалану болып танылуы мүмкін.

Тауар белгісін пайдалануға қатысты оның иесі ұсынған дәлелдемелер қарсылықта көрсетілген уақыт мерзіміне қатысты болуы тиіс.

Тауар белгісінің пайдаланылмауына байланысты оны тіркеудің қолданылуын тоқтату туралы мәселені шешу кезінде тауар белгісі өзіне қатысты емес мән-жайларға байланысты пайдаланылмағаны жөнінде иесі ұсынған дәлелдемелер назарға алынады.

Тауар белгісін тіркелгеннен тауар белгісінің ерекшелік сипатын өзгертпейтін жекелеген элементтермен ерекшелейтін нысанда пайдалану тауар белгісін пайдаланбауға байланысты оны тіркеудің қолданылуын тоқтату үшін негіз болып табылмайды.";

6-тармақ алып тасталсын;

17) 21-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"21-бап. Тауар белгісіне құқықты иелік ету

1. Куәлікте көрсетілген барлық тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге не олардың бір бөлігіне қатысты тауар белгісіне айрықша құқықты оның иесі басқа тұлғаға шарт бойынша беруі мүмкін.

Егер тауарға немесе оны жасаушыға қатысты жаңылыстыруға себепші болатын болса, тауар белгісіне айрықша құқықты өткізіп беруге жол берілмейді.

2. Тауар белгісін пайдалануға құқықты тауар белгісінің иесі басқа тұлғаға куәлікте көрсетілген барлық тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге не олардың бір бөлігіне қатысты лицензиялық шарт, кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты немесе өзге де шарт бойынша беруі мүмкін.

Тауар белгісін пайдалануға құқық беру туралы шартта тауар белгісін пайдалануға жол берілетін аумақ көрсетілуге тиіс. Егер тауар белгісін пайдалануға жол берілетін аумақ шартта көрсетілмесе, лицензиат тауар белгісін пайдалануды Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында жүзеге асыруға құқылы.

Тауар белгісін пайдалануға құқық беру туралы шартта тауар белгісін пайдалануға құқықтың қолданылу мерзімі көрсетілуге тиіс. Тауар белгісін пайдалануға құқықтың қолданылу мерзімі уақыт бойынша шектелген не шектелмеген болуы мүмкін, бұл ретте уақыт бойынша шектелген мерзім шартта айқындалған өзге мерзімге автоматты түрде ұзартылуға жатуы мүмкін. Егер тауар белгісін пайдалануға құқықтың қолданылу мерзімі шартта көрсетілмесе, мұндай мерзім бес жылға тең деп есептеледі.

Тауар белгісін пайдалануға құқық беру туралы шартта тауарлардың немесе көрсетілетін қызметтердің сапасы тауар белгісі иесінің тауарлары мен көрсетілетін қызметтерінің сапасынан төмен болмайтыны және тауар белгісі иесінің осы талаптың орындалуына бақылауды жүзеге асыруға құқығы бар екені туралы талап қамтылуға тиіс.

Тауар белгісіне құқықтың қолданылуы тоқтатылған кезде тауар белгісін пайдалануға құқық беру туралы шарттың қолданылуы тоқтатылады.

Тауар белгісіне айрықша құқықтың басқа тұлғаға ауысуы тауар белгісін пайдалануға құқық беру туралы шартты тоқтатуға әкеп соқпайды.

3. Барлық тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге не олардың бір бөлігіне қатысты тауар белгісіне айрықша құқық, сондай-ақ барлық тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге не олардың бір бөлігіне қатысты тауар белгісін пайдалану құқығы кепіл нысанасы бола алады.

4. Тауар белгісіне құқықты беру туралы шарт, тауар белгісін пайдалануға құқық беру туралы шарт, тауар белгісіне айрықша құқықтың кепіл шарты, тауар белгісін пайдалануға құқықтың кепіл шарты жазбаша нысанда жасалуға тиіс. Жазбаша нысанды сақтамау шарттың жарамсыздығына әкеп соғады.

Шарт бойынша тауар белгісіне айрықша құқықты беру, лицензиялық шарт, кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты немесе өзге де шарт бойынша тауар белгісін пайдалануға құқықты беру, лицензиялық шартқа, кешенді кәсіпкерлік лицензия шартына немесе өзге де шартқа қосымша келісім жасауға орай тауар белгісін пайдалануға құқық берудің талаптарын өзгерту, мұндай берудің күшін жою, шарт бойынша тауар белгісіне айрықша құқықтың кепілі, шарт бойынша тауар белгісін пайдалануға құқықтың кепілі, сол сияқты тауар белгісіне айрықша құқықтың құқықтық мирасқорлық тәртібімен ауысуы сараптама ұйымында мемлекеттік тіркелуге жатады. Шарт бойынша тауар белгісіне айрықша құқықты беруді, лицензиялық шарт, кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты немесе өзге де шарт бойынша тауар белгісін пайдалануға құқық беруді, шартқа қосымша келісім жасауға орай тауар белгісін пайдалануға құқық берудің талаптарын өзгертуді, мұндай берудің күшін жоюды, шарт бойынша тауар белгісіне айрықша

құқықтың кепілін, шарт бойынша тауар белгісін пайдалануға құқықтың кепілін, сол сияқты тауар белгісіне айрықша құқықтың құқықтық мирасқорлық тәртібімен ауысуын мемлекеттік тіркеу туралы талаптар сақталмаған кезде олар өткізілмеді деп есептеледі.

Шарт бойынша тауар белгісіне айрықша құқықты беруді, лицензиялық шарт, кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты немесе өзге де шарт бойынша тауар белгісін пайдалануға құқық беруді, лицензиялық шартқа, кешенді кәсіпкерлік лицензия шартына немесе өзге де шартқа қосымша келісім жасауға орай тауар белгісін пайдалануға құқық берудің талаптарын өзгертуді, мұндай берудің күшін жоюды, шарт бойынша тауар белгісіне айрықша құқықтың кепілін, шарт бойынша тауар белгісін пайдалануға құқықтың кепілін мемлекеттік тіркеуді (бұдан әрі – тауар белгісіне айрықша құқықты иелік етуді тіркеу) сараптама ұйымы жүргізетін, құжаттарды сараптамалық тексеру нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

5. Шарт бойынша тауар белгісіне айрықша құқықты өткізіп беруді тіркеу үшін сараптама ұйымына белгіленген нысанда өтініш ұсынылады. Өтінішті тауар белгісінің иесі не тауар белгісіне айрықша құқықты иемденген тұлға (құқықтық мирасқор) бере алады.

Өтініште: шарттың түрі, шарт тараптары туралы мәліметтер, тауар белгісін тіркеу нөмірі көрсетіле отырып, шарттың нысанасы көрсетілуге тиіс.

Өтінішке:

1) өтініш патенттік сенім білдірілген өкіл немесе өзге өкіл арқылы берілген жағдайда – сенімхаттың көшірмесі;

2) сараптама ұйымы көрсететін қызметтерге ақы төленгенін растайтын құжат;

3) өтініш берушінің таңдауы бойынша мынадай төлнұсқа құжаттардың бірі: тауар белгісіне айрықша құқықты өткізіп беру туралы шарт; өтініште көрсетілетін мәліметтерді қамтитын, тараптар қол қойған, шарттан үзінді көшірмесі қоса беріледі. Төлнұсқа құжаттардың орнына олардың нотариат куәландырған көшірмелері ұсынылуы мүмкін.

Егер шарт бойынша бірден көп тауар белгісіне айрықша құқықтар өткізіп берілсе, шарт бойынша тараптар әрбір тауар белгісі үшін сол бір тұлғалар болып табылатын және өтініште мұндай тауар белгілерінің нөмірі көрсетілген жағдайда, сараптама ұйымына белгіленген нысанда бір өтініш берілуі мүмкін. Өтініш бір шарт бойынша тауар белгілеріне айрықша құқықтарды өткізіп беруге қатысты болуға тиіс.

Тауарлар мен көрсетілетін қызметтер бөлігіне қатысты тауар белгісіне айрықша құқық шарты бойынша берілген жағдайда, сараптама ұйымы тауар белгісінің иесі өзгергені орын алған тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге қатысты тіркеу нөмірін береді.

6. Лицензиялық шарт, кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты немесе өзге де шарт бойынша тауар белгісін пайдалануға құқық беруді тіркеу үшін сараптама ұйымына

белгіленген нысанда өтініш ұсынылады. Өтінішті мұндай шарт жасалған күннен бастап алты айдан кешіктірілмейтін мерзімде шарт тараптарының бірі бере алады.

Өтініште: шарттың түрі, оның жасалған күні, шарт тараптары туралы мәліметтер, тауар белгісін тіркеу нөмірі көрсетіле отырып, шарттың нысанасы, шартта көзделген, тауарлар және (немесе) көрсетілетін қызметтерге қатысты лицензия берілетін, ТҚХС сыныптары бойынша топталған тауарлар және (немесе) көрсетілетін қызметтер, лицензияның түрі, лицензияның қолданылу мерзімі, лицензия қолданылатын аумақ көрсетілуге тиіс.

Өтінішке:

1) өтініш патенттік сенім білдірілген өкіл немесе өзге өкіл арқылы берілген жағдайда – сенімхаттың көшірмесі;

2) сараптама ұйымы көрсететін қызметтерге ақы төленгенін растайтын құжат;

3) өтініш берушінің таңдауы бойынша мынадай төлнұсқа құжаттардың бірі: тауар белгісін пайдалануға құқық беру туралы шарт (лицензиялық шарт, кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты немесе өзге де шарт); өтініште көрсетілетін мәліметтерді қамтитын, тараптар қол қойған шарттан үзінді көшірме; өтініште көрсетілетін мәліметтерді қамтитын, шарт тараптары қол қойған белгіленген нысандағы хабарлама қоса беріледі. Төлнұсқа құжаттардың орнына олардың нотариат куәландырған көшірмелері ұсынылуы мүмкін.

Егер шарт бойынша бірден көп тауар белгісін пайдалануға құқық берілсе, өтініште көрсетілген мәліметтер әрбір тауар белгісі қолданылатыны және өтініште мұндай тауар белгілерінің нөмірі көрсетілуі тиіс шартымен сараптама ұйымына белгіленген нысанда бір өтініш ұсынылуы мүмкін. Өтініш бір шарт бойынша тауар белгілерін пайдалануға құқық беруге қатысты болуға тиіс.

7. Лицензиялық шартқа, кешенді кәсіпкерлік лицензия шартына немесе өзге де шартқа қосымша келісім жасауға орай тауар белгісін пайдалануға құқық берудің талаптарын өзгертуді тіркеу үшін сараптама ұйымына белгіленген нысанда өтініш ұсынылады. Өтінішті қосымша келісім жасалған күннен бастап алты айдан кешіктірілмейтін мерзімде шарт тараптарының бірі бере алады.

Өтініште осы баптың 6-тармағының екінші абзацында көрсетілген ақпарат, сондай-ақ қосымша келісімнің жасалған күні және тауар белгісін пайдалануға құқық берудің талаптарын өзгертуге қатысты ақпарат көрсетілуге тиіс.

Өтінішке:

1) өтініш патенттік сенім білдірілген өкіл немесе өзге өкіл арқылы берілген жағдайда – сенімхаттың көшірмесі;

2) сараптама ұйымы көрсететін қызметтерге ақы төленгенін растайтын құжат;

3) өтініш берушінің таңдауы бойынша мынадай төлнұсқа құжаттардың бірі: лицензиялық шарт, кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты немесе өзге де шарт бойынша тауар белгісін пайдалануға құқық берудің талаптарын өзгертуді растайтын қосымша

келісім; өтініште көрсетілетін мәліметтерді қамтитын, тараптар қол қойған қосымша келісімнен үзінді көшірме; өтініште көрсетілетін мәліметтерді қамтитын, шарт тараптары қол қойған белгіленген нысандағы хабарлама қоса беріледі. Төлнұсқа құжаттардың орнына олардың нотариат куәландырған көшірмелері ұсынылуы мүмкін.

Өтініш шартқа бір қосымша келісім жасауға орай тауар белгілерін пайдалануға құқық берудің талаптарын өзгертуге қатысты болуға тиіс.

8. Лицензиялық шарт, кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты немесе өзге де шарт бойынша тауар белгісін пайдалануға құқық берудің күшін жоюды тіркеу үшін сараптама ұйымына белгіленген нысанда өтініш ұсынылады. Өтінішті шарт тараптарының бірі бере алады.

Өтініште осы баптың 6-тармағының екінші абзацында көрсетілген ақпарат, сондай-ақ тауар белгісін пайдалануға құқық берудің күшін жоюға қатысты ақпарат көрсетілуге тиіс.

Өтінішке:

1) өтініш патенттік сенім білдірілген өкіл немесе өзге өкіл арқылы берілген жағдайда – сенімхаттың көшірмесі;

2) сараптама ұйымы көрсететін қызметтерге ақы төленгенін растайтын құжат;

3) өтініш берушінің таңдауы бойынша мынадай төлнұсқа құжаттардың бірі: лицензиялық шарт, кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты немесе өзге де шарт бойынша тауар белгісін пайдалануға құқық берудің күшін жоюды растайтын келісім; өтініште көрсетілетін мәліметтерді қамтитын, тараптар қол қойған, келісімнен үзінді көшірме; өтініште көрсетілетін мәліметтерді қамтитын, шарт тараптары қол қойған белгіленген нысандағы хабарлама қоса беріледі. Төлнұсқа құжаттардың орнына олардың нотариат куәландырған көшірмелері ұсынылуы мүмкін.

Өтініш бір шарт бойынша тауар белгілерін пайдалануға құқық берудің күшін жоюға қатысты болуға тиіс.

9. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, қосалқы лицензиялық шарт немесе кешенді кәсіпкерлік қосалқы лицензия шарты бойынша тауар белгісін пайдалануға құқық беруді, қосалқы лицензиялық шартқа немесе кешенді кәсіпкерлік қосалқы лицензия шартына қосымша келісім жасауға орай тауар белгісін пайдалануға құқық берудің талаптарын өзгертуді, мұндай берудің күшін жоюды тіркеу тәртібіне тиісінше лицензиялық шарт немесе кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты бойынша тауар белгісін пайдалануға құқық беруді, лицензиялық шартқа немесе кешенді кәсіпкерлік лицензия шартына қосымша келісім жасауға орай тауар белгісін пайдалануға құқық берудің талаптарын өзгертуді, мұндай берудің күшін жоюды тіркеу туралы ережелер қолданылады.

10. Шарт бойынша тауар белгісіне айрықша құқықтың кепілін, шарт бойынша тауар белгісін пайдалануға құқықтың кепілін тіркеу үшін сараптама ұйымына белгіленген

нысанда өтініш ұсынылады. Өтінішті мұндай шарт жасалған күннен бастап алты айдан кешіктірілмейтін мерзімде шарт тараптарының бірі бере алады.

Өтініште: шарттың түрі, шарттың жасалған күні, шарт тараптары туралы мәліметтер, тауар белгісін тіркеу нөмірі көрсетіле отырып, шарттың нысанасы, кепіл шартының қолданылу мерзімі, шартта көзделген, кепіл берушінің тауар белгісін пайдалану не тауар белгісіне айрықша құқықты билік ету құқығын шектеулер көрсетілуге тиіс.

Өтінішке:

1) өтініш патенттік сенім білдірілген өкіл немесе өзге өкіл арқылы берілген жағдайда – сенімхаттың көшірмесі;

2) сараптама ұйымы көрсететін қызметтерге ақы төленгенін растайтын құжат;

3) өтініш берушінің таңдауы бойынша мынадай төлнұсқа құжаттардың бірі: тауар белгісіне айрықша құқықтың кепіл шарты (тауар белгісін пайдалануға құқық); өтініште көрсетілетін мәліметтерді қамтитын, тараптар қол қойған шарттан үзінді көшірме; өтініште көрсетілетін мәліметтерді қамтитын, шарт тараптары қол қойған белгіленген нысандағы хабарлама қоса беріледі. Төлнұсқа құжаттардың орнына олардың нотариат куәландырған көшірмелері ұсынылуы мүмкін.

Егер шарт бойынша бірден көп тауар белгісіне құқықтар кепілге берілсе, өтініште көрсетілген мәліметтер әрбір тауар белгісіне қолданылатыны және өтініште мұндай тауар белгілерінің нөмірі көрсетілуі шартымен сараптама ұйымына белгіленген нысанда бір өтініш ұсынылуы мүмкін. Өтініш бір шарт бойынша тауар белгілеріне құқықтар кепіліне қатысты болуға тиіс.

11. Осы баптың 5 – 8, 10-тармақтарында көрсетілген өтініш және өтінішке қоса бертілетін құжаттар қазақ немесе орыс тілінде ұсынылады. Егер өтініш және (немесе) өтінішке қоса берілетін құжаттар басқа тілде ұсынылса, өтінішке олардың патенттік сенім білдірілген өкіл, өтініш берушінің өкілі куәландырған не нотариат куәландырған қазақ немесе орыс тіліндегі аудармасы қоса беріледі. Шетелдік заңды тұлғалардың атаулары өтініште қазақ және (немесе) орыс транслитерациясында көрсетілуге тиіс.

Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде тұратын шетелдік заңды тұлғалар және жеке тұлғалар тауар белгісіне айрықша құқыққа иелік етуді тіркеуге байланысты құқықтарды Қазақстан Республикасының патенттік сенім білдірілген өкілдері арқылы жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде уақытша жүрген оның азаматтары Қазақстан Республикасы аумағының шегінде хат-хабар алмасу үшін мекенжайын көрсеткен кезде тауар белгісіне айрықша құқыққа иелік етуді тіркеуге байланысты құқықтарды жеке өзі жүзеге асыруға құқылы.

12. Сараптама ұйымы осы баптың 5 – 11-тармақтарында көрсетілген талаптарға сәйкес берілген өтініштерді қарауға қабылдайды.

Өтінішке қоса берілетін құжаттарда сараптама ұйымы көрсететін қызметтерге ақы төленгенін растайтын құжат болмаған жағдайда, өтініш берушіге шығарылған шотқа сәйкес тиісті төлемақы жүргізу қажеттігі туралы хабарлама жіберіледі. Бұл жағдайда сараптама ұйымы көрсететін қызметтерге ақы төленгенін растайтын құжат сараптама ұйымына келіп түскен күн өтініш сараптама ұйымына келіп түскен күн деп есептеледі. Төлемақы туралы құжат бір ай мерзімде ұсынылмаған кезде өтініш берілмеді деп танылады, бұл жөнінде өтініш берушіге тиісті хабарлама жіберіледі. Хабарлама жіберіле отырып, өтініш берушіге өтінішке қоса берілетін барлық материалдар қайтарылады.

Қарауға қабылданған өтініштер бойынша сараптама ұйымы отыз жұмыс күні ішінде құжаттарға сараптамалық тексеру жүргізеді, оның барысында тауар белгісіне айрықша құқыққа иелік ету фактісін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкестігі тұрғысынан зерделеу жүргізіледі.

13. Жоюға болатын, тауар белгісіне айрықша құқыққа иелік етуді тіркеуге кедергі келтіретін негіздер:

1) айрықша құқыққа иелік ету өтініш берушінің келісімімен жүргізілетін тауар белгісі куәлігінің қолданылуын тоқтату, бірақ оны қалпына келтіру мүмкіндігінің болуы;

2) тараптардың тауар белгісін пайдалануға құқықты беруге кедергі келтіретін, қабылданған міндеттемелердің болуы;

3) құжаттардың толық емес топтамасының ұсынылуы не ұсынылған құжаттардың Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес келмеуі;

4) ұсынылған құжаттарда Тауар белгілерінің мемлекеттік тізілімінде, Халықаралық тізілімде қамтылған мәліметтерге сәйкес келмейтін мәліметтердің болуы мүмкін.

14. Құжаттарды ресімдеуге қойылатын талаптар бұзылған немесе осы баптың 13-тармағында көрсетілген негіздер болған жағдайда, сараптама ұйымы сауал жіберілген күннен бастап үш ай мерзімде жетіспейтін немесе түзетілген құжаттарды ұсыну немесе қажетті өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныспен өтініш берушіге сауал жібереді. Бұл жағдайда құжаттарға сараптамалық тексеруді жүргізу мерзімі жетіспейтін немесе түзетілген құжаттар ұсынылған күннен бастап есептеледі.

15. Сараптама ұйымы мынадай негіздер болған кезде тауар белгісіне айрықша құқыққа иелік етуді тіркеуден бас тарту туралы шешім шығарады:

1) айрықша құқыққа иелік ету өтінішке сәйкес жүргізілетін тауар белгісін тіркеудің қолданылуын тоқтату және оны қалпына келтіру мүмкіндігінің болмауы;

2) сараптама ұйымының сұрау салуына үш ай ішінде жауапты уақтылы ұсынбау;

3) тараптардың тауар белгісіне айрықша құқыққа иелік етуге қажетті құқықтарының болмауы;

4) қосалқы лицензиялық шарт немесе кешенді кәсіпкерлік қосалқы лицензия шарты бойынша тауар белгісін пайдалану құқығын беруді тіркеу кезінде: лицензиялық шартта

немесе кешенді кәсіпкерлік лицензия шартында лицензиаттың қосалқы лицензиялық шарт немесе кешенді кәсіпкерлік қосалқы лицензия шарты бойынша тауар белгісін пайдалануға құқық беруге өкілеттіктерінің болмауы не лицензиялық шарт немесе кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты бойынша тауар белгісін пайдалануға құқық беруді мемлекеттік тіркеудің болмауы;

5) тауар белгісіне құқықты өткізіп берудің тауарға немесе оны жасаушыға қатысты жаңылыстыруға себепші болуы.

16. Сараптамалық тексерудің нәтижесі оң болған кезде сараптама ұйымы екі жұмыс күні ішінде тауар белгісіне айрықша құқыққа иелік етуді тіркеу туралы шешім шығарады.

Сараптама ұйымы тіркелген, айрықша құқыққа иелік ету бойынша:

1) өтініш берушіге хат-хабар алмасу үшін өтініште көрсетілген мекенжайы бойынша тіркеу туралы хабарлама жібереді;

2) тауар белгісіне айрықша құқыққа иелік ету туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасының Тауар белгілері мемлекеттік тізіліміне енгізеді;

3) тауар белгісіне айрықша құқыққа иелік ету туралы мәліметтерді бюллетеньде жариялайды.

Сараптама ұйымы тауар белгісіне айрықша құқыққа иелік етуді тіркеуден бас тарту туралы шешім шығарған жағдайда, қаралып отырған өтініш бойынша құжаттар тіркеуден бас тарту туралы шешіммен бірге хат-хабар алмасу үшін өтініште көрсетілген мекенжайы бойынша өтініш берушіге қайтарылады.

17. Тауар белгісіне айрықша құқықты өткізіп беру туралы шарт бойынша тауар белгісіне айрықша құқық мұндай өткізіп беру мемлекеттік тіркелген күннен бастап бұрынғы иесінен тауар белгісіне айрықша құқықты иемденген тұлғаға (құқықтық мирасқорға) өтті деп есептеледі.

Шарт бойынша тауар белгісін пайдалануға құқық мұндай беру мемлекеттік тіркелген күннен бастап лицензиатқа (кешенді лицензиатқа) берілді деп есептеледі.

Шарт бойынша тауар белгісін пайдалануға құқық берудің талаптарын өзгерту мұндай өзгеріс мемлекеттік тіркелген күннен бастап жүргізілді деп есептеледі.

Шарт бойынша тауар белгісін пайдалануға құқық берудің күшін жою мұндай күшін жою мемлекеттік тіркелген күннен бастап жүргізілді деп есептеледі.";

18) 23-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"23-бап. Тауар белгісін тіркеуге дау айту және оны жарамсыз деп тану

1. Тауар белгісін тіркеуге, егер ол осы Заңның 7-бабының 1-тармағының 1) – 3) тармақшаларын қоспағанда, 6 және 7-баптарында белгіленген талаптарды бұза отырып жүзеге асырылса, бүкіл қолданылу мерзімі ішінде немесе, егер ол осы Заңның 7-бабының 1-тармағының 1) – 3) тармақшаларында белгіленген талаптарды бұза отырып жүзеге асырылса, тауар белгісі тіркелген күннен бастап бес жыл ішінде дау айтылып және ол толық немесе ішінара жарамсыз деп танылуы мүмкін. Осы тармақта

көрсетілген негіздер бойынша кез келген мүдделі тұлға тауар белгісін тіркеуге қарсы уәкілетті органға қарсылық беруге құқылы.

2. Тауар белгісін тіркеуге, егер ол агенттің немесе Өнеркәсіптік меншікті қорғау жөніндегі Париж конвенциясына қатысушы елдердің бірінде бірдей немесе айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас тауар белгісінің иесі болып табылатын өкілдің атына жүргізілсе, соңғысының рұқсатынсыз бүкіл қолданылу мерзімі ішінде дау айтылып және ол толық немесе ішінара жарамсыз деп танылуы мүмкін. Осы тармақта көрсетілген негіз бойынша Өнеркәсіптік меншікті қорғау жөніндегі Париж конвенциясына қатысушы елдердің бірінде тіркелген тауар белгісінің иесі тауар белгісін тіркеуге қарсы уәкілетті органға қарсылық беруге құқылы.

3. Тауар белгісін тіркеуге, егер тауар белгісі біртектес тауарлар немесе көрсетілетін қызметтерге қатысты басқа тұлғаның фирмалық атауымен ұқсас немесе айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас болып табылса, айрықша құқығы Қазақстан Республикасында тауар белгісінің басымдығы күнінен ерте туындаған болса, дау айтылып және ол толық немесе ішінара жарамсыз деп танылуы мүмкін.

Осы тармақта көрсетілген негіз бойынша фирмалық атауы біртектес тауарлар немесе көрсетілетін қызметтерге қатысты тіркелген тауар белгісімен ұқсас немесе айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас болып табылатын заңды тұлға тауар белгісін тіркеуге қарсы уәкілетті органға қарсылық беруге құқылы.

4. Тауар белгісін тіркеуге қарсылықты апелляциялық кеңес ол келіп түскен күннен бастап алты ай ішінде қарауға тиіс. Қарсылық берген тұлғаның, сондай-ақ тауар белгісі иесінің дауды қарауға қатысуға құқығы бар.

5. Сараптама ұйымы Тауарлар белгілерінің мемлекеттік тізіліміне тауар белгісін тіркеуді жарамсыз деп тануға байланысты оның күшін жою туралы жазба енгізеді және бұл жөніндегі мәліметтерді ресми сайтта және бюллетенде жариялайды.

Тауарлар және (немесе) көрсетілетін қызметтер бөлігі үшін тауар белгісін тіркеу жарамсыз деп танылған жағдайда, сараптама ұйымы Тауарлар белгілерінің мемлекеттік тізіліміне тауарлардың және (немесе) көрсетілетін қызметтердің осы бөлігі үшін тауар белгісін тіркеудің күшін жою туралы жазба енгізеді, күшін жою туралы мәліметтерді ресми сайт пен бюллетеньде жариялайды.";

19) 24-баптың 1-тармағында:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) тауар белгісі иесінің – жеке тұлғаның қайтыс болуына, заңды тұлғаның таратылуына байланысты;"

мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

"6) егер тауар белгісін пайдалану тұтынушыны тауарға немесе оны жасаушыға қатысты жаңылыстыруы мүмкін болса, Қазақстан Республикасында жалпыға бірдей белгілі деп танылған тауар белгісімен бірдей немесе айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас болса, тоқтатылады.";

20) 29-бапта:

2-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) осы географиялық объектіге тән табиғи жағдайлармен және (немесе) адам факторларымен анықталатын тауардың айрықша қасиеттерінің сипаттамасын немесе оның сапасы, репутациясы, өзге де сипаттамалары туралы ақпаратты;"

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Егер атауы тауар шығарылған жердің атауы ретінде мәлімделетін географиялық объект Қазақстан Республикасының аумағында орналасса, осы географиялық объектінің шекарасында өтінім беруші тауар өндіретіні туралы жергілікті атқарушы органның қорытындысы, сондай-ақ келесі критерийлердің бірін: ұсынылып отырған тауар саласына жатқызылатын уәкілетті орган берген осы географиялық объектіге тән табиғи жағдайлармен және (немесе) адам факторларымен анықталатын тауардың айрықша қасиеттерін, сапасын, репутациясын немесе өзге де сипаттамаларын растайтын, мәлімделген тауар жатқызылатын салаға уәкілетті орган берген құжат өтінімге қоса беріледі.

Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан, тауар шығарылған жердің бұрын тіркелген атауына құқық беруге арналған өтінімге осы географиялық объектінің шекарасында өтінім беруші тауар өндіретіні туралы жергілікті атқарушы органның қорытындысы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Тауарлар шығарылған жерлер атауының мемлекеттік тізілімінде көрсетілген ерекше қасиеттерінің бар екенін растайтын, мәлімделген тауар жатқызылатын салаға уәкілетті орган берген құжат қоса беріледі.

Өтінімге сараптама ұйымының сараптама жүргізу бойынша көрсететін қызметтеріне ақы төленгенін растайтын құжат та қоса беріледі. Төлемақы мөлшері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленеді.

Іс жүргізу өкіл арқылы жүргізілген жағдайда, өтінімге сенімхаттың көшірмесі қоса беріледі.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Тауар шығарылған жердің атауына өтінімді беру, қарау, тауар шығарылған жердің атауын және тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығын тіркеу қағидаларын уәкілетті орган белгілейді.";

21) 31-баптың 1-тармағының бірінші абзацындағы "уәкілетті орган" деген сөздер "сараптама ұйымы" деген сөздермен ауыстырылсын;

22) 33-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Тауар шығарылған жер атауын пайдалану құқығының иесі тіркеу туралы мәліметтерге қатысты өзгерістер жайында сараптама жасау ұйымына хабарлап отыруға міндетті. Өзгерістер туралы жазбаны сараптама ұйымы Тауарлар шығарылған жер атауларының мемлекеттік тізіліміне және куәлікке енгізеді.";

23) 35-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"35-бап. Тіркеу туралы мәліметтерді жариялау

Тауарлар шығарылған жерлер атауының мемлекеттік тізіліміне енгізілген тауарлар шығарылған жерлердің атауын тіркеуге қатысты мәліметтерді сараптама ұйымы Тауарлар шығарылған жерлер атауының мемлекеттік тізіліміне тікелей жазылғаннан кейін екі ай ішінде бюллетеньде және өзінің интернет-ресурсында жариялайды. Тауар шығарылған жердің атауын тіркеуге қатысты өзгерістерді сараптама ұйымы Тауарлар шығарылған жерлер атауының мемлекеттік тізіліміне мәліметтер енгізілген күннен бастап үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде өзінің ресми сайтында және Тауарлар шығарылған жерлер атауының мемлекеттік тізіліміне мәліметтер енгізілгеннен кейін келесі айда бюллетеньде жариялайды.";

24) 37-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығының иесіне оны пайдалану құқығы тиесілі болады. Тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығы Тауарлар шығарылған жерлер атауының мемлекеттік тізілімінде тауар белгісі тіркелген күннен бастап оның иесінде туындайды.";

25) 40-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Сараптама ұйымы Тауарлар шығарылған жерлер атауының мемлекеттік тізіліміне тауар шығарылған жер атауын тіркеудің және (немесе) тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығының қолданылуын тоқтату туралы жазба енгізеді және бұл жөніндегі мәліметтерді ресми сайтта және бюллетеньде жариялайды.";

26) 41-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"41-бап. Апелляциялық кеңес

1. Апелляциялық кеңес уәкілетті органның осы Заңның 12-бабының 6-тармағына, 19-бабының 4-тармағына, 23-бабының 1, 2, 3-тармақтарына және 39-бабының 2-тармағына сәйкес берілетін қарсылықтар бойынша дауларды сотқа дейін қарау жөніндегі алқалы органы болып табылады. Апелляциялық кеңес туралы ережені уәкілетті орган бекітеді.

Осы баптың 1-тармағында көрсетілген қарсылықтар бойынша дауларды сотқа дейін қарау міндетті болып табылады.

2. Апелляциялық кеңеске мынадай:

1) сараптама ұйымының тауар белгісін тіркеуден бас тарту туралы шешімдеріне, оның ішінде Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары шеңберінде мәлімделген және Қазақстан Республикасында кеңінен қолдануға болатын тауар белгісіне құқықтық қорғау беруден бас тартуға;

2) сараптама ұйымының тауар шығарылған жердің атауын тіркеуден және (немесе) пайдалану құқығын беруден бас тарту туралы шешімдеріне;

3) тауар белгісін тіркеуге, оның ішінде Мадрид келісімінің 5-бабының 6-тармағына сәйкес тіркеуге;

4) тауар шығарылған жердің атауын тіркеуге және (немесе) пайдалану құқығын беруге;

5) пайдаланылмауына байланысты тауар белгісін тіркеу әрекеттеріне, оның ішінде Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары шеңберінде мәлімделген және Қазақстан Республикасында кеңінен қолдануға болатын тауар белгілеріне құқықтық қорғау әрекеттеріне қарсылықтар берілуі мүмкін.

Осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген қарсылықтарды өтініш беруші немесе оның құқықтық мирасқоры тікелей өзі не өкіл арқылы береді.

Осы тармақтың 3) - 5) тармақшаларында көзделген қарсылықтарды кез келген мүдделі тұлға тікелей өзі не өкіл арқылы береді.

Қарсылықтар апелляциялық кеңеске қолма қол, пошта арқылы, факсимильдік байланыс арқылы не электрондық пошта арқылы мемлекеттік тілде немесе орыс тілінде беріледі. Егер қарсылық факсимильдік байланыс немесе электрондық пошта арқылы берілсе, ол осындай қарсылық алынған күннен бастап бір айдан кешіктірілмей қағаз жеткізгіштегі түпнұсқасымен расталуға тиіс.

Қарсылықтар осы Заңда белгіленген мерзімдер ішінде беріледі.

Осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген қарсылықтарды берудің өтініш беруші өткізіп алған мерзімі өтініш берушінің өтінішхаты бойынша осы Заңда белгіленген мерзімдер ішінде қалпына келтіріледі. Мұндай өтінішхат апелляциялық кеңеске қарсылықпен бір мезгілде ұсынылады.

3. Қарсылық патенттік сенім білдірілген өкіл немесе өзге өкіл арқылы берілген жағдайда, тиісті сенімхат мемлекеттік тілде немесе орыс тілінде ресімделуге тиіс. Егер сенімхат басқа тілде (шетел тілінде) ресімделсе, онда бұл мемлекеттік тілге немесе орыс тіліне аударылуға тиіс, бұл ретте сенімхаттың мұндай аудармасын нотариат куәландыруға тиіс. Қарсылық материалдарына нотариат куәландырған сенімхаттың түпнұсқасы қоса беріледі немесе нотариат куәландырғанын растау үшін ол апелляциялық кеңестің хатшысына көшірмесімен бірге ұсынылады.

4. Берілген қарсылық апелляциялық кеңестің отырысында осы Заңда көрсетілген мерзім ішінде қаралуға тиіс. Қарсылықты қарау мерзімі қарсылықты берген тұлғаның, сондай-ақ қорғау құжаты иесінің өтініші бойынша, бірақ қарсылықты қарау үшін белгіленген мерзім өткен күннен бастап алты айдан асырмай ұзартылуы мүмкін.";

27) 41-2-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"41-2-бап. Қарсылықты апелляциялық кеңестің отырысында қарау

1. Қарсылықты қарау құрамында кемінде бес мүшесі бар апелляциялық кеңестің отырысында жүзеге асырылады. Дауды қарау басталған кезге дейін апелляциялық кеңестің дербес құрамының құпиялылығы қамтамасыз етілуге тиіс.

Апелляциялық кеңестің құрамына апелляциялық кеңестің отырысына қатысушылардың жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) немесе жекжаттары болып табылатын адамдардың кіруіне жол берілмейді.

Тараптар (қарсылық берген тұлғалар, тіркелуіне апелляциялық кеңесте дау айтылып жатқан тауар белгілерінің иелері, тауарлар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығының иелері, сараптама ұйымының өкілдері), ғылыми ұйымдардың өкілдері және тиісті бейіндегі мамандар апелляциялық кеңестің отырысына қатысушылар болып табылады.

Осы Заңда жақын туыстары деп – ата-аналары (ата-анасы), балалары, асырап алушылары, асырап алынғандары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері (қарындастары), атасы, әжесі, немерелері, жекжаттары деп жұбайының (зайыбының) аға-інілері, апа-сіңлілері (қарындастары), ата-аналары мен балалары түсініледі.

Ғылыми ұйымдардың өкілдері және тиісті бейіндегі мамандар қорытынды ұсыну үшін апелляциялық кеңестің отырысына шақырылуы мүмкін.

Апелляциялық кеңестің әр отырысында хаттама толтырылып, апелляциялық кеңес шешімінің қарарлық бөлігі қамтылуға тиіс.

2. Апелляциялық кеңес отырысты өткізу мерзімдерін мынадай жағдайларда:

1) қарсылықты қарауға қатысу құқығы бар тұлғалардың біреуі келмегендіктен, қарсылықты бұл отырыста қарау мүмкін болмағанда;

2) мәні бойынша шешім қабылдау үшін жетіспейтін, қосымша құжаттарды (дәлелдемелерді) тараптардың ұсынуы қажет болғанда;

3) тараптардың өтінішхаты бойынша кейінге қалдыруға құқылы.

3. Апелляциялық кеңестің отырысына қатысушылардың:

1) іс материалдарымен, оның ішінде апелляциялық кеңестің отырысын жүргізу хаттамасымен танысуға, олардан үзінді көшірмелер жасауға, олардың көшірмесіне тапсырыс беруге және оны алуға;

2) апелляциялық кеңестің мүшелеріне қарсылық білдіруін мәлімдеуге;

3) дәлелдемелер ұсынуға, дәлелдемелерді зерттеуге қатысуға;

4) апелляциялық кеңес отырысының қатысушыларына сұрақтар қоюға, өтінішхаттар мәлімдеуге;

5) апелляциялық кеңестің отырысы барысында туындайтын барлық мәселелер бойынша ауызша және жазбаша түсініктер беруге, өзінің дәлелдері мен пайымдауларын ұсынуға;

6) апелляциялық кеңес отырысының басқа қатысушыларының өтінішхаттарына, дәлелдеріне қарсылық білдіруге;

7) қарсылықты өздері болмағанда қарау және өзіне шешімнің көшірмесін жіберу туралы өтінішхатты мәлімдеуге құқығы бар.

4. Апелляциялық кеңес, егер бұл қарсылықтың мән-жайлары бойынша қажет болса, апелляциялық кеңестің отырысына тараптардың қатысуын міндетті деп тануы мүмкін.

Қарсылықты қарауға қатысатын, апелляциялық кеңес отырысының уақыты мен орны туралы тиісінше хабарланған тұлға өкілінің келмеуі қарсылықты қарауға кедергі

болып табылмайды. Апелляциялық кеңес қарсылықты қарауға қатысатын тұлғаның өтінішхаты бойынша, оның өкілінің дәлелді себеппен келмеуіне байланысты қарсылықты қарауды кейінге қалдыруы мүмкін.

5. Апелляциялық кеңес қарсылықтың мәні бойынша шешім шығарады. Апелляциялық кеңес қарсылықтың нысанасын немесе негізін өз бастамасымен өзгертуге құқылы емес.

Шешім апелляциялық кеңес мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған кезде апелляциялық кеңестің отырысында төрағалық етушінің дауысы шешуші болып табылады.

Қарсылықтарды қарау нәтижелері бойынша мынадай:

- 1) қарсылықты қанағаттандыру туралы;
- 2) қарсылықты ішінара қанағаттандыру туралы;
- 3) қарауға апелляциялық кеңес құзыретінің болмауына байланысты қарсылықты қарауды тоқтату туралы;
- 4) қарсылықты қанағаттандырудан бас тарту туралы шешімдер шығарылады.

6. Апелляциялық кеңестің шешімі кіріспелік, сипаттамалық, уәждемелік және қарарлық бөліктерден тұратын жазбаша нысанда баяндалады және оған апелляциялық кеңестің барлық мүшелері қол қояды.

Апелляциялық кеңестің шешімі шығарылған күнінен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмей ол тараптарға жіберіледі.

7. Қарсылық берген тұлға, тауар белгісінің немесе тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығының иесі апелляциялық кеңестің шешіміне осы шешім шығарылған күннен бастап үш ай ішінде сотқа шағым жасауға құқылы.

8. Осы Заңның 19-бабының 4-тармағына, 23-бабының 1, 2, 3-тармақтарына, 39-бабының 2-тармағына сәйкес берілетін қарсылықтар бойынша апелляциялық кеңестің шешімі, егер оған шағым жасалмаса, оған сот тәртібімен шағым жасау мерзімі өткеннен кейін күшіне енеді.";

Осы Заңның 12-бабының 6-тармағына сәйкес берілетін қарсылықтар бойынша апелляциялық кеңестің шешімі жария етілген күнінен бастап күшіне енеді.";

28) мынадай мазмұндағы 41-3, 41-4-баптармен толықтырылсын:

"41-3-бап. Апелляциялық кеңестің шешіміндегі қате жазуларды және анық техникалық қателерді түзету

1. Қарсылық бойынша шешім жарияланғаннан кейін шешім шығарған апелляциялық кеңестің өзі оның күшін жоюға немесе өзгертуге құқылы емес.

2. Апелляциялық кеңес шешімде жіберілген қате жазуларды немесе анық техникалық қателерді өз бастамасы бойынша немесе қарсылықты қарауға қатысатын тұлғалардың арызы бойынша түзете алады.

Түзетулер енгізу туралы мәселе апелляциялық кеңестің отырысында шешіледі. Қарсылықты қарауға қатысатын тұлғаларға апелляциялық кеңес отырысының уақыты

мен орны туралы хабарланады, алайда олардың келмеуі түзетулер енгізу туралы мәселені қарау үшін кедергі болып табылмайды.

3. Апелляциялық кеңестің шешіміне түзетулер енгізу апелляциялық кеңестің шешімімен ресімделеді.

41-4-бап. Қарсылықты қараусыз қалдыру

1. Апелляциялық кеңес, егер:

1) қарсылық берген, апелляциялық кеңес отырысының өткізілу уақыты мен орны туралы тиісінше хабарланған, өзі болмағанда қарсылықты қарау туралы сұрамаған тұлға апелляциялық кеңестің отырысына екінші шақыру бойынша келмесе;

2) өзінің қарсылығын кері қайтарып алу туралы қарсылық берген тұлғаның өтінішхаты болса, қарсылықты қараусыз қалдырады.

2. Қарсылықты қараусыз қалдыру туралы шешім апелляциялық кеңес отырысының хаттамасында тіркеледі.";

29) 42-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"42-бап. Дауларды қарау

1. Мынадай даулар:

1) тауар белгісін немесе тауар шығарылған жердің атауына куәлік берудің құқыққа сыйымдылығы туралы;

2) тауар белгісі иесінің айрықша құқығын немесе тауар шығарылған жер атауын пайдалану құқығын бұзу туралы;

3) тауар белгісін пайдалануға лицензиялық шарттардың жасалуы мен орындалуы туралы;

4) тауар белгісін жалпыға бірдей белгілі деп танудың құқыққа сыйымдылығы туралы;

5) егер тауар белгісін пайдалану тұтынушыны тауарға немесе оны жасаушыға қатысты жаңылыстыруы мүмкін болса, Қазақстан Республикасында жалпыға бірдей белгілі деп танылған тауар белгісімен бірдей немесе айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас тауар белгісін тіркеудің қолданылуын тоқтату туралы;

6) куәліктен туындайтын құқықтарды қорғауға байланысты басқа да даулар сот тәртібімен қарауға жатады.

Осы баптың 1-тармағының 1), 4), 5), 6) тармақшаларында көрсетілгендерді қоспағанда, көрсетілген даулар тараптардың келісуі бойынша төрелік немесе медиация тәртібімен қаралуы мүмкін.

Осы Заңның 41-бабының 2-тармағында көрсетілген, уәкілетті органның шешімдеріне арыздар тиісті қарсылықтар апелляциялық кеңесте қаралғаннан кейін сотқа беріледі.

2. Сараптама ұйымы сот шешімінің негізінде тауар белгісін, жалпыға бірдей белгілі тауар белгісін немесе тауар шығарылған жердің атауын тіркеудің қолданылуын тоқтатуды, тауар белгісін пайдалану құқығын беруді немесе тауар белгісінің иесін

өзгертуді тіркеудің күшін жоюды қоса алғанда, Мемлекеттік тізілімдерге тиісті өзгерістер енгізеді, тіркеуге қатысты өзгерістер туралы мәліметтерді жариялауды жүргізеді.";

30) 43-баптың 1-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Тауар белгісін немесе тауар шығарылған жердің атауын рұқсатсыз пайдалану да тауар белгісі иесінің айрықша құқығын немесе тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығын бұзу деп танылады.";

31) 44, 45-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"44-бап. Тауар белгісі иесінің құқығын немесе тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығын бұзған тұлғалардың міндеттері

Тауар белгісін немесе тауар шығарылған жердің атауын не бірдей немесе олармен айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілемені құқыққа сыйымсыз пайдаланатын тұлға:

1) бұзушылықты тоқтатуға және тауар белгісінің немесе тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығының иесіне ол шеккен залалдың орнын толтыруға;

2) құқық иеленуші өзі немесе оның келісімімен салынған тауар белгісі немесе тауардың шыққан жерінің атауы бар тауарларды қоспағанда, заңсыз пайдаланылған тауар белгісі, тауардың шыққан жерінің атауы немесе одан айырғысыз дәрежеде ұқсас белгілеме орналастырылған тауарды және/немесе тауардың орамасын жоюға міндетті. Құқық иеленушінің өзі немесе оның келісімімен салынған тауар белгісі немесе тауардың шыққан жерінің атауы бар тауарлар құқық иеленушіге немесе ол белгілеген адамға не қайта экспорттау кедендік рәсіміне орналастырылады не азаматтық айналымнан алып тасталады. Құқық иеленушінің өзі салған немесе оның келісімімен салынған, сыртқы, жылулық немесе өзге де әсерге немесе тауардың сыртқы түрін, сапасын, қасиеттерін және өзге де сипаттамаларын өзгертуге немесе нашарлатуға алып келген қайта өңдеуге ұшыраған, тауар белгісі бар тауарлар немесе тауардың шыққан жерінің атауы жалпы негіздерде жойылуға жатады. Тауар белгісіне немесе тауардың шыққан жерінің атауына құқықтарды бұза отырып, мұндай тауарларды айналымға енгізу қоғамдық мүдделер үшін қажет болған жағдайларда, заңсыз пайдаланылатын тауар белгілері, тауардың шыққан жерінің атауы немесе онымен айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілеме тауардан және оның орамасынан жоюға жатады.

3) тауар белгісін немесе тауардың шыққан жерінің атауын немесе онымен айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілемені пайдалану кезінде қолданылатын материалдардан, оның ішінде құжаттамадан, жарнамадан, маңдайша жазулардан тауар белгісін немесе тауардың шыққан жерінің атауын немесе онымен айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілемені алып тастауға міндетті.

Құқық иеленуші бұзушылықтың сипатына қарай сот шешімімен айқындалатын бес жүз айлық есептік көрсеткіштен он мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі сомада

немесе тауар белгісі немесе тауардың шыққан жерінің атауы заңсыз орналастырылған тауарлар құнының екі еселенген мөлшерінде залалдарды өтеудің орнына құқық бұзушыдан өз таңдауы бойынша өтемақы төлемін талап етуге құқылы.

45-бап. Сараптама ұйымының әрекеттеріне ақы төлеу

Тауар белгісін немесе тауарлар шығарылған жерлердің атауын тіркеуге, сондай-ақ тауарлар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығын беруге, айрықша құқықты өткізіп беруді, тауар белгісін пайдалануға құқық беруді, мұндай беруді өзгертуді және оның күшін жоюды, тауар белгісіне айрықша құқықтың кепілін, тауар белгісін пайдалануға құқық кепілін тіркеуге байланысты заңдық маңызы бар әрекеттер жасағаны үшін төлемақы алынады.";

33) 46-баптың 1-тармағында:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, жоғары білімі және зияткерлік меншік саласында кемінде төрт жыл жұмыс өтілі бар, аттестаттаудан өткен және уәкілетті органда тіркелген Қазақстан Республикасының әрекетке қабілетті азаматы патенттік сенім білдірілген өкіл болуға құқылы.";

алтыншы, жетінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

"Патенттік сенім білдірілген өкілге аттестаттау емтиханын ойдағыдай тапсырған кандидатқа патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігі беріледі, оның нысанын уәкілетті орган белгілейді. Патенттік сенім білдірілген өкіл ретінде тіркеу туралы мәліметтер Патенттік сенім білдірілген өкілдер тізіліміне енгізіледі.

Патенттік сенім білдірілген өкілдікке кандидаттарды аттестаттаудан өткізу және патенттік сенім білдірілген өкіл ретінде тіркеу үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленетін мемлекеттік баж алынады.".

9. "Интегралдық микросхемалар топологияларын құқықтық қорғау туралы" 2001 жылғы 29 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 13-14, 181-құжат; 2004 ж., № 17, 100-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 21-22, 87-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 2, 13-құжат; № 14, 95-құжат; 2015 ж., № 20-VII, 119-құжат):

1) 4-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"4-бап. Уәкілетті орган

Уәкілетті орган осы Заңға сәйкес мынадай өкілеттіктерді жүзеге асырады:

1) тіркеуге өтінімдерді толтыруға және ресімдеуге қойылатын талаптарды белгілейді;

2) тіркеу тәртібін, тіркеу туралы куәліктің нысанын, онда көрсетілетін мәліметтердің құрамын, сондай-ақ бюллетеньде жарияланатын мәліметтердің тізбесін белгілейді;

3) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.";

2) мынадай мазмұндағы 4-1-баппен толықтырылсын:

"4-1-бап. Сараптама ұйымы

1. Сараптама ұйымы - интегралдық микросхемалар топологияларын қорғау саласында қызмет көрсету бойынша қызметті жүзеге асыратын, уәкілетті органға ведомстволық бағынысты ұйым.

2. Интегралдық микросхемалар топологияларына өтінімдер қабылдау және оларды тіркеуді жүзеге асыру, топологияны Интегралдық микросхемалар топологияларының мемлекеттік тізіліміне енгізу, топологияны тіркеу туралы куәлік беру, тіркелген топологиялар туралы мәліметтерді бюллетенде жариялау жөніндегі қызметті Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған сараптама ұйымы жүзеге асырады.";

3) 8-баптың 5-тармағының екінші, үшінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын :

"Тіркелген топологияға айрықша құқықты басқаға беру туралы шарт, тіркелген топологияны пайдалануға лицензиялық және қосалқы лицензиялық шарттар сараптама ұйымында тіркелуге тиіс.

Тіркеуден өтпеген топологияға айрықша құқықты басқаға беру туралы шарт, аталған топологияны пайдалануға лицензиялық және қосалқы лицензиялық шарттар сараптама ұйымында тараптардың келісімі бойынша тіркелуі мүмкін.";

4) 11-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Топологияның авторы немесе өзге де құқық иеленуші топологияны сараптама ұйымына тіркеуге өтінім беру арқылы тіркеуге құқылы.

Топологияны тіркеу туралы өтінім мемлекеттік тілде немесе орыс тілінде ұсынылады. Өтінімнің басқа құжаттары мемлекеттік, орыс немесе басқа тілдерде ұсынылады. Егер өтінімнің өзге құжаттары басқа тілде ұсынылса, өтінімге олардың мемлекеттік немесе орыс тілдеріндегі нотариат куәландырған аудармасы қоса беріледі. Аударма өтініммен бір мезгілде немесе басқа тілдегі құжаттарды қамтитын өтінім сараптама ұйымына келіп түскен күнінен бастап екі айдан кешіктірілмей ұсынылуы тиіс."

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Тіркеуге өтінім түскеннен кейін сараптама ұйымы қажетті құжаттардың болуын және осы баптың 3-тармағында жазылған талаптарға олардың сәйкестігін тексереді. Тексеру оң нәтиже берген жағдайда сараптама ұйымы топологияны Интегралдық микросхемалар топологияларының мемлекеттік тізіліміне енгізеді, өтініш берушіге

топологияны тіркеу туралы куәлік береді және тіркелген топология туралы мәліметтерді бюллетеньде жариялайды.

Өтініш беруші мәліметтер бюллетеньде жарияланғанға дейін өтінім материалдарын сараптама ұйымының сауал салуы бойынша немесе өз бастамасы бойынша толықтыруға, нақтылауға және түзетуге құқылы.

Тіркеу тәртібін, тіркеу туралы куәлік нысанын, онда көрсетілетін мәліметтер құрамын, сондай-ақ бюллетеньде жарияланатын мәліметтер тізбесін сараптама ұйымы белгілейді.

Құқық иеленуші болып табылмайтын топология авторына сараптама ұйымы оның авторлығын растайтын куәлік береді.";

6-тармақ алып тасталсын;

5) 15-баптың 1-тармағында:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, жоғары білімді және зияткерлік меншік саласында кемінде төрт жыл жұмыс өтілі бар, аттестаттаудан өткен және уәкілетті органда тіркелген Қазақстан Республикасының іс-әрекетке қабілетті азаматы патенттік сенім білдірілген өкіл болуға құқылы.";

бесінші, алтыншы бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

"Патенттік сенім білдірілген өкілге аттестаттау емтиханын ойдағыдай тапсырған кандидатқа патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігі беріледі, оның нысанын уәкілетті орган белгілейді. Патенттік сенім білдірілген өкіл ретінде тіркеу туралы мәліметтер Патенттік сенім білдірілген өкілдер тізіліміне енгізіледі.

Патенттік сенім білдірілген өкілдікке кандидаттарды аттестаттаудан өткізу және патенттік сенім білдірілген өкіл ретінде тіркеу үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленетін мемлекеттік баж алынады.".

10. "Әділет органдары туралы" 2002 жылғы 18 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 6, 67-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; № 24, 154-құжат; 2005 ж., № 7-8, 23-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 10, 52-құжат; № 13, 86-құжат; 2007 ж., № 2, 14, 18-құжаттар; № 5-6, 40-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 18, 143-құжат; 2008 ж., № 10-11, 39-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 15-16, 75-құжат; № 18, 84-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 128-құжат; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; № 5, 23-құжат; № 17-18, 111-құжат; № 24, 145, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3, 7-құжаттар; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 15, 118-құжат; 2012 ж., № 3, 26-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 10, 52-құжат; № 11, 61-құжат; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар; № 23, 143-құжат; 2015ж., № 20-IV, 113-құжат; № 22-II, 145-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2016г., № 7-I, 47-құжат):

1) 21-бапта:

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) уәкілетті органдарға, сондай-ақ мүдделі ұйымдарға зияткерлік меншікті сақтау және қорғау саласындағы ведомствоаралық үйлестіру және әдістемелік көмек;"

2) 7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) ресми тізілімдерде авторлық құқықты тіркеуді ұйымдастыру;"

3) 10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"10) патенттік іс саласындағы сараптаманы және ресми тізілімдерде авторлық құқықты тіркеуді жүзеге асыратын мемлекеттік ұйымдардың қызметін бақылау;"

4) 22-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"22-1-бап. Мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымдардың қызметіне, сондай-ақ тауар белгісін, қызмет көрсету белгісін, тауар шығарылған жердің атауын немесе фирмалық атауды пайдалануға мемлекеттік бақылау

1. Мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымдардың қызметіне, сондай-ақ тауар белгісін, қызмет көрсету белгісін, тауар шығарылған жердің атауын немесе фирмалық атауды пайдалануға мемлекеттік бақылау тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырылады.

2. Тексеру Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.";

5) 23-баптың 1-тармағының 8) тармақшасы алып тасталсын.

11. "Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 5, 42-құжат; № 15, 118-құжат; № 16, 129-құжат; № 17, 136-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 11, 16-құжаттар; № 4, 30, 32-құжаттар; № 5, 41-құжат; № 6, 43-құжат; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 95-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 2, 13-құжат; № 8, 50-құжат; № 9, 51-құжат; № 15, 82-құжат; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 2, 10, 12-құжат; № 4-5, 24-құжат; № 7, 37-құжат; № 12, 82-құжат; № 19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар; № 22, 131-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 11, 57-құжат; № 14, 72-құжат; № 19-I, 99-құжат; № 19-II, 103, 105-құжаттар; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 117-құжат; № 21-I, 124-құжат; № 21-II, 130-құжат; № 21-III, 135-құжат; № 22-II, 145, 148-құжаттар; № 22-VI, 159-құжат; № 23-II, 170, 172-құжаттар; 2016 ж., № 7-I, 47-құжат; № 7-II, 56-құжат; № 8-I, 62-құжат):

1) 134-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 28) тармақшамен толықтырылсын:

"28) зияткерлік меншік құқықтарын қорғау саласында жүзеге асырады.".

12. "Мемлекеттік сатып алу туралы" 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., № 23-II, 171-құжат; 2016 ж., № 7-II, 55-құжат; № 8-II, 72-құжат):

1) 2-баптың 28) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"28) тауарлар – нәрселер (заттар), оның ішінде жартылай фабрикаттар немесе қатты, сұйық немесе газ тәріздес күйдегі шикізат, электр және жылу энергиясы, зияткерлік

меншік құқығы объектілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сатып алу-сату мәмілелерін жасасуға болатын заттық құқықтар;"

2) 4-баптың 8-тармақшасындағы "сатып алу қағидаттарына негізделеді." деген сөздер "сатып алу;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

"9) сатылып алынатын тауарларда қамтылатын зияткерлік меншік құқықтарын сақтау қағидаттарына негізделеді.";

3) 21-баптың 4-тармағының 2-тармақшасындағы "шығыстарды көздеуге міндетті." деген сөздер "шығыстарды;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) егер қатысушының пікірі бойынша осы құқықтар сатып алынатын тауарға қатысты болса, зияткерлік меншік объектісіне айрықша құқықтарды растауды ұсынуды көздеуге міндетті.";

4) 39-баптың 3-тармағы 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) сатып алынатын тауарларға, көрсетілетін қызметтерге қатысты ерекше құқықтарға ие тұлғадан зияткерлік меншік объектілері болып табылатын тауарларды, көрсетілетін қызметтерді осы құқықтар расталған жағдайда сатып алу;"

2-бап. Осы Заң 2017 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін осы Заңның 1-бабы 2-тармағының 1) – 3) тармақшаларын, 5-тармағының 2) – 3) тармақшаларын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*